

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

7/2012 ШІЛДЕ

## МАЗМҰНЫ

<b>Тамыз мәслихатына тарту</b>	
Сайран БӨКЕНҰЛЫ. Марал ӘДІЛХАНОВА.	Білімді ұстаз - мәртебелі мұғалім.....3 Шығармашылық дербестік қалыптастыруда жазба жұмыстарының маңызы.....6
Күлшат ИБРАЕВА.	Белсенді танымдық қызмет - тұлғаны дамытудың маңызды факторы.....11
Айнұр ЖЫЛМАСОВА.	Интербелсенді құралдарды қолдану тиімділігі..15
<b>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>	
Гүлжиян ТҰЯҚҚАЛИҚЫЗЫ.	Сұрау есімдігі.....18
Бақытгүл ЕСТЕМЕСОВА.	Қаратпа сөз.....24
Күлбәну ДОСЫМБАЕВА.	Тіл дамыту: «Менің бос уақытым».....27
Гүлзада САҚТАҒАНОВА.	Лепті сөйлем.....30
<b>Шеберлік сыныбы</b>	
Кәмшат ИСАХАНОВА.	Сан есімнің сөйлемдегі қызметі.....32
<b>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</b>	
Әбдіманап ТАСБОЛАТ.	XIX ғасыр поэзиясындағы жемқорлар бейнесі.....35
Нүргүл ӘМІРГЕРЕЕВА.	Ежелгі дәуір әдебиетінен тест тапсырмалары..42

Үміт КӘРІБАЕВА.	Мұхтар Әуезов. «Көксерек».....	52
Айымгүл ЖОЛМАНОВА.	«Қараш-Қараш оқиғасы» - тарихи шындыққа негізделген көркем шығарма.....	56
Сара ӘМІРХАНОВА.	Нарманбет - сыршыл ақын.....	62
Бұлбұл ИСПАНОВА.	Азаттықты аңсаған ер.....	66
<b>Пәнаралық байланыс</b>		
Сая ДӘУЛЕТҚЫЗЫ, Айғаным ІЗТІЛЕУОВА.	Әдебиет пәнін география пәнімен кіріктіре оқыту.....	69
<b>Оқулыққа қосымша</b>		
Марат БЕКБОСЫНОВ. Рахат ЕЛУБАЕВА.	Абайдың орыс, батыс әдебиетіне баруы..... Махамбет, Шернияз поэзиясындағы сатира: дәстүр жалғастығы.....	75 80
Алтынжан ЖАМАУОВА.	<b>Әдеби кеш</b> «Данышпаны даланың, Сөзі - мұра ағаның...».....	84
Жанат ЕЛЕКБАЕВА. Аққу ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ.	Қадырдың қадірлі жырлары..... «Аспан астын аралар Қасым үні».....	88 92
<b>Сыныптан тыс тәлім</b>		
Ақбөпе НАУРЫЗБАЙҚЫЗЫ. Айнагүл ҚАЙЫРЛИЕВА. Бадиға ӘДЕТОВА.	Әдебиет көшбасшысы..... Құтты болсын әз Наурыз!..... Тілге құрмет – елге құрмет!.....	97 100 104
<b>Уақыт және әдебиет</b>		
Райса РАХМЕТ. Жанар НАЗАРБЕКҚЫЗЫ.	Қыз Жекей мен Қарасақал Ерімбет айтысының көркемдік деңгейі..... Тыныштықбек поэзиясындағы көркем сөз айшықтары.....	108 112
<b>Мұғалім шығармагерлігі</b>		
Кәмшат ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ.	Күнделік беттерінен... ..	116
<b>Жас маманға жәрдем</b>		
Клара ТӨЛЕПБЕРГЕНОВА. Айымжан МЕНДІХАНҚЫЗЫ. Дамира БАЛТАБЕКҚЫЗЫ. Нұрзат БАЙЖҰМАНҚЫЗЫ. Елмира МЕРГЕНБАЙҚЫЗЫ.	«Қыз Жібек» жыры..... Сөзжасамнан өткенді қайталау..... «Адам үшін еңбегім...»..... «Балықшы мен балық» ертегісі..... Жұбан Молдағалиев өмірі мен шығармашылығы.....	123 126 130 133 135
Әсем ТӨЛЕҒҰЛОВА..	Максат үстеуі.....	138
<b>Жас маман мінбесі</b>		
Ақмарал КЕҢЕСҚЫЗЫ.	«Ананың анасы» - аңыз.....	141

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

Сайран БӘКЕНҰЛЫ,  
Қарағанды облысының  
Қарқаралы ауданындағы  
№4 орта мектептің  
мұғалімі.

## БІЛІМДІ ҰСТАЗ – МӘРТЕБЕЛІ МҰҒАЛІМ

“Нағыз ұстаз өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті, сырт пішіні, киген киімімен де шәкіртіне жақсы мағынада қатты әсер етеді” деген Мәлік Ғабдуллиннің сөзінен көп нәрсе аңғаруға болады. Оқушының жақсы оқуына жақсы ұстаздың әсері мол. Мұғалім оқытып жүрген оқушысына әрқашан қамқорлық жасап, жаны ашып, өз перзентіндей көрмесе, олар сабақты оқымай қояды. Шәкірт 45 минут ішінде қызықты және пайдалы іспен шұғылдануы керек. Шәкірттің айналысқан ісінің қажет және пайдалы іс екенін сезінетіндей, түсінетіндей болса, бір нәтижеге бағытталғанын көруге болады. Біріншіден, оқушылардың сабақты нашар оқуының басты себебі – оқыту жұмысының сапасыз болуында. Әрбір пәнге сәйкес педагогикалық талаптардың дұрыс қолданылмауы – педагогтың әдіс-тәсілдерді меңгермегендігінің салдары болып табылады. Оның үстіне мұғалімдердің сабаққа алдын ала жақсылап даярланбай келуі. Дайындықсыз сабақ қашанда сапасыз нәтиже береді. Екіншіден, жан-жақты оқу үлгерімі жақсы балаға көп қоғамдық жұмыстар тапсырып, олардың сабаққа даярлануына уақыты жетпей, күнделікті сабақ бағдарламасына ілесе алмайды. Сондықтан оқушылардың қоғамдық жұмысын дұрыс ұйымдастыру керек. Қоғамдық пайдалы жұмысқа қатыстырам деп үлгермеушілердің

катарына қосып қойып жүрмейік. Қоғамдық жұмысшамадан тыс болмауы керек. Керісінше, білім деңгейі төмен оқушыларды қоғамдық жұмыстарға тарту қажет. Үшіншіден, мұғалім мен ата-ана арасындағы тығыз байланыс. Ата-ана өз баласына қамқорлық жағдайды өз дәрежесінде туғызбаса, бала сабаққа даярлана алмайды. Оқушының оқу құралдары, дәптері, қаламы, сөмкесі, кітабы, т.б. жабдықтары болмаса, үйінде жағдай (үстел, орындық, жарық, жылу) болмаса оқушының сабақты даярлауға мүмкіндігі болмайды. Осы жағдайларды жасай алмаудың да себептері бар екені белгілі: ата-ананың жұмыссыздығы, ішкілікке салыну, үйдегі ұрыс-керіс, т.б. Сынып жетекшісінің атқаратын жұмысының маңыздылығы осы тұста көрінеді. Төртіншіден, мұғалім сабақтың үстінде оқушының білім деңгейіне, денсаулығына, сабақ қабылдау қабілетіне, тіліне, психологиясына, еңбек дағдысының қалыптасуына баса назар аударып, оқушының қандай пәндерден қиналатындығын, үлгермейтіндігін есепке алып отырса, нашар оқитындар азаяды. Бесіншіден, мұғалім оқушының білімін үнемі қадағалап тексеріп отырмайды, тексеріле қалғанның өзінде оқушының нақтылы білімін жан-жақты сапалы саралап қарамайды. Сұрақтың өзін жалпылама беріп, ереже, анықтама, формула – барлығы жаттанды күйінде қалады. Уақытты тиімді бөле білмегендіктен сабақта орындалуға тиісті жаттығулар, есептер, тапсырмалар аз жүргізіледі. Содан барып оқушылар білгенін, жаңа материалды қаншалықты меңгергенін, үйренгенін іс-жүзінде жүзеге асыруға қиналады. Алтыншыдан, мұғалім оқушыларға үйге тапсырма беру мен оны тексерудің тәсілін, түрін ажыратып, оның көлемін, сапасын зерттеп берсе, оқушының дайындықсыз келуі төмендер еді. Жетіншіден, мұғалімнің жауапкершілігімен қатар мектеп әкімшілігінің басшылық-бақылауының дұрыс жүруінің әсері.

Мектеп әкімшілігінің дәстүрлі педагогикалық кеңесі,

директор жанындағы мәжіліс әдістемелік жұмыстардың білім сапасы немесе бала тәрбиесіне арналған баяндамамен ғана шектелмей, бұл отырыстардың жандануына түрлі әдістерді қолданғаны жөн. Бұл әдістер: дөңгелек үстел, диспут, пікір алмасу, т.б. Әр әдістемелік басқосуға алдымен ала тақырып дайындалып, әрбір отырысқа белгіленеді.

Мектебімізде бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі Хуатай Сайрагүлдің өткізген «Бастауыш сынып пен орта буын арасындағы сабақтастық» деп аталатын диспут тақырыбында қызу талқы мен ұтымды ойлар айтылды. Сол сияқты эстетикалық бағыттағы әдістемелік бірлестік жетекшісі Хизил Базаргүлдің өткізген «Жарқын мектеп – беделді ұстаз» атты педагогикалық кеңес отырысында ұйымдастырылған дөңгелек үстелде «Қазіргі таңда мұғалімнің қоғамда алатын орны қандай? Олардың кешегісі мен бүгінгісінің айырмашылығы неде? Жоғалтып алғанымыз бар ма әлде жетістікке жеттік пе?» деген сұрақтарға жауап берілді.

Сол мәдениеттің біздің мектепте қаншалықты сақталып жүргенін байқау мақсатында қазақ тілі пән бірлестігінің жетекшісі Абдрахманова Бақытгүл Қойшыбекқызының ұйымдастыруымен өткізілген «Мұғалімдердің сөйлеу мәдениеті» атты диспут та өте тартымды, қызу талқыда өтті. Осындай шаралар мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеуге, дәріптеуге ықпалы тиеді.

Оқушының жан-жақты жүйелі білім алуы – мұғалім, оқушы, мектеп әкімшілігі, ата-ананың бірлескен еңбегінің нәтижесі. Мұғалім бала өмірінде ерекше рөл атқарады, өйткені білім жолында мұғалімнің еңбегі зор. Ұстаз – бәрінен бұрын, тәрбиеші де. Ол оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі ұстанымын айнымастай берік сақтауы керек. Күнделікті сабаққа дайындалу үстінде шығармашылық жұмысын өрістетіп, білім нәрін оқушы санасына әр қырынан жеткізіп

отырса, мұғалім еңбегінің өтелгені.

Қазіргі заман мұғалімінің мәртебесі өздігінен келетін нәрсе емес, ол – көп еңбектенуден туындайтын күрделі мәселе. Егер мұғалім білімді де білікті болса, ол мәртебелі де болады. Оның мәртебелі болуына тек білім мен біліктілік қана емес, мінезі мен ел ішіндегі қадір-қасиеті де себепші болмақ. Ұстаздың сыншысы – алдындағы балалар. Көп ізденген, көп еңбектенген адамды олар біліп отырады. Сондықтан әр іске жауапкершілікпен қарау керек.

Біздің алдымыздағы жас буын өсіп келе жатқан жас шыбық сияқты. Жас шыбықтың түзу өсуіне жауап беретін бағбаны – мұғалім. Мұғалімнің алдында «Осы мен парызым мен қарызымды дұрыс атқарып жүрмін бе?» деген сұрақ тұруы заңды. Бұл ұлы сұрақ әрбір сабаққа кірер алдындағы мұғалімнің ойында тұруы қажет. Баланың артық бір секунд уақытын алуға, өзіміздің немкеттілігіміз бен немқұрайлығымызды көрсетуге қақымыз жоқ. Сонда ғана Қазақстан мемлекетінің болашағы бақытты, тірегі берік бола алады.



Марал ӘДІЛХАНОВА,  
АОКБА ҚДИ мемлекеттік тілді  
дамыту кабинетінің әдіскері.  
Ақтөбе қаласы.

## **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІК ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

Шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі қай кезде де ойшылдар мен ғалымдардың назарындағы нысан

болып келеді. Психологтар шығармашылық қабілетті дамытуды тұлғаны дамытудың ең басты тетіктерінің бірі ретінде қарастырады, өйткені шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі оның қайталанбайтындығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді.

М.И.Махмутов шығармашылықтың мынадай анықтамасын ұсынған: «Шығармашылық – эвристикалық қызмет, оның мәнін тез түсінуден, негізгі идеяны, ұғымның мәнін аңғара қоюдан, күтпеген жерден әрекет тәсілін тауып алудан тұрады. Шығармашылықпен ойлаудың белгісі үйреншікті нәрседен аулақтап, одан дер кезінде қол үзе білу, басқаша емес, солай ғана ойлау – әдет күшін жеңе білу».

Л.С.Выготский «Шығармашылық деп жаңалық ойлап табатын іс-әрекетті» атаған.

Қазақ тілі сабағында оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде жазба жұмыстарының маңызы зор. Жазба жұмыстары – оқушының іс-әрекетіне негізделген ой-өңбегі, шығармашылық ізденісінің жемісі, білімінің көрінісі.

Қазақ тілінде жазба жұмыстары арқылы шығармашылық жұмыстарға қол жеткізу – мұғалімнің де шеберлігін талап ететін өнімді ізденіс.

Қазақ тілінде жүргізілетін жазба жұмыстарының мақсатын А.Жапбаров төмендегіше көрсетеді: «Жазу жұмыстарын жүргізудегі басты міндет – шәкірттерді кітаппен жұмыс істей алуға, өздігінен іздене білуге, өмірден көрген, тұшынған мәселелерге байланысты пікірін дұрыс жеткізіп, ой-түсінігін, сезімдік әсерлерін нақты тұжырымдап жаза алуға үйрету болуға тиіс».

Тілді оқытуда жүргізілетін жазба жұмыстары оқушылардың жазылым әрекетін қалыптастырады. Осы әрекетті орындау үшін жазба жұмыстарының бірнеше түрлері қолданылады. Жазба жұмыстарының түрлеріне жаттығулар, түрлі мәтіндер, диктант, мазмұндама, шығарма,

т.б. жатады. Жазба жұмыстарының бұл түрлері өтілген әр тақырыптың ыңғайы мен мазмұнына сәйкес белгіленіп, оқушылардың теориялық білімдерін нығайту мақсатында жүргізіледі, яғни, жазба жұмыстары бұрын өтілген грамматикалық материалдарды оқушылардың санасына тұрақтандырып, ақыл-ой әрекеттері арқылы тиянақты меңгеруге бағытталады. Жазба жұмыстарының қай-қайсысы да тиісті сыныптың бағдарламасына, оқушының білім көлеміне, дағды деңгейіне сәйкестендірілетіні мәлім.

Оқушылардың шығармашылық әрекеті мен танымдық қабілеттерін арттыруда мәтіннің алатын орыны ерекше. Әдеби шығарманы оқып-үйренуде оқушы өзінің шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, сол оқыған туындысы негізінде ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Мәтіндерді оқу, талдау барысында оқушылардың оқиғаға қатысты өз ойларын жеткізулеріне, әңгіме кейіпкерінің қылықтарын бағалай білуіне, автордың оқиғаға қатысы, көзқарасы қандай екендігін анықтай алуына назар аударылуы тиіс.

Жаттығулар мақсатына қарай *тіл дамыту, тіл ұстарту, сөз мәдениеті құралдарын қолдану жаттығулары* деп, ал тапсырмалар сипатына қарай *ізденімдік, проблемалық және шығармашылық* болып бөлінеді. Тіл дамыту жаттығуларында оқушының ортологиялық дағдыларын дамыту көзделеді де, тіл ұстартуда оқушының өздігінен шешім жасауына бағытталған жаттығулар топтастырылады. Ізденімдік тапсырмалар дайын оқу материалдары негізінде оқушының шешім жасауын талап етсе, проблемалық және шығармашылық тапсырмалар оқушылардың ойлау, танымдық, қатысымдық қабілеттерін дамытуға бағытталады. Бұл жұмыстарда мәтіндерді редакциялау, мәтін бойынша өзгеше нұсқа құру, эссе, шағын шығарма жаздыру секілді жұмыстармен қатар жоба жасау, проблемалық жағдаяттарды



шешу, сөзжұмбақтар және т.б. әрекеттер қамтылады.

Жазба жұмыстарының ішінде оқушылардың өзіндік ойын, тілін қалыптастырудағы жұмыс түрі шығарма болып табылады. Ол – оқушылардың шығармашылық еңбегі. Шығарма жазуда оқушылардан сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, орынын тауып қолдануы, бір сөзді немесе бір ойды орынсыз қайталамауы талап етіледі. Оқушының шығарма жазудағы ой жүйесінің айқындылығы, сөз қолданысы, тіл көркемдігі де ескеріледі. Оқушыға шығарма жазғызудағы мақсат – оның ойын, пікірін әдеби тілмен жатық, сауатты жаза білуге және шығармашылық ізденіске баулу, логикалық ой өрісін кеңейтуге машықтандыру.

Шығарма – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Оқушыдан көркем шығарманы өзіндік ой-пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, әсерлі, көркем тілмен жүйелі баяндауы талап етіледі. Шығарма жұмысының қай түрі болса да – өте күрделі ой еңбегі, шығармашылық іс. Оқушының ақыл-ой қабілетін дамытып, белсенділігін арттыруда, оқушылардың шығармашылық қабілетін ұштауда шығарма жұмысының маңызы зор.

Көркем мәтінді меңгертуде жиі қолданылатын жазу жұмыстарының бірі – мазмұндама. Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылар оқыған мәтінді қабылдап, сол қабылдағандарын қайта жаңғыртуға тиіс және естерінде қалған мәліметтерді өз сөздерімен жазып беруге дағдыланады, сөз тіркесін құру, сөйлем құрау шеберлігіне жаттығады. Мазмұндама жазу арқылы бірқатар сөз тіркесі мен сөйлемдер, бейнелі сөздер оқушының есінде қалады, оқылған мәтінді қайта жаңғырту үшін сөздер мен сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыруға жаттығады.

Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылардың тілдік материалдарды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең бастысы – қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда мазмұндаманың мынадай түрлерін жүргізуге болады: *дайын мәтін бойынша мазмұндама, сурет бойынша мазмұндама, аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама.*

Мазмұндама – оқушының өз ана тілі мен әдебиетінен алған білімін тексерудің негізгі нысандарының бірі. Мазмұндама арқылы баланың өз ойын жүйелі баяндай білу қабілеті мен тіл байлығы, сауаттылық деңгейі айқын көрінеді.

Жазба жұмыстары оқушылардың танымдық белсенділіктерін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі. Жазба жұмыстарынан әр баланың өзіндік көзқарасы, эстетикалық және адамгершілік танымы, эмоциясы, пікірі, талдау, қорытындылау, салыстыра білу және одан қорытынды жасау қасиеттері байқалып тұруы қажет.

Қазақ тіліндегі жазба жұмыстарының қай түрі болмасын берілген білімді бекіту, қорытындылау, жинақтау, оқушы біліміне түзету жасау, тексеру мақсатында жүргізіледі. Оқушылардың шығармашылық әрекеті мен ойлау қабілеттерін дамытуда жазба жұмыстары пәндік білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға бағытталады.

Оқыту әрекетінде мұғалім мен оқушының тығыз байланыста болуы, мұғалімнің педагогикалық шеберлігін оқушы бойындағы табиғи мүмкіндіктерді ашуға, үйлесімді дамытуға бағыттауы, шығармашылық жағдай жасауы, оқушының өз тарапынан белсенділік, дербестік көрсетуі, өзіне деген сенімділігі арқылы ғана шығармашылық әрекет қалыптастыруға болады.

Адамның дүниетанымының негізі, рухани әлемінің бастауы саналатын ана тілін жаңа уақыт сұранысымен

үндестіре оқыту оқушының дара тұлғалық қабілеттерін жан-жақты дамытатын шығармашылық әрекетке келіп саяды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.И.Махмутов. Мектептегі проблемалық оқытуды ұйымдастыру. А., «Мектеп», 1981, 247-б.
2. Л.С.Выготский. Педагогическая психология. М., 1967.
3. А.Жапбаров. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. А., «Қаз.унив.», 1991, 128-бет.



**Күлшат ИБРАЕВА,**  
**«Қабанбай батыр атындағы**  
**орта мектебі мектеп жасына дейінгі**  
**шағын орталығы бар мемлекеттік**  
**мекемесінің» мұғалімі.**

Алматы облысы,  
Алакөл ауданы,  
Қазақстан ауылы.

## **БЕЛСЕНДІ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТ – ТҰЛҒАНЫ ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ**

«Бар ізгілік тек білімнен алынар, Білімнен аспанға жол салынар» деп Жүсіп Баласағұн жырлаған, ел болашағы – білімді ұрпақ. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына тікелей байланысты. «Келер ұрпақ алдында

зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы сөзі жай айтыла салған жоқ. Қазіргі кезде әр адамның болашағы оның алған білімінің сапасы мен көлеміне қарай сарапқа салынады. Оқу барысында қашанда баланың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту керек.

Ол үшін мен өз алдыма мынадай мақсаттар қоямын:

1. Алдымда отырған шәкірттерімнің әрқайсысын он жыл өткен соң қандай деңгейде көргім келеді?

2. Сол шәкіртімнің бойында қандай қасиеттер мен қабілеттер, ой-пікірлерді дамыту керек?

3. Ал осыны жүзеге асыру үшін нені біліп, нені пайдалануым керек?

Тегінде, баланы өздігінен жұмыс істеуге, өздігінен білім алуға үйрету – ең тиімді жол.

Бір сәт балаларыңызға қараңызшы. Үнемі қозғалыста, ізденісте. Оларға бәрі қызық! Әні қандай? Өлеңді қалай оқиды! Үнемі бірдеңелерді құрастырып жатқаны. Неге осы балаға бағыт-бағдар бермеске?!

Байқап қарасаңыз, бала – көбіне өз бетінше шығарма.

Қазақта «Адам баласы қиял мен сезімге берілсе, алынбайтын қамал жоқ» деген сөз бар. Баланың ойы ұшқыр. Осындай сәттерде балаларды табиғат аясына шығарып, бір сәт өлең, шығарма жазуға жұмылдыру керек. Сезімнен туған шығармалардың үздігін жас тілшілерге өңдетіп баспа беттеріне жіберу керек. Осындай дамыту жұмыстары арқылы мынадай нәтижеге жетуге болады:

# Оқушының танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту нәтижесі

Кез келген ақпаратты талдай отырып, ой көзімен зерделеуге үйренеді.	Мақсатты көздеу, соған жетуге тырысу, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады.	Оқушының ойы шыңдалып, өзіндік көзқарас қалыптасып, қиялы дамиды.	Өздеріндегі ақпаратты жаңа ақпаратпен салыстырып, тиімдісін қолдануға дағдыланады.	Оқушы шығармашылығында ізденіс қалыптасып, айқын да айшықты сөйлеуге дағдыланады.	Өмірді шынайы танытын, адамгершілігі мол, өзін де, өзгені де сыйлаған еркін ойлы азамат болып қалыптасады.
---	--	---	--	---	--

Орта мектепте оқытатын пәндер жүйесінде әдебиет пәнінің алатын орыны мен маңызы айырықша. Көркем туындыларды оқыту, түсіндіру, талдау барысында ұстаз әдеби білім беріп қана қоймайды, шәкірттерін адамгершілікке және әсемдікке тәрбиелейді.

Әдебиет сабағына да, әдебиетші ұстазға да қашанда үлкен талап қойылатыны белгілі. Әдебиет сабақтары тартымды, мазмұнды, шығармашылық сипатта өтуі үшін ұстаздың ұйымдастырушылық-дирижерлік қабілеті, жалпы орнықты кәсіби даярлығы, әдеби-теориялық терең білімі болуы қажет. Екінші жағынан, бұл талапты оқушыларға да қоятын, міндеттейтін кез-келген әбден жетті деп ойлаймыз. Әдеби-теориялық ұғымы, көркемөнер табиғаты жайлы тұрлаулы түсінігі, көркемдік-эстетикалық талғамы белгілі бір дәрежеде қалыптаспаған шәкірттер сабаққа селсоқ қарайды, қызықпайды. Оларға көркем туынды, ондағы түрлі тағдырлар, сан сала оқиғалар сондықтан да түсініксіз. Түсініксіз болған соң, әрине, қызықсыз.

«Эпос» дегенде тек батырлар жыры деп оны бір жақты түсінетін, лирикалық туынды (өлең) мен прозалық шығарманың өзіндік ерекшеліктерін ажырата алмайтын, өлеңді талдауға қиналыс танытып, «Әңгімені (повесті, романды) талда» десең мазмұнын айтатын

оқушылар бар.

Оқушыларға әдеби-теориялық ұғымдар беру, сынып жоғарылаған сайын бағдарламаға сәйкес ол ұғым-білімдерді жаңа материалдар негізінде әр қырынан толықтыра түсіп, шәкірттердің теориялық білімін жетілдіріп отыру – ұстаз міндеті, әдебиет сабақтарының басты мақсаттарының бірі.

Қазақ тілі сабағы оқушы үшін тек грамматикалық ережелер жаттайтын, қызықсыз жаттығуларды кұлықсыз орындататын пән қатарынан шығып, баланың ой-өрісін өсіріп, оған тілдің ұлттық мәдени мұра, тіршіліктің өзегі, танымның көзі екендігін сезіндіруі қажет.

Қазіргі таңда қазақ тілінен сабақ беретін ұстаздарға қойылатын талаптар өте жоғары. Соның бірнешеуіне тоқтала кетсек: *оқушылардың ауызекі сөйлеуін қалыптастыру; сөйлемді дұрыс құрастыру; мәтінді тыңдап түсіну; оқу жылдамдығы; жаңа сөздерді синоним, антоним арқылы түсіндіру; мұғалімнің теориялық, практикалық дайындығы; тілді оқытуда қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен байланыстыру; техникалық және көрнекі құралдарды тиімді пайдалану.*

Сабақтағы мәтінмен жаттығулар балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуінің маңызы зор. Пәнаралық байланыс, сабақтың өмірмен байланыстылығына мән беру қажет. Оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорларын молайту – әр сабақтың міндеті.



## ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық-құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастыра отырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Қазіргі уақытта тиімді білім беруде сабақ барысында интербелсенді құралдар қолданылуда. Интербелсенді құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.

Мұғалім сабағының мазмұны оқушылар үшін танымдылығы жағынан қызықты әрі жаңаша өтуі үшін өзінің бағалы уақытын қажетті материалдарды іздеу мен жүйелеуге жұмсайды.

Қазіргі таңда компьютер өмірдің барлық саласына кеңінен еніп отыр. Білім берудің ақпараттандыру үдерісі пән мұғалімдеріне жаңа ақпараттық технологияны жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды. Өз іс-тәжірибемде интербелсенді құрылғылардың қолжетерлік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі іс-шараларды қолданудың маңызы зор екенін байқадым: *1) оқушының дайындық деңгейін,*

ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту үдерісіне интербелсенді құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану; 2) оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық іс-әрекетін, психологиялық ойындар) сабақта жиі қолдану; 3) жаңа ақпараттық технология құралдарын пайдалану арқылы оқу үдерісінің материалдық-техникалық базасын жетілдіру.

Сабақ материалы Power Point презентациясы немесе мәтіндік ақпарат түрінде беріледі. Сонымен қатар материалдың құрамында кесте, диаграмма, сурет, басқарушы батырмалар, гиперсілтемелер болады. Түсіндіру барысында мұғалім тақтаның алдында тұрып жасырулы ақпаратты және нысандарды көрсете алады және өзгертуіне хұқылы. Интербелсенді тақтамен жұмыс істеу барысында жасалған файлдар белгілі форматпен сақталады әрі PDF форматында да сақтап, оқушыға элетрондық пошта арқылы жіберуге әбден болады. Мұғалімнің алдын ала дайындаған сабағы оқушының білімін, біліктілігін, дағдысын бақылауға бағытталған тапсырмаларды орындауға септігін тигізеді. Сабақтың барысында тапсырманы орындау бойынша ауызша түсіндіру жүргізіледі, интербелсенді тақтаны пайдалану арқылы теориялық материал семинар сабақпен байланыста жүргізіледі. Қажетті жағдайда мұғалім тақта арқылы сөздер, сөз тіркестерін, сөйлемдерді, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік бірліктердің қолданылуын көрсетіп түсіндіреді. Мұғалім оқушыны тақтаға шығарып, оған жеке тапсырма береді, оған қалғандарының көңіл бөлуі үшін бағыт береді және бақылап отыруына әбден болады.



Мұғалім алдыңғы сабақта өтілген материалды ашып, өткен сабақты қайталай алады. Мұндай әдістеме сабақтың екпінді түрде өтуіне мүмкіндік береді. Тақтада жұмыс істеген мұғалім мен оқушының орындаған іс-әрекеттерін есте сақтап, оны келесі сабақта қолдануына болады. Сонымен, интербелсенді тақта сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтап, қажетті ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Алдын ала дайындалған оқу материалдары презентациялар, мәтіндік ақпараттық нысандар сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді. «Интербелсенді экран» кешенін қолдану арқылы оқыту үрдісінде жаңа дидактикалық мүмкіншіліктерге жол ашады.

Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интербелсенді құралдарды пайдалану арқылы оқу-тәрбие үрдісін тиісті деңгейге көтеру мектеп ұсатздарының, басшыларының, педогогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз.

Компьютер және интербелсенді құралдар арқылы жасалып жатқан оқыту үрдісі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстармен заңдылықтарды табуға итермелеп, нәтижесінде өздерінің кәсіби қабілеттерінің қалыптасуына жол ашуы қажет. Бүгінгі таңдағы ақпараттық қоғам аймағында оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын педогогикалық технологияларды ғана тиімді деп санауға болады.

Интербелсенді құралдарды орынды қолдану оқыту сапасын жетілдіруге көп көмектеседі.

Гүлжиян ТҰЯҚҚАЛИҚЫЗЫ,  
Шәкір Жексенбаев атындағы  
жалпы орта білім беретін  
мектептің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Бөкей ордасы ауданы,  
«Ұялы» ауылы.

## СҰРАУ ЕСІМДІГІ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – сұрау есімдігі туралы оқушының білім өрісін кеңейтуге бағдар беру; **дамытушылық** – оқушының іздену, зерттеу, шығармашылық қабілеттерін өрістетуге, өлеңдердің, мәтіндердің мәнін аша отырып, терең ойлауға, жүйелі оймен көркем сөйлеуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – ақындардың өлеңдері арқылы адамгершілікке, ой алғырлығы мен тапқырлыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа тақырыпты меңгерту. **Әдіс-тәсілі:** ойқозғау, сын тұрғысынан ойлау, топтастыру, ойын, шығармашылық жұмыс. **Көрнекілігі:** кесте, топшамалар, гүл, өлеңдер, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, сурет.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру:** оқушылармен амандасу, түгелдеу, тренинг арқылы қызығушылығын ояту, топқа бөлу.

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

**Сағи Жиенбаевтың «Ертең» өлеңі.**

Тұрам ерте,

Шығам ерте үйімнен...

**Не қоям мен**

Мына қарқын, түріммен?

**Анау-мынау...**

Белгілі ғой **бәрі** де,

Қалатұғын не бар дейсің бүгіннен?!

Күндегі **осы...**

Күндегі **осы** тіршілік,

Жең сыбанып, кірісемін құлшынып.

**Анау- мынау...** бітіп еді әлгіде,

Тағы да бір «**анау-мынау**»... тұр шығып.

**Мұқағали Мақатаевтың** «Аспан – анау, мынау – бақ»

өлеңі.

Аспан – **анау, мынау** – бақ,

Аспанда – бұлт, бақ жадау.

Мамық ұшты қылаулап,

Қыс та келіп қалған-ау.

Мәтіннен есімдіктерді таптырып, еске түсіріп, сұрақ-жауап арқылы үй тапсырмасын тексеру.

1. Есімдіктерді **неге** орынбасар сөздер дейміз? 2. Есімдіктер мағынасына қарай **неше** топқа бөлінеді? 3. Жіктеу есімдігі деп **қандай** есімдікті айтамыз? 4. Сілтеу есімдігі деп **қандай** есімдікті айтамыз? 5. Сілтеу есімдігі мағынасына қарай **нешеге** бөлінеді? 6. Сілтеу есімдігі **қандай** мағынада тұрғанда жалғау қабылдамайды? 7. Сілтеу есімдігі **қандай** мағынада келгенде септеледі, тәуелденеді көптеледі?

### **III. Жаңа сабақ. Сұрау есімдігі.**

- Балалар, мен сендерден үй тапсырмасын сұраған кезде сұрақтар қою арқылы сұрадым. Менің бұл сұрақтарды қоюдағы мақсатым не? Әрине, жауап алу мақсатында қойдым. Міне, балалар, жауап алу мақсатымен сұрау мақсатында қойылған барлық сұрақтар **сұрау** есімдігі деп аталады екен.

Сұрау есімдігі барлық сөйлем мүшесі қызметін атқарады және зат есім, зат есім орнына қолданылатын (заттанған)

сөздерге қойылатын кейбір сұрақтарға көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары қосылады.

Кімім, кімдер, кіммін, кімге, кімнің, т.б.

Мысалы: **Кімнің** соңынан ерсең,

Соның сойылын соқ.

Бала (**кім?**) шешесі шығып кеткен соң демін алып, (**кімге?**) сынықшыға сыбырлап айтты дейді:

- Ауырмақ түгілі жаным көзіме көрініп тұр, (**кімнің?**) менің жанымның қиналғанын көрсе, (**кім?**) шешем де қиналып жүдемесін деп шыдап жатырмын,- деді. (Ыбырай Алтынсарин).

### Поэзия минуты.

I топ. Қадыр Мырза Әлидің «Ұя» өлеңінен есімдіктерді тауып, өлеңнің мағынасын ашу.

Алшы, көкем, ұғынып:

Жүре көрме бүлініп,

Ұя деген – мейірім,

Ұя деген – жылылық.

Қиядағы бүркітті

**Қандай** пәле үркітті?!

**Кім** болсаң да, бауырым,

Ұя керек бір құтты!

Оны **қалай** қиясың?

Қисаң, **қайда** сиясың?

Бұзған бала оңбайды

Қарлығаштың ұясын!

II топ. «Мен боламын ғарышкер» (диалог түріндегі өлең).  
Есімдіктерді табу.

- **Қай** баласың?

- Мұсамын.

- **Қайда** барасың?

- Ұшамын.

- **Не** іздейсің сен аспаннан?

- Күнге жетсін құшағым.
- Шырағым-ау, күйесің ғой,  
Ата-анаңа көп қайғы үйесің ғой.
- Қорқытпайды алыс жер,  
**Мен** боламын ғарышкер.  
Жұлдыздарға жетемін,  
Атамды ала кетемін.

«Гүл құрастыру» ойыны. Әр топқа мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ, өлең жолдары, сөйлемі бар деңгейлік тапсырмалар жазылған топшамалар үлестіріледі. Осы тапсырмалардағы түсіп қалған есімдіктерді тауып қойып, бес күлтелі гүлді құрастыру керек. Дұрыс жауап беріп, гүлді толық құрастырған топқа бестік деген баға қойылады

I топ тапсырмалары:

**1-тапсырма.** Берілген мақалдың ішіндегі түсіп қалған есімдікті тауып мақалды толықтыр.

..... салар да ..... салар,

Атқа жемді..... салар! *(Сен, мен, кім)*

**2-тапсырма.** Берілген мақалдың ішіндегі түсіп қалған есімдіктерді тауып, мақалды толықтырындар, есімдікті мағынасына қарай ажыратындар.

..... тұрыпсыз тікейіп,

..... тұрыппыз тікейіп,

Жерге түскен қамшыны

..... алады еңкейіп? *(Сіз, Біз, Кім)*

**3-тапсырма.** Берілген өлең жолдарының ішіндегі түсіп қалған есімдіктерді толықтырып, есімдікті мағынасына қарай ажыратындар.

«Шеге қағу» өлеңі.

..... қағу?

..... қағу?

Үлкен өнер – шеге қағу.

Сотқарыңның бірі – балға,

Саусағынды ұрып алма! (Қадыр Мырза Әли) (Қайда, Неге,)

**4-тапсырма.** Берілген сөйлем ішіндегі түсіп қалған есімдіктерді толықтырып, есімдікті мағынасына қарай ажыратыңдар.

..... сырдың астарын ұқтыңдар ма? Ұқсаңдар ..... барладыңдар? Осы сынның асуы ..... ? (Софы Сматаев).  
(*Мына, қалай, қандай*)

**5-тапсырма.** Берілген жұмбақтағы тиісті есімдікті қойып, жауабын шеш.

.... күнді күзетеді,  
Күн ..... түзетеді. (*Ол, оны*)  
Шешуі: Күнбағыс.

II топ тапсырмалары:

**1-тапсырма.** Берілген мақалдың ішіндегі түсіп қалған есімдікті тауып мақалды толықтыр.

« ...-... » деген жылы сөз –  
Тіршіліктің ғанибеті. (*Сіз-біз*)

**2-тапсырма.** Берілген сөйлем ішіндегі түсіп қалған есімдіктерді тауып, сөйлемді толықтыр, есімдікті мағынасына қарай ажыратыңдар.

..... бір үлкен ноқат – біздің үй тұрған жер. (Ғ.Сланов).  
(*Мына*)

**3-тапсырма.** Берілген жаңылтпаш ішіндегі түсіп қалған есімдіктерді толықтырып, есімдікті мағынасына қарай ажыратыңдар.

..... арал ..... арал?  
Қайыңды арал, талды арал. (*Анау, қай*)

**4-тапсырма. Қызық ұқсастық.** Жіктеу есімдігінің I және II жақ сыпайы түрінің жіктелуін естеріңе түсіріңдерші: I жақ *бізбіз*, II жақ *сізсіз*. Екеуінде де ұқсас буындар қайталанып келіп тұрғанын байқайсыңдар ма? Ал құс атын білдіретін екі буынды бір сөздің екі буыны да бірдей сілтеу есімдігінен

тұратын қызық ұқсастық жасайды. Оны өзің тауып айт.

(Бұлбұл)

**5-тапсырма.** Бұл қай есімдік? (жұмбақ сұрақ)

Етікші аспабының бірімен ұқсас есімдік – есімдіктің қай түрі? (Біз)

#### IV. Сабақты бекіту.

«Семантикалық карта» көмегімен есімдіктердің мағынасына қарай топтау

№	Түрлері		Жіктеу есімдігі	Сілтеу есімдігі	Сұрау есімдігі
	Мысалдар				
1	Бұл			+	
2	Мен		+		
3	Неше				+
4	Осы				
5	Осынау				
6	Кім				
7	Қай				
8	Сонау				
9	Сіз				
10	Мынау				
11	Қашан				
12	Мінекей				
13	Сол				
14	Олар				
15	Әне				
16	Ол				
17	Нешінші				
18	Міне				
19	Сен				
20	Кімге				

**V. Бағалау.** «Гүл құрастыру» ойынында гүлдің күлтелерін толық жапсырып, сабақтың барлық бөліміне белсене қатысып, гүлдің күлтелерін, сабағын, үш жапырағын иеленген топ оқушылары «5» деген баға, ал бір жапырағы кем оқушылар «4» деген баға, қалғандарына «3» деген баға қойылды.

**VI. Үйге тапсырма.** Жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін қатыстыра отырып шағын ертегі жазу.

## ҚАРАТПА СӨЗ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** 1) қаратпа сөз ережесін түсіндіру, пысықтау үшін сөйлемдер орындату, білім-біліктілік дағдыларын бекіту; 2) оқушылардың көркем әдеби тілін, танымдық көзқарасын, логикалық ойлау, тыңдау қабілетін дамыту, жүйелі сөйлеу мен өз ойын сауатты баяндауға үйрету; 3) адамгершілік қасиеттерді бойға дарытуға, табиғатты сүйуге, тілді құрметтеуге, өнерді бағалауға, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа білімді меңгерту, бекіту. **Типі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, салыстыру, сипаттау, ойша саяхат, ойтолғау, іздендіру. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, логика, тарих.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру:** а) түгелдеу; ә) сабаққа әзірлік жүргізу.

**Үй тапсырмасын пысықтау.** Өтілген материалды қайталау.

Сұрақтар қою.

Оқшау сөздер дегеніміз не?

Үлестірме қағаз тарату. Үш оқушыдан сабақ сұрау.

**Жаңа сабақты түсіндіру.** Мұғалім сөзі.

Поэзия минуты (Қаратпа сөз)

*Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,*

*Қанатың қатты, мойның бос.* (Махамбет).

*Мұхит, орман, жел, дауыл, үніңді қос.* (Әбділда Тәжібаев).



Поэзияда сөз тек адамға ғана емес, жан-жануарға да, табиғаттағы жансыз заттарға да қаратылып айтылады.

Қаратпа сөз.

Сөйлемнің мазмұны кімге, неге арналып айтылып тұрғанын, біреудің назарын аударту үшін айтылатын сөз.

### **Қаратпа сөздің өзіндік белгілері:**

1. Қаратпа сөз атау тұлғада тұрғанмен оның сұрағына жауап бермейді. *Әбіш аға, оныңыз рас қой.*

2. Қаратпа сөз сөйлемдегі басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді. *Қарағым, мен жалған сөз айтқан жоқпын.*

3. Қаратпа сөз сөйлемдегі басқа сөздерден интонация арқылы оқшауланып тұрады. *Ей, Аққу, сәлем деші жолыққанда!*

4. Қаратпа сөзі бар сөйлемнің бастауышы көбіне айтылмай, жасырын тұрады. *Әже, шақырттыңыз ба? (Сіз)*

5. Қаратпа сөз жалпы есімдермен де, деректі, дерексіз есімдермен де жасала береді. *Домбырам, күйлер қоссын пернелерің!*

### **Қаратпа сөздің тыныс белгісі.**

Қаратпа сөз сөйлем басында келсе, үтір қаратпа сөзден кейін қойылады. *Азамат, жүнжіме, жүрме бос!*

Қаратпа сөз сөйлем ортасында келсе, үтір қаратпа сөздің екі жағынан қойылады. *Қане, балапаным, қолыңды бер!*

Қаратпа сөз сөйлем соңында келсе, үтір қаратпа сөздің алдында қойылады. *Талпынып көкке құлаш серме, көңілім!*

Ауызша орындау: логикалық ойлау қабілетін дамыту.

*Тәуелсіздіктің 20 жылы (байланыстыру).*

Сандар сөйлейді: 1986 жыл жайында сөйлеу.

16 желтоқсан. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіздігі жарияланды. Тәуелсіз Қазақстан! Бейбітшіліктің, жасампаздықтың 20 жылы. 1991-2011 жыл – 20 жыл.

1-топ: Туды суреттеу. 2-топ: Елтаңбаны суреттеу. 3-топ:

Әнұран айту.

### Тақтамен жұмыс.

1. Сөйлемдерді мағынасын аша отырып талдау.

Жазылған сөйлемдерді екі қатарға ілу.

*Япыр-ай, Абайжан-ай, көптің көңілінде жүрсе де ауызы бармайтын сөзін айттың-ау! Шеше, суыңыз бар ма?*

*Болатбек, сен де сөйлейсің бе бүгін? Абай, осы сен ақынсың-ау!*

### Сабақты қорыту. Тест.

1. Қаратпа сөз белгілі бір сөйлем мүшесінің қызметін атқарады ма?

- а) бастауыш; ә) баяндауыш; б) толықтауыш;
- в) сөйлем мүшесінің қызметін атқармайды;
- г) пысықтауыш.

### 2. Оқшау сөзді көрсетіңіз.

- а) үстеу; ә) шылау; б) шырай;
- в) қыстырма; г) жалғаулық.

3. Оқшау сөздер кездескенде сөйлемде қандай тыныс белгісі қойылады?

- а) нүкте; ә) нүктелі үтір; б) қос нүкте;
- в) тырнақша; г) үтір.

4. Қаратпа сөз сөйлемнің ортасында келсе, екі жағынан қандай тыныс белгісі қойылады?

- а) нүкте; ә) үтір; б) қос нүкте;
- в) тырнақша; г) нүктелі үтір.

### 5. Сөйлемнен қаратпа сөзді тап.

а) Әпке, сізге бірдеңе айтайыншы.

ә) -Ойпырым-ай, сонда демалмайсыздар ма?

б) Шынында, бұл – ойланатын жұмыс екені рас.

в) Ізденіс түбі – жеңіс.

г) Ойбай, Жақа-ау!

**Үйге тапсырма:** ереже жаттау; «Менің мақтанышым – Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбына шығарма жазу.

# ТІЛ ДАМУЫ: «МЕНИҢ БОС УАҚЫТЫМ»

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – электрондық оқулық бойынша Абай мұражайын көрсету, етістіктің шақтарын, оның жіктелуін қайталау; **дамытушылық** – тапсырмалар орындау арқылы сөздік қорын, логикалық ойлау қабілеттерін, ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту; **тәрбиелік** – іс-әрекет, мақсатқа жету әдіс-тәсілдерін таңдай білуге, өзін-өзі бағалай білуге, еңбектенуге, бірін-бірі тыңдай білуге, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын бағалай білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** тіл дамыту сабағы. **Әдіс-тәсілі:** қайталау, сұрақ-жауап, салыстыру, тест. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих, музыка. **Техникалық құрал:** интерактивтік тақта, электрондық оқулық (15 мин.). **Көрнекілігі:** парақшалар.

**Сабақтың барысы.**

**1. Ұйымдастыру:** а) амандасу; ә) түгелдеу; б) оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

Қазақ тілі – күрделі пән

Сан салаға жіктелген.

Сол саланы меңгеру

Оқушыға жүктелген. (Оқушылар жатқа айтады).

- Ал, балалар, экранға назар аударайық.

Өлең – «Жазғытұры» («Мәнерлеп оқу»). Көру, тыңдау).

Не тыңдадық? Осы өлеңді кім жазды? Бұл өлең не туралы? Қай жыл мезгілі туралы? Көктемде ауа райы қандай болады?..

- Балалар, бір аптадан кейін сендер көктемгі демалысқа шығасындар. Сендер бұл уақытта не істейсіңдер?..


- Ал бұлардың барлығын біз қай кезде істейміз?

- Ендеше, бүгінгі біздің тақырыбымыз – «Менің бос уақытым».

- Балалар, бүгінгі біздің сабақтың мақсаты қандай деп ойлайсындар?

(Бос уақытты қалай өткізу туралы әңгімелеу, тапсырмалар орындау, сұрақтарға жауап беру...)

- Олай болса, сөздерді қайталайық.



(Диктордан кейін бірге қайталау).

Оқушылар бос уақытында не істейді? Адамдар қайда барады? Сендер мұражайға барғыларың келе ме?..

Бүгінгі сабағымызда қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы мұражайына саяхат жасап көрейік (Слайдтар көрсету).

- Абай мұражайынан нені көрдіңдер? (домбырасын, ыдыстарын, сағатын, тоғызқұмалақ пен дойбыны...)

- Сендер Абай туралы тағы не білесіңдер? (гуманист, философ, сазгер, күйші...)

- Ал сен, Мәдина, кітап оқисың ба?..

- Кім «Оқимын» сөзін жіктейді? (ауызша орындату)

(Осы шақ. Келер шақ. Өткен шақ бойынша сөздерді дәптерге, тақтаға жіктеу).

**Сергіту сәті.** Тұрып, аздап демалайық.

Тербеледі ағаштар,  
Алдымнан жел соғады.  
Кіп-кішкене ағаштар  
Үп-үлкен боп өседі.

- Тапсырма орындауға кірісейік. Мәтінді оқып, 1-тапсырманы орындайық.

### **Менің бос уақытым**

Әлия үстелдің жанында кесте жазып отыр. Бөлмеге Аяң кіреді.

- Әлия, сен не істеп отырсың?

- Бос уақытымның кестесін жазып отырмын.

- Сонда қалай? Сабақ кестесі сияқты бос уақытыңның да кестесін жасайсың ба?

- Иә, бос уақытты да дұрыс пайдалану керек.

- Аптаның барлық күндеріне кесте жасайсың ба?

- Әрине. Дүйсенбіде кітапханаға барамын. Сейсенбіде шахмат клубына барамын. Сәрсенбіде дүкен аралаймын. Бейсенбіде мұражайға барамын. Жұмада кесте тігемін. Сенбіде шешеме көмектесемін. Жексенбіде достарыммен серуенге шығамын.

- Әлия, мен сенімен келісемін, енді мен де бос уақытымның кестесін жасаймын.

- Бүгінгі сабақты тест арқылы қорытындылайық.

(14-15 дұрыс жауап – «5», 11-13 – «4», 7-10 – «3», 1-6 – «2»).

- Бүгінгі сабақта кім өте жақсы қатысты деп ойлайсыңдар?.. Асанәлі, сенде қандай қиындықтар кездесті? Қиындықты жеңу үшін не істеу керек?..

**Үй тапсырмасы:** «Менің бос уақытым» тақырыбы бойынша шағын әңгіме жазу.



# ЛЕПТІ СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

**Мақсаты:** 1) лепті сөйлемнің мағыналық түрлерін, жасалу жолдарын, интонациялық ерекшелігін ұғындыру; 2) мәтінді талдау дағдыларын жетілдіру, шығармашылық жұмысқа баулу, ой қорытындысын жасауға үйрету; 3) тілге деген құрметін арттыру. **Типі:** аралас сабақ. **Әдісі:** мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, талдау, ой қорыту, «Сөйлем сазы» ойыны. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, тірек сызбалар, оқулық. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

**Сабақ барысы.**

**Ұйымдастыру. Үй тапсырмасын сұрау.**

Оқушылар сұраққа жылдам жауап беру керек.

1. Сөйлем дегеніміз не? Оның түрлері. 2. Хабарлы сөйлемнің тәсілдері мен түрлері. 3. Хабарлы сөйлемнің интонациялық ерекшелігі. 4. Сұраулы сөйлем. Оның түрлері. 5. Сұраулы сөйлемнің жасалу жолдары. 6. Сұраулы жолдардың интонациялық ерекшелігі.

**Жаңа сабақ.**

- Балалар, ең алдымен, тақтадағы мысалға назар аударайық. Сөйлемді оқып, қандай мағынаны білдіріп тұрғанын ажыратайық.


1. Тұр орныңнан! (бұйыру) 2. Алақай, әжем келе жатыр! (қуану) 3. Қазақстанның Тәуелсіздігі жасасын! (ұран) 4. Өттеген-ай! – деді Марал (өкініш) 5. Шіркін, кең жайлауда болсам ғой! (тілек, аңсау) 6. Түү, сіз қызық адам екенсіз! (ренжу) 7. Құдай-ау! Ол бүгін келмеді-ау! (шошу)

Лепті сөйлемнің ережесін мысалдарды талдай отырып шығару.

Адамның ерекше көңіл күйі мен ішкі сезімін білдіретін сөйлемді лепті сөйлем дейміз.

## I. Тірек сызбамен жұмыс.

### 1. Лепті сөйлемнің мағыналық түрлері



### 2. Лепті сөйлемдердің жасалу жолдары:

- 1) Сөйлемнің етістік формалары арқылы жасалады.
- 2) Сөйлемде **ақ, ау, ғой, ай** шылауларының қатысуымен жасалады.
- 3) Көңіл күйді білдіретін одағай сөздерінің қатысуымен жасалады.
- 4) Көтеріңкі дауыс ырғағы арқылы жасалады.

### 3. Лепті сөйлемдердің интонациялық ерекшеліктері:

**Тапсырма.** Лепті сөйлемнің жасалу жолына байланысты бір-бір мысал айтқызу.

**II. Оқулықпен жұмыс. I топ:** 24-жаттығу. (ауызша)

**26-жаттығу:** II топ.


**III топ. Шығармашылық тапсырма.**

Абайды психологиялық тебіреніске түсірген осы бір сәтті жеткізетін сөйлемдерді аяқтап көріңдер. (Оқушы жұмыстары тексеріліп, ережелер айтылады).

Жалпы сыныпқа – 25-жаттығу.

**III. «Сөйлем сазы» ойыны.** Ойынға қатысушылар хабарлы, сұраулы, лепті сөйлем болып топқа бөлінеді. Әр топ әдебиет оқулығынан мәтінді сазына келтіріп оқиды. Мәнерлеп оқулары тексеріледі әрі ережелер қайталанады.

### IV. Бекіту кезеңі. «Топтастыру» стратегиясы.



### V. Үй тапсырмасы: 27-жаттығу.

Кәмшат ИСАХАНОВА,  
«Алғабас ауылындағы  
орта мектеп мектепке дейінгі  
шағын орталықпен» мемлекеттік  
мекемесінің мұғалімі.  
Алматы облысы.  
Қарасай ауданы.

# САН ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушыларға сан есімнің сөйлемдегі қызметін меңгерту, өткен сабақтармен байланыстыру, сөйлем ішіндегі сан есімнің қызметін дұрыс табуға, оқушының өзіне талдату арқылы өздігінен қорытынды шығарту; **дамытушылық** – оқушылардың дүниетанымын, ой-өрісін кеңейту, өз бетімен әрекеттенуге дағдыландыру, сөйлеу тілін, сөйлеу мәдениетін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды ұжымдасып еңбектенуге, мағынасы арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.

**Типі:** жаңа білімді меңгерту. **Түрі:** сатылай кешенді талдау. **Әдісі:** талдау, сұрақ-жауап, жаттығу. **Көрнекілігі:** үлестірме қағаздар, компьютер, сызбалар. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

## Сабақтың барысы.

**I. Ұйымдастыру:** оқушыларды түгелдеу; назарын сабаққа аудару.

**II. Үй тапсырмасын сұрау.** Сан есімнің түрленуі, 86-жаттығудың дұрыс орындалуын тексеру.

## III. Жаңа сабақ.

Бүгінгі сабақта нені білуіміз керек?

Сан есімнің сөйлемдегі қызметі.



## Сан есімнің сөйлемдегі қызметін сатылай кешенді

### талдау:

1. Сан есім заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретіндіктен сөйлемде **анықтауыш** болады. Мысалы: Үйіндегі *бес-алты* қойы қорасында екен.

2. Сан есім жіктеліп келіп немесе көмекші етістіктермен тіркесіп келіп **баяндауыш** болады. Мысалы: Сен үйдің *бесіншісісің*.

3. Сан есім атау септікте тұрып **бастауыш** болады. Мысалы: *Отыз* онға бөлінеді.

4. Сан есімдер септік тұлғасында да, септелмей де етістіктің алдында келіп **пысықтауыш** болады. Мысалы: Біз *екі-екіден* бөліндік.

5. Сан есім барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің бірінде келіп **толықтауыш** қызметін атқарады. Мысалы: *Екеуінен* үйренгенің саған жетеді.

**IV. Сабақты бекіту.** Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – он саулық, үшінші байлық – ақ жаулық (мақал).

*Үшінші* сөзінің лексика-грамматикалық мағынасына және сөйлемдегі атқаратын қызметіне сатылай кешенді талдау:

1. Бұл сөз екі құрамнан тұр: **үш+інші**

2. Тұлғасына қарай: а) **Үш – негізгі түбір.**

ә) **Үшінші – туынды түбір.** Себебі синтетикалық немесе морфологиялық тәсіл арқылы негізгі түбірге сөз тудырушы (**-інші**) жұрнағының жалғануы арқылы жасалған туынды сөз.

3. Құрылысына қарай: **дара.** Себебі бір ғана негізгі түбірден тұр.

4. Сөзде бір лексикалық, бір грамматикалық мағына бар.

5. Лексикалық мағынасы заттың саналу ретін білдіріп тұр.

6. Грамматикалық мағынасы – лексикалық мағынаның жалпылануынан жасалған жалпы грамматикалық мағына

(сан есім).

7. **Үшінші** нешінші деген сұраққа жауап береді. Ендеше, бұл – сан есім. **Сан есім дегеніміз** – заттың санын, мөлшерін, ретін білдіріп, қанша, неше, нешеу, нешінші тәрізді сұрақтарға жауап беретін сөз табы.

8. Мағынасына қарай: **реттік сан есім**. Себебі заттың саналу ретін білдіріп, сөйлемде анықтауыш болып тұр.

9. **Үшінші** сөзінің сөйлемдегі қызметі – анықтауыш. Себебі *үшінші* сан есім заттың ретін білдіріп, сөйлемде анықтауыш болып тұр.

9.1. Сан есім заттың санын, мөлшерін, ретін білдіретіндіктен сөйлемде **анықтауыш** болады. Сан есім ілік септікте заттанып тұрып та анықтауыш бола береді.

9.2. Сан есім жіктеліп келіп немесе көмекші етістіктермен тіркесіп келіп **баяндауыш** болады.

9.3. Сан есім атау септікте тұрып **бастауыш** болады.

9.4. Сан есімдер септік тұлғасында да, септелмей де етістіктің алдында келіп **пысықтауыш** болады.

9.5. Сан есім барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктердің бірінде келіп **толықтауыш** қызметін атқарады.

9.6. Сан есім зат есіммен я қатыстық сын есіммен тіркесіп келіп сөйлемнің **күрделі мүшесі** қызметін атқарады.

**90-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріп жазып, сан есімдер қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын астын сызу арқылы көрсетіңіздер (Оқулықпен жұмыс).

**V. Бағалау.** Оқушылардың сабаққа қатысу ынтасын ескере отырып тиісті бағаларын қою.

**VI. Үйге тапсырма:** 91-жаттығу. Мәтінді оқып шығып, құрамындағы сан есімдерге сұрақ қойыңыздар, қай мүше екенін, қандай сөзбен тіркескенін айтыңыздар.

**Жүзден біреу – шешен, мыңнан біреу – көсем** (мақал). Сөйлемдегі *мыңнан* сөзіне сатылай кешенді талдау жасаңыздар.

Әбдіманап ТАСБОЛАТ,  
№4 дарынды балаларға арналған  
мамандандырылған мектеп-  
интернатының мұғалімі.  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Сарыағаш ауданы.

## XIX ҒАСЫР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЕМҚОРЛАР БЕЙНЕСІ

*(Қоғамдық-гуманитарлық бағыт, 10-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – көркем шығарма арқылы заман мен адам келбетін таныту, XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының сыншылдық, шыншылдық болмысын бағамдап, талдап таразылау негізінде әдебиеттің өмір танытқыштық және тәлім-тәрбиелік сипатын сезіндіру; **дамытушылық** – әдеби образды жан-жақты талдай отырып, оқушының танымдық-ізденушілік деңгейін, тіл және ой құнарлылығын арттыру, өзіндік көзқарасын қалыптастыру, ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – әдеби туындының тағылымдық табиғатынан үлгі-өнеге алуға дағдыландыру, адамгершілікке, шыншылдыққа, ел қамын өз қамынан биік қоя білуге баулу.

**Типі:** қорыту-жинақтау. **Түрі:** аралас (ізденіске құрылған талдау сабағы). **Әдіс-тәсілі:** проблемалық, топтастыру, жинақтау, ой бөлісу, зерттеу, мәнерлеп оқу, ой толғау, салыстыру, т.б. **Технология:** Қанипа Бітібаева технологиясы, Нұрша Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясы. **Көрнекілігі:** слайдтар, сызбалар, интерактивті тапсырмалар, ұнтаспа, электронды оқулық. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, география, қоғамтану.

**Алдын ала іздену үшін ұсынылған әдебиеттер:** 1) Б.Омарұлы. Зар заман әдебиеті. Монография (генезис, типология, поэтика). Астана, «Елорда», 2005; 2) З.Қабдолов. Сөз өнері. Екі томдық таңдамалы шығармалар. II том. А., «Жазушы», 1983; 3) Дулат Бабатайұлы. Тұнық тұма. А., «Раритет», 2002; 4) Бес ғасыр жырлайды. II том. А., «Жазушы», 1984; 5) Әдебиеттану. Мектеп оқушыларына әдебиетті тереңдетіп оқытуға арналған көмекші құрал (Құрастырушылар: Ә.Дайырова, Қ.Бітібаева, С.Мақпырұлы, Г.Құрманбаева). А., «Мектеп», 2003); 6) Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев). А., «Ана тілі», 1998); 7) Нар заман мен зар заман поэзиясы. А., «Раритет», 2002.

### **Сабақтың жүрісі.**

**Ұйымдастыру:** оқушыларды түгелдеу, зейіндерін сабаққа аудару, сабақ құрылымымен таныстыру. Өзін-өзі бағалау парақтарын тарату.

### **Үй тапсырмасын тексеру.**

*Мұғалім – бағыттаушы, ой қозғаушы.*

*Оқушы – ізденуші, білгенін ортаға салушы.*

**Мұғалімнің кіріспе сөзі:** – Балалар, бұл сабағымызда XIX ғасырда өмір сүрген бірқатар ақындарымыздың әдеби мұрасы қарастырылады. Білгендерімізді қорытып жинақтау арқылы көркем бейнені, әдеби туындыны талдаймыз. Өздеріңе алдын ала әдебиеттер тізімі ұсынылып, зерттеу-іздену жұмыстарын жүргізу тапсырылған болатын. Сабағымызға «*XIX ғасыр поэзиясындағы жемқорлар бейнесі*» деген тақырыпты арқау етуіміз де тегін емес.

Жалпы, бүгінде Елбасының өзі бас болып ымырасыз күрес ашқан «жемқорлық» деген пәлеге қашан, қайдан тап болдық деп ойлайсыңдар? Ол XIX ғасыр поэзиясында қалай көрініс тапты?

**Танымдық-ізденімділік** блогы бойынша мынадай

тақырыптар төңірегінде ой өрбіту ұсынылады:

1. Ақын – қоғам тамыршысы, әдебиет – иммунитеті;

2. XIX ғасырдағы қоғамдық-әлеуметтік жағдай және оның әдебиеттегі көрінісі;

3. Отаршылдық дәуірдің әлеуметтік кеселі.

**1-оқушы:** – Ежелгі гректерден қалған «Қарт Гомер күллі Элладаны тәрбиеледі» деген сөзде үлкен өнеге жатыр. Сөз өнері нілдей бұзылған заманды да, оны бұзған адамды да тезіне түсіріп, жөнге салып бүгінгі күнге жеткізген, ал бүгінгіні ертеңгіге жеткізе берер аса қуатты да пәрменді құрал ретіндегі қызметі ұшан-теңіз.

Дерт дегеннің жақсысы жоқ. Бірақ, біздіңше, ең ауыр, емі табылуы екіталай ауру – қоғамның дерті. Оны емдеуде – қиынның қиыны. Кейде ем қонбауы да мүмкін. Ақырзамандық сарындағы әдеби шығармаларда жер бетінің жойылуына жеткізеді деп сипатталатын да – осы дерт. Ал оның диагнозын қоюшылар кімдер?

**2-оқушы:** – Қазақ қоғамында олар – ақындар, жазушылар, жалпы қаламгер қауымы. Бағзы заманда да солай болған, қазір де солай. Асан қайғы Жәнібек ханды қоғам дертінен сақтандырды. Бұқар Абылайға ғана кеңесші болған жоқ, сөзі өтер, жыры жетер жердегі күллі алаш баласына ақылын айтты. Ақылы асқан абыз Абай тобықтыға ғана сөз арнаған жоқ. Сөз ұғар, сөз ұғуға ықыласты жұрттың бәріне арнады. Қоғамның тамырын тап басып, дертіне диагноз қоя білді, жырымен емдеп жазуға тырысты.

**3-оқушы:** – XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамындағы іргелі өзгерістер, бір жағынан, Қоқан хандығының, екінші жағынан, Ресей патшалығының қазақ елін отарлау саясаттарына қатысты өріс алды. Осынау қилы кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік жағдай, сөз жоқ, сөз өнерінде өзінің өшпестей ізін қалдырды. Ол із Дулат, Махамбет, Шортанбай, Сүйінбай сияқты «от тілді, орақ ауызды»

ақындардың әдеби мұраларында жосылып жатыр.

**4-оқушы:** – Жемқорлық – әлеуметтік кесел. Оның түп-төркіні патшалы Ресейдің отарлау саясатында жатыр. Қазақтың ішінде алауыздық туғызып, би-болыстыққа, шен-шекпенге таластырған отаршылдық саясат ақшаның пара рөлін атқаруына жол ашты. Көрнекті ғалым Мекемтас Мырзахметұлы бұл туралы *«Патша үкіметі отаршылдық мүдде тұрғысынан келіп, жабайыларды жабайылардың қолымен тұншықтырып ұстаудың ең ұрымтал құралы деп қарады. Өйткені бір-біріне мүддесі сәйкес келе бермейтін әр түрлі бытыраңқы руларды 10-12 ауылдан біріктіріп, бір болыстыққа кіргізді. Осы ауылдардың қай-қайсысы болыстықты жеңіп алса, сонысы үстем болуы себепті, араға пара жүрді, партиягершілік науқаны қызды. Ашыққан ұялас иттерге сүйек тастағандай болыстық билікке таластырды. Атқамінер пысықайлардың, таласқа түскен партияшыл топтардың арқасында орыс чиновниктері параға бөкті. Кім параны көп берсе, билік соған қарай ауды»* деп жазды.

**5-оқушы:** – Жемқорлық – мемлекеттік басқару құрылымындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің, делдал арқылы пара берушінің, оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік, т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу.

**Талдау, тапсырма** блогы бойынша мынадай тақырыптар

төңірегінде ой өрбіту, тапсырмаларды орындау ұсынылады.

1. *Жемқорлар бейнесі – XIX ғасыр әдебиетіндегі жаңа бейне.* 2. *Жемқорлар бейнесінің жасалу ерекшеліктері.*

**6-оқушы:** – XIX ғасырдағы орыс отаршылдығы қазақ даласында паракор, антшыл, жемтікке үймелеген құзғын кейпіндегі жемқорлардың көбеюіне жол ашты. Қазақ қоғамының іші-сыртын тегіс меңдеп алған осы дерт әр дәуірдің «барометрі» іспетті ақындардың өнернамасынан ойып орын алды. Замананың ащы шындығы өлең-жырларда көркем кестеленіп, көпшілікке жол тартып жатты. Кейі жеке адамның жемқорлығын «улы тілмен улатты», базбіреулері өлең шумағында немесе түйдек ішінде бірер жолдық қысқа да нұсқа етіп «таныс бейтанысты» аяусыз түйреп өтті. Десек те, бір шындықтың басы ашық: біріншіден, жемқорлар бейнесі – ұлт әдебиетіндегі жаңа, тың бейне. Рас, жеке адамдардың тойымсыздығы мен ашқарақтығы туралы тақырып аталмыш дәуір әдебиетіне дейінгі сыншыл ақындардың кей шығармаларында ішінара кездесіп те қалар. Бірақ жемқордың бейнесін «ауылдың атқамінері – жемтікке қонған күшіген» (Дулат) дегендей сыншыл түрде ащы, жанды поэтикалық образ етіп беру, оны әлеуметтің дерті ретінде бағалау – бұрын-соңды болмаған құбылыс.

**7-оқушы:** – Проф. Бауыржан Омарұлы «...*Ақша адамды аздырып, ағайынды адастыратын әзәзіл күшке айналды. Сол тұста ғұмыр кешкен ақындар бұл құбылысқа да үрке қарады*», – дей келіп, бірнеше ақындардың өлең-толғауларынан үзінді келтіреді.

Дулат: - *Ат-шапанға ілік боп,*

*Параны көздеп би кетті.*

Шортанбай: - *Зәбір болар иманға,*

*Қазақтан пара алмасын,*

*Ұмытпай жүрсін Алласын.*

Мұрат: - *Асылсыздың баласы,*

*Ақшасына сүйеніп*

*Айтқан сөзі пұл болды*

Әбубәкір: - *Кісіге бес-он теңге ат болмайды,  
Дәнекер дүние жүрсе жат болмайды.*

Албан Асан: - *Атқа мінген азамат  
Жақынын сатты тиынға.*

Нарманбет: - *Бай озды қамал бұзған батырдан да,  
Ақша озды бұл заманда ақылдан да.*

Үзінділердің авторлары алтау болғанымен, айтарлары – біреу: парақорлық. Демек, бұдан жемқорлардың жиынтық бейнесін көре аламыз.

**8-оқушы:** – Дулаттың «Кеңесбайға», «Бараққа», «Ешенге», Сүйінбайдың «Төрелерге», «Датқаларға», т.б. өлеңдерінде ақындар өз халқын патша, әкімдерімен қосыла талаған жергілікті билік өкілдерінің екіжүзділігін, араны ашылған парақорлығын, қорқаулығын бетіне басады. Бұл өлеңдерден сол дәуірдегі замана тынысы ғана емес, сонымен қатар отаршылдық салдарынан бұзылған қоғамның «өнімдері» – қазақ ұлықтарының шынайы бет-бейнесі көрініп-ақ тұр.

Келесі кезекте орындалатын жұмыстар:

1. Оқушылар XIX ғасыр поэзиясындағы жемқорлар бейнесі көрінетін шығармаларды кезектесе мәнерлеп оқиды.
2. Бірнешеуіне тақтада сатылай кешенді талдау жасайды.
3. Концептуалдық кесте толтырылады (дәптермен жұмыс).

Авторлық ой, идея	Кейіпкердің іс-әрекет, мінез-құлқы	Өлең идеясын ашатын жолдар, тірек сөздер	Оқушының ой-пікірі, тұжырымы
		<i>Құрық бердің ұрыға, Момынды алдың қырыңа... (Дулат) Зар жылатып момынды Өрістен малын аласың... Параға билер қарны бөккеннен соң, Жанындағы ұрыны ақтары хақ... (Сүйінбай)</i>	



бойынша кестені толтыру.

**Бекіту, қорыту** блогы бойынша орындалатын жұмыстар:

1. *Жемқорлар бейнесі топтастырылады: даралау, жинақтау, салыстыру.*
2. *Экрандағы интерактивті тапсырмаларды орындайды.*
3. *Шығармашылық тапсырма (кесте)*

Автормен сырласу	Кейіпкермен сырласу

**Түйін.** 1. Жемқорлық – кез келген қоғамдық құрылымның даму-өркендеуіне кедергі келтіріп, кесірін тигізетін ауыр әлеуметтік дерттің бірі. Ол қазіргі ХХІ ғасырда да адамзат қоғамына ілесіп келеді, жойылу орынына өрши түсіп, тіпті ушығуға айналған.

2. Қазақ даласына жемқорлық індегі отаршылдық дәуірінің жағымсыз салдары ретінде келіп, қоғамды жайлай бастады. Қазіргі егемен Қазақстанда толастамай тұрған жемқорлықтың түп негізі сонау патшалы Ресейдің отарлау саясатында жатыр.

3. Отаршылдық дәуір әдебиетіндегі жемқорлар бейнесі көрініс тапқан өлең-жырлар мен толғаулардың негізгі мән-мазмұны, идеялық өзегі бір-біріне жақын. Көркем поэтикалық образдардан авторлардың стильдік шеберлігін, ақындық терең танымын аңғаруға болады.

**Қорыту. Мұғалім сөзі:** – Дулат, Сүйінбай, Шортанбайларда көрінетін сыншылдық көзқарас ХІХ ғасырдың екінші жартысында ұлы Абай шығармаларында жалғасты. Бұл туралы академик Зәки Ахметов «Абайдың болыстың кескін-кейпін, мінез-құлқын, іс-әрекеттерін суреттеуі қазақ поэзиясына үлкен жаңалық әкелгенін айта отырып, алдындағы ақындармен жалғастығы да бұл тұста анық байқалатынын атап кеткен жөн. Осы өлеңдеріндегі

сыншылдығы, сықақшылдығы жағынан алғанда Абайдың, әсіресе, Дулатпен үндес шығатын тұстары жоқ емес» деп жазды. Абай өзінің ащы сатирасында («Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың», т.б.) екіжүзді, жемқор болыстардың мінез-құлқын, іс-әрекеттерін баяндау арқылы олардың кескін-кейпін оқушының көз алдына әкеледі.

**Оқушылар білімін бағалау.**

**Үй тапсырмасы:** «Жемқорлық – қоғамның қылтамағы» деген тақырыпта мақала жазу.



**Нүргүл ӘМІРГЕРЕЕВА,**  
**Мұхтар Мирманов атындағы**  
**жалпы орта білім беретін**  
**мектептің мұғалімі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Жаңақала ауданы,  
Мортық ауылы.

## **ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНЕН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

**1. Түркі тектес ру-тайпаларының ортақ әдебиеті неше кезеңге бөлініп қарастырылған?**

А) 4; Ә) 3; Б) 2; В) 2; Г) 6;

**2. Қараханид дәуіріндегі әдеби ескерткіштер қай ғасырды қамтиды?**

А) VI-IX; Ә) IX-X;

Б) X-XII; В) XIII-XIV; Г) XIV-XVI.

**3. «Түрік қағанаты» нешінші ғасырда құрылды?**

- А) III-V;                      Ә) IV-V;  
Б) V-VIII;                    В) VII-VIII;            Г) VIII-IX.

**4. Түрік қағанатының негізін құраған көсем кім?**

- А) Істеміс;                    Ә) Бұмын;  
Б) Елтеріс;                   В) Күлтегін;            Г) Тоныкөк.

**5. Оғыз мемлекетінің астанасы қай қала?**

- А) Янгикен;                    Ә) Сүткен;  
Б) Жаркент;                   В) Баласағұн;            Г) Сығанақ.

**6. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі құпия жазудың**

**оқудың кілтін ашқан ғалым қым?**

- А) Н.М. Ядринцев;            Ә) В.В.Радлов;  
Б) Н.К.Видзен;                В) С.У. Ремезов;            Г) В.Томсен.

**7. «Онгин ескерткіші» кімдерге арнап қойылған?**

- А) Елтеріс пен Елбілгеге;    Ә) Тоныкөкке;  
Б) Білге мен Күлтегінге;    В) Бұмын қағанға;  
Г) Қапағанға.

**8. Күлтегін жазуының авторы кім?**

- А) Елтеріс қаған;            Ә) Қапаған;  
Б) Иоллығ – тегін;           В) Могилян;            Г) Қара-Еске.

**9. Түркі елінің қағаны Білгінің шын есімі қалай**

**аталады?**

- А) Құтлұғ;                    Ә) Күлтегін;  
Б) Могилян;                   В) Мұқан қаған;            Г) Елбілге.

**10. «Күлтегін» жыры көлемі жағынан неше өлең**

**жолынан тұрады?**

- А) 422;    Ә) 424;    Б) 426;    В) 428;    Г) 430.

**11. «Күлтегін» жыры мазмұны, айтар ойы жағынан**

**қазақ батырлары жырының қайсысына ұқсас, үндес**

**келеді?**

- А) Ер Тарғын;                Ә) Алпамыс;  
Б) Ер Қосай;                   В) Қамбар;                Г) Сұраншы.

**12. Қорқыт ата қай ғасырда өмір сүрген?**

- А) VI-VIII;                      Ә) V-VI;  
Б) VI-VII;                      В) VIII-IX;                      Г) IX-X.

**13. «Қорқыт ата кітабының» қолжазба нұсқасы нешеу?**

- А) 1;              Ә) 10;              Б) 12;              В) 5;              Г) 2.

**14. «Қорқыт ата кітабындағы» жырлардың саны.**

- А) 6;              Ә) 10;              Б) 12;              В) 14;              Г) 18.

**15. Қазіргі кезде қанша күйін қобызшылар сақтап қалған?**

- А) Отыз;                      Ә) Жиырма;  
Б) Он шақты;                      В) Тоғыз;                      Г) Жетеу.

**16. Қорқыт ата Сыр бойындағы қай қалада өмір сүрді?**

- А) Баршынкент;              Ә) Янгикент;  
Б) Үзкент;                      В) Жаркент;                      Г) Сүткент.

**17. «Оғыз-наме» жыры қанша хикаядан тұрады?**

- А) Он шақты;              Ә) Жиырма;  
Б) Отыз;                      В) Қырық шақты;                      Г) Он.

**18. «Оғыз - наме» өзінің композициялық құрылысы жағынан қай жырға ұқсас келеді?**

- А) «Қорқыт ата кітабы»;  
Ә) «Құтты білік» дастаны;  
Б) «Күлтегін» жыры;  
В) Орхон ескерткіштері;  
Г) «Тоныкөк» жыры.

**19. Оғыздың ақылшы-кеңесшісін көрсет.**

- А) Тоныкөк;              Ә) Білге қаған;  
Б) Көктәңірі;              В) Күлтегін;                      Г) Ұлық Түрік.

**20. Әбу Насыр әл Фарабидің өмір сүрген жылдарын көрсет.**

- А) 870-950;                      Ә) 730-810;  
Б) 860-940;                      В) 864-942;                      Г) 950-1010.

21. Әбу Насыр әл Фараби неше жасында оқу іздеді?

Бағдатқа барды?

- А) 11; Ә) 12; Б) 13; В) 15; Г) 16.

22. Ғалымның ізгілікті мемлекетті сипаттайтын трактатын көрсет.

- А) «Музыканың үлкен кітабы»;  
Ә) «Өлең өнерінің қағидалары»;  
Б) «Ақылдың мәні туралы»;  
В) «Қайырлы қала тұрғындарының көзқарасы»;  
Г) «Данышпандық інжу маржаны».

23. Әбу Насыр әл Фараби өз еңбектерін қай тілде жазды?

- А) Араб тілінде; Ә) Қыпшақ тілінде;  
Б) Түркі тілінде; В) Парсы тілінде; Г) Грек тілінде.

24. Ахмет Иассауидің дүниеге келген қаласын көрсет.

- А) Жанкент; Ә) Стамбул;  
Б) Испиджаб; В) Иассы; Г) Бұхара.

25. Иассауидің әкесінің есімін анықта.

- А) Арыстан баб; Ә) Иасауи;  
Б) Шайхы Ибраһим; В) Баба Түкті Шашты Әзіз;  
Г) Бекет ата.

26. Қожа Ахмет Иассауидің ұстазы кім?

- А) Әбу Насыр әл Фараби; Ә) Ибраһим;  
Б) Қарашаш; В) Айқаған; Г) Арыстан баб.

27. Ахмет Иассауидің түркі тілді халықтарына ортақ әдеби шығармасы қалай аталады?

- А) «Қисса-сул әнбия»; Ә) «Құтты білік»;  
Б) «Диуани хикмет»; В) «Түркіше Гүлстан»;  
Г) «Диуани лұғат ат - түрік».

28. Ғұлама ақынның ең танымал болған дарынды шәкіртін көрсет.

- А) Тонкөк; Ә) Рабғузи; Б) Арыстан баб;

В) Сүлеймен Бақырғани; Г) Сәйф Сараи.

**29. Баласағұнның дүниеге келген жылын анықта.**

А) 1014; Ә) 1015;

Б) 1011; В) 1017; Г) 1018.

**30. «Құтты білік» дастаны нені сипаттайды?**

А) Өмір сүрген адам;

Ә) Дүниеқоңыздықты, жамандықты;

Б) Кемел мемлекеттің сипатын;

В) Білім мен ақылды;

Г) Есімі мәшһүр шежіре, Хиуа ханы болған.

**31. Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанын кімге**

**тарту етті?**

А) Әкесіне; Ә) Анасына; Б) Ханға;

В) Шығыстың әміршісі Табғаш Боғраханға;

Г) Бас кеңесшіге.

**32. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанының**

**неше нұсқасы сақталған?**

А) Екі; Ә) Үш; Б) Төрт; В) Бес; Г) Алты.

**33. «Құтты білік» дастанындағы әділдік бейнесін**

**анықта.**

А) Айтолды; Ә) Одгүрміш;

Б) Ұғдүлміш; В) Ұлық Түрік; Г) Күнтуды.

**34. «Құтты білік» дастаны неше тараудан тұрады?**

А) 80; Ә) 81; Б) 83; В) 85; Г) 87.

**35. Дастандағы ақыл-парасат бейнесін көрсет.**

А) Күнтуды; Ә) Айтолды;

Б) Одгүрміш; В) Ұғдүлміш; Г) Ұлық Түрік.

**36. Әлемдік әдебиет тарихындағы мәңгілік әдеби**

**мұра «Құтты білік» дастанын Жүсіп Баласағұн неше**

**жасында жазып бітірді?**

А) 54; Ә) 55; Б) 56; В) 53; Г) 52.

**37. Махмұд Қашқаридың дүниеге келген қаласын анықта.**

- А) Ыстықкөл маңайы;      Ә) Баласағұн;  
Б) Барысхан қаласы;      В) Үбіл;      Г) Әзіл.

**38. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат - түрік» кітабын нешінші жылы жазды?**

- А) 1070;      Ә) 1074;      Б) 1075;      В) 1076;      Г) 1079.

**39. Махмұд Қашқари түрік қалалары мен даласын не үшін аралаған?**

- А) Қалыңдық іздеген;  
Ә) Туысқандарын іздеген;  
Б) Саяхат жасаған;  
В) Ауыз әдебиет үлгілерін жинаған, әдет-ғұрып, т.б. сипаттаған;  
Г) Жұмыс іздеген.

**40. Махмұд Қашқаридың қолжазбасы қай кітапханада сақталған?**

- А) Париж ұлттық кітапханасы;  
Ә) Стамбулдың Фатих кітапханасы;  
Б) Вена кітапханасы;  
В) Наманган кітапханасы;      Г) Ватикан кітапханасы.

**41. «Түркі сөздерінің жинағы» неше кітаптан тұрады?**

- А) Екі;      Ә) Үш;      Б) Төрт;      В) Бір;      Г) Бес.

**42. Ахмет Иүгінекидің дүниеге келген қаласын көрсет.**

- А) Жүйнек;      Ә) Сыр бойы;  
Б) Жанкент;      В) Мевр;      Г) Бағдат.

**43. Ахмет Иүгінеки кім?**

- А) жазушы;      Ә) саяхатшы;  
Б) ақын, ғұлама ғалым;      В) суретші;  
Г) мемлекет қайраткері.

**44. Ахмет Иүгінекидің шығармасын анықта.**

- А) Құтты білік;      Ә) Қисса-сул-әнбия;

Б) Диуани хикмет; В) Хибатул хақайық;

Г) Түрікше Гүлстан.

**45. «Ақиқат сыйы» дастанының тақырыбын көрсет.**

А) Бір адамның өмірі;

Ә) Мемлекетті басқару ісі;

Б) Діни қайраткерлер туралы;

В) Әулие-әнбиелер жайында;

Г) Ақыл өсиет, уағыз, ғибрат сөздер туралы.

**46. Ахмет Иүгінеки дастанының араб әрпімен көшірілген қолжазба нұсқасы қай кітапханада сақтаулы?**

А) Стамбул кітапханасы;

Ә) Самарқан кітапханасы;

Б) Берлин қалалық кітапханасы;

В) Париж қалалық кітапханасы;

Г) Наманган кітапханасы.

**47. Алтын Орда дәуіріне жататын шығарманы анықта.**

А) Күлтегін, Тонкөк жырлары; Ә) Оғыз наме;

Б) Қорқыт ата кітабы;

В) Қисса-сул-әнбиа;

Г) Әбу Насыр әл Фараби трактаттары.

**48. Насыраддин Рабғузидың прозалық туындысын тап.**

А) Гүлстан бит-турк;

Ә) Хұсрау-Шырын;

Б) Жүсіп-Зылиқа;

В) Қисса-Жүсіп;

Г) Қисса-сул-әнбиа.

**49. Рабғузидың қиссалар кітабы нешінші жылды жазылды?**

А) 1370; Ә) 1375; Б) 1380; В) 1390; Г) 1392.

**50. «Қисса-сул әнбиа» кітабында не туралы баяндаған?**

А) Жануарлар жайында;

Ә) Ғұлама адамдар туралы;



Б) Әулие-әнбиелер, пайғамбарлар туралы;

В) Мемлекет туралы;

Г) Ғылымның әр түрлі саласы туралы.

**51. Рабғузидың қиссаларын қазақшаға аударған кім?**

А) Алма Қыраубайқызы;    Ә) Мекемтас Мырзахметұлы;

Б) Әрсен Ибатов;            В) Қанапия Бекетаев;

Г) Асқар Егеубаев.

**52. Рабғузи өз еңбегін қай тілде жазды?**

А) Қыпшақ;            Ә) Оғыз;

Б) Араб;            В) Түркі;            Г) Парсы.

**53. Рабғузидың кітабына енген қисса-әңгімесін**

**анықта.**

А) «Дерсенханұлы Бұқаш туралы жыр»;

Ә) «Бисаттың Төбекөзді өлтіргені туралы жыр»;

Б) Лұқпан Хакім;

В) «Поэтика»;

Г) «Ақылдың мәні туралы трактат».

**54. «Кодекс куманикус» қай ғасырдың туындысы?**

А) X-XI ғасыр;    Ә) XI-XII ғасыр;

Б) X-XII ғасыр;    В) XII-XV ғасыр;    Г) XI-XIII ғасыр.

**55. «Кодекс куманикус» сөздігі неше бөлімнен**

**тұрады?**

А) 1;            Ә) 2;            Б) 3;            В) 4;            Г) 7.

**56. «Кодекс куманикус» түпнұсқа қолжазбасы қай**

**кітапханада сақтаулы?**

А) Ватикан кітапханасы;

Ә) Париж қалалық кітапханасы;

Б) Италияның әулие Марк шіркеуінің кітапханасы;

В) Вена кітапханасы;    Г) Стамбул кітапханасы.

**57. «Кодекс куманикус» сөздігін қазақ тілі тұрғысынан**

**егжей-тегжейлі зерттеген ғалым кім?**

А) Әлкей Марғұлан;            Ә) Мұхтар Әуезов;

Б) Мырзатай Жолдасбеков;    В) Әбжан Құрышжанов;

Г) В.Радлов.

**58. Сөздіктің екінші бөлімі не жөнінде жазылған?**

- А) Әулие-әнбиелер туралы;
- Ә) Кумандардың кітабы;
- Б) Латынша-парсыша-куманша сөздік;
- В) Пайғамбарлар туралы;
- Г) Аңыз-әңгімелер туралы.

**59. Алтын Орда дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілі,**

**ақын Хорезмидің дастанын тап.**

- А) «Тарихи - Рашиди»; Ә) «Гүлістан би-түрік»;
- Б) «Хұсрау-Шырын»; В) «Мұхаббат-наме»;
- Г) «Батыр-наме».

**60. Ақын Хорезми қай ханның тұсында өмір сүрген?**

- А) Жәнібек хан; Ә) Қайыр хан; Б) Абылай хан;
- В) Әбілхайыр хан; Г) Есім хан.

**61. «Мұхаббат-наме» дастаны нешінші жылы**

**жазылды?**

- А) 1352; Ә) 1353; Б) 1354; В) 1355; Г) 1356.

**62. Дастанның екі нұсқасы да қай жерде сақтаулы?**

- А) Венеция қаласында;
- Ә) Париж ұлттық кітапханасында;
- Б) Дания карольдігінде;
- В) Стамбул қаласында;
- Г) Лондонның Британия мұражайында.

**63. «Мұхаббат-наме» дастаны жігіттің қызға жазған**

**неше хатынан тұрады?**

- А) Он; Ә) Он бір; Б) Он екі; В) Он үш; Г) Он бес.

**64. Сарай қаласынан шыққан аса көрнекті**

**ақындардың бірі Құтб қай кезеңде өмір сүрді?**

- А) XII ғасырдың басы;
- Ә) XIII ғасырдың ортасы;
- Б) XIII ғасырдың соңы;
- В) XIV ғасырдың орта кезінде;

Г) XIV ғасырдың аяғында.

**65. Құтбтың шығармасын анықта.**

- А) Жүсіп-Зылиха;                      Ә) Мұхаббат-наме;  
Б) Хұсрау-Шырын;                    В) «Кодекс-куманикус»;  
Г) Қисса-сул әнбиа.

**66. Құтб ақын «Хұсрау - Шырын» дастанын түпнұсқадан қандай тілге еркін аударма жасады?**

- А) Араб тіліне;                      Ә) Орыс тіліне;  
Б) Түрік тіліне;                      В) Азербайжан тіліне;  
Г) Қыпшақ-оғыз тіліне.

**67. Құтб дастаны қанша тараудан тұрады?**

- А) 90;                      Ә) 91;                      Б) 92;                      В) 93;                      Г) 94.

**68. Аудармашы дастанды кімге арнады?**

- А) Әкесіне;  
Ә) Алтын Орда мемлекетінің ханына;  
Б) Анасына;  
В) Тыныбек пен Ханша Малика-хатунға;  
Г) Азербайжан халқының кеменгер ойшылы Ілияс Жүсіпұлына.

**69. Сэйф Сарай Алтын Орданың қай қаласында дүниеге келді?**

- А) Еділ сағасында;  
Ә) Сығанақ қаласында;                      Б) Египетте;  
В) Хорезм қаласында;                      Г) Сарай қаласында.

**70. Сэйф Сарайдың көлемді еңбегін көрсет.**

- А) Қисса-сул әнбиа;                      Ә) Хұрау-Шырын;  
Б) Жүсіп-Зылиқа;                      В) Гүлстан бит-түрк;  
Г) Мұхаббат-наме.

**71. Сэйф Сарайдың еңбегі шығыстың қай ақынының аудармасы?**

- А) Фирдауси;                      Ә) Сағди Ширази;  
Б) Ілияс Низами;                      В) Хорезми;                      Г) Дүрбек.

*(Жалғасы бар).*

## МҰХТАР ӘУЕЗОВ. «КӨКСЕРЕК»

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – жазушының өмірбаянына қысқаша шолу жасай отырып, оқушыларға шығарманың мазмұны мен идеясын түсіндіру, жазушының айтпақ ойын ұғындыру; **дамытушылық** – шығарманы оқыта отырып білімдерін және логикалық ойы мен шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылар бойында экологиялық мәдениетті, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, жануарлар әлемі табиғаттың сәні, адам тіршілігінің бастауы екенін ұғынуға, адамгершілік, имандылыққа тәрбиелеу, табиғаттың тылсым сырларын танып өсуге ұмтылдыру.

**Түрі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдісі:** баяндау, пікірлесу, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмысты талдау, түсіндірмелі әдіс. **Көрнекілік:** жазушының портреті, интерактивті тақта, қарындаш, электронды оқулық, өмір деректері мен шығармашылығынан слайд фильм, бейнетаспа. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру:** сәлемдесу; оқушыларды түгелдеу, сабаққа бейімдеу.

**Үй тапсырмасын сұрау.** Деңгейлік тапсырмалар: «Толқын» көрінісіне суреттеме жазу; «Толқын» көрінісіне сурет салу; «Сүйемін» өлеңін жаттау.

**Өткен сабақты бекіту.** «Толқын» көрінісіне шығарған оқушылар шығармашылығын оқу.

Слайдтан Мағжан Жұмабаевтың «Толқын» өлеңінде табиғат көрінісін суреттеуі диктордың айтуы бойынша тыңдатылады.

**Жаңа сабақ.** Мұхтар Әуезов өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет. Электронды оқулықтағы үнтаспадан тыңдату (Мұхтар Әуезовтің бейнетаспадан мұражайы, бөлмесі, жазу үстелі, кітапханасы, бөлмесіндегі барлық заттары көрсетіліп жатады).

Ұлы суреткер, жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында 1897 жылы 28 қыркүйекте дүниеге келген. Атасы Әуез де, әкесі Омархан да Абаймен ауылдары іргелес, достық көңілдері аралас болған. Атасы Әуез Абай өлеңдерін сүйіп оқитын, парсы, түрік әдебиетінен хабары бар, ескіше сауатты, еліне қадірлі болған кісі. Атасы Әуез, әжесі Дінасыл немересіне Абай өлеңдерін қайта-қайта жатқа айтқызып отырған. Ол жөнінде өз естелігінде былай деп жазады: «Бір қыс, бір жазда Абай өлеңдерін түгелдей жаттап алдым». Мұхтар жастайынан ел арасына көп тараған қисса-дастандарды, аңыздарды жаттап өскен. Абай өлеңдері Мұхтардың мейірін қандырған, шығармаларына мөлдір бұлақтай үлкен әсер етті.

Ұлы Мұхтар алғаш сауатын Абай өлеңдерімен ашты. Жазушының алғашқы шығармалары 1917 жылдан басталады.

«Қорғансыздың күні», «Қараш-Қараш», «Қилы заман», «Жетім», «Абай жолы» атты прозалық шығармалары, көптеген драмалық шығармалары, аудармалары, ғылыми-сын еңбектері бүгінде алтын мұра болып біздерге қалды.

(Өткен сабақта оқып танысу тапсырылған болатын).

Сөзжұмбақ: «Көксерек» (шешу).

Ерекше торкөзден біз танысқалы отырған шығармамыздың тақырыбы шығады.

				к	ө	к	ш	е	т	а	у			
					т	ө	л	е		б	и			
		б	ө	б	е	к		б	ө	л	е	у		
						с	ү	й	е	м	і	н		
ж	ү	с	і	п	б	е	к							
					қ	ұ	р	м	а	ш				
					к	ү	л	д	е	й				
						е	к	і		ш	ы	б	ы	н

1. Сәкен Сейфулиннің поэмасы.
2. *Жаңбыр жаумаса, жер – жетім,  
Басшы болмаса, ел – жетім.* Кім айтқан?
3. Ілияс Жансүгірұлы шығармасы.
4. Мағжан өлеңі.
5. «Әнші» әңгімесінің авторы.
6. «Көксерек» әңгімесінің кейіпкері.
7. Өлең үзіндісінен теңеуді тап.  
*Күлдей күңгірт шашы бар,  
Тоқсан бесте жасы бар.*
8. Ахмет Байтұрсынұлының өлеңі.

- Бүгін біз сіздермен «Көксерек» шығармасымен танысуды бастаймыз.

Алғашқы бөлімдерінің мазмұнын айтып беремін. Білетіндерден сұраймын.

- Кинофильмін көрдіңдер ме? Қазір біз сол кинодан 3-4 минут үзінді көрейік (Кинофильм көрсетіледі).

Қай жазушының шығармасын алсақ та, табиғат мәселесі назардан тыс қалған емес. Балалар, мына сөйлемге назар аударайық.

*Табиғат – күллі тіршілік атаулының құтты қоныс мекені, алтын ұя, талбесігі.*

1. Осы сөйлемді оқығанда еске, ойға алдымен не түседі?
2. Табиғат дегеніміз не? (Табиғат – қоршаған орта. Табиғат – халық қазынасы. Табиғат – Алланың адамға тартқан сыйы).
3. Табиғатқа шабуыл жасау, оның тылсым тыныштығын бұзу мәселесіне қалай қарайсындар?

Мәтінмен жұмыс. Әңгімелей отырып шығармаға жоспар құру:

1. Көзін ауылға келгеннен кейін екі күннен соң ашты.
2. Бауырын көтеріп, тырбанып жүруге айналған соң мойнына жіп тағылды.
3. Жаз ортасында үлкейді.
4. Зіңгіттей көкшолақ болып шықты.
5. Көксерек – арлан.
6. Аш болғанда бірінші рет ұлыды.
7. Көкжал болды.

Қасқырға байланысты мақал-мәтелдерді жинақтаңдар:

1. Қасқырды қанша асырасаң да тоғайға қарап ұлиды. 2. Қасқырдың ауызы – жесе де қан, жемесе де қан. 3. Қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрады. 4. Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар. 5. Ауыл иті ала болса да, бөрі келгенде бірігеді.

**Әңгіменің композициялық құрылысы:**

1. Басталуы. *Қасқырлар мекені. Бөлтіріктер.*
2. Байланыс. *Көксеректің ұяластарымен табысуы.*
3. Дамуы. *Қараадыр еліндегі мазасыздық.*
4. Шарықтау шегі. *Құрмаштың қазасы.*
5. Шешімі. *Көксеректің жазасы.*

Әңгіменің басты кейіпкерлерін топтастыру.

Ит-құс, адам, табиғат, жыртқыштар, ...

**Кубизм стратегиясы:**

1. Суретте. *Көксеректің портреті.*

2. Зертте. Қасқыр туралы тағы қандай әңгімелерді білесіңдер?

3. Салыстыр. Дала тағысы – Көксерек.

4. Қолдан. Көксерек туралы ел не дейді?

5. Дәлелде. Көксеректің Құрмашқа бас салуының себебі неде?

6. Талда. Көксеректің қатыгездігі.

### **Бекіту сұрақтары:**

1. Көксерек неге адамдар арасына сіңісіп кете алмады?
2. Неге Көксерек Құрмаштан гөрі ақ қасқырмен тез бауырласты? 3. Қасқырды қолға үйретуге бола ма? 4. Құрмаштың өліміне кім кінәлі?

Кестені толтырыңдар.

Тарау	Бөлімі	Оқиға	Іс-әрекет	Мінездеме



Айымгүл ЖОЛМАНОВА,  
№6 Ғұбайдолла Ақтаев атындағы  
орта мектептің мұғалімі.  
Ақтөбе қаласы.

## **«ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ» – ТАРИХИ ШЫНДЫҚҚА НЕГІЗДЕЛГЕН КӨРКЕМ ШЫҒАРМА**

*(8-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаятының кейіпкері Бақтығұлдың прототипі Рысқұлдың, Сейіттің прототипі Тұрардың өмірдегі шынайы



бейнесін таныту, шығарманың жазылу тарихын ұғындыру; **дамытушылық** – жеке тұлғаның сөздік қорын молайту, көркем сөйлеуге дағдыландыру, іскерлігін, өз бетімен іздене білу қабілеттерін арттыру; **тәрбиелік** – хикаят кейіпкерлері арқылы адамгершілікке, бауырмалдыққа, ұлтжандылыққа, адалдыққа, намысшылдыққа, қайсарлыққа тәрбиелеу.

**Типі:** өз бетінше білімін жинақтау сабағы. **Түрі:** конференция сабақ. **Технологиясы:** СТО технологиясының «Зерттеу конференциясы» стратегиясы, АКТ технологиясы.

**Әдісі:** сауалнама, тәуелсіз зерттеу, тікелей сұхбат, көрініс, жоба плакат, аргументтік эссе, ассоциация. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайд, Шерхан Мұртаза мен Мұхтар Әуезовтің шығармалары, көрініске қажетті құралдар.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, бейнелеу, кино өнері.

**Күтілетін нәтиже:** 1) зерттеу нәтижесін шығармашылық тұрғыда көрсете біледі; 2) ұсынылған проблема бойынша өз елестетуін таныстыра біледі; 3) таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас жасау шеберлігі артады; 4) проблема бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай алады.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** Сабақ мақсатымен таныстыру. Оқушыларды топқа бөлу. Топ басшылары мақсаттарымен таныстырады.

**I. Қызығушылықты ояту. «Ассоциация» әдісі**



1. Шеңбер сызып, ортасына тақырып атын жазу.
2. Дәптерлеріне тақырыпқа байланысты өздері білетін ақпараттарды жеке жазу, нәтижесін жұпта талқылау, сосын шағын топта талқылау.
3. Барлық топтардың жазғандары бойынша презентация жасау.
4. Жалпы сыныпқа тақырып бойынша алынған бүкіл ақпарат тізімін жасау.

## **II. Мағынаны ашу.**

### **1-топтың тапсырмасы – сауалнама алу.**

9, 10, 11-сынып оқушыларынан сауалнама алынады. Сауалнама сұрақтарына «иә», «жоқ» деген жауаптар берілуі керек. Әр сыныптан жиырма оқушы, барлығы 60 оқушыдан сауалнама алынды.

- 1) Бақтығұл туралы білесің бе?
- 2) Бақтығұлдың Жарасбайды өлтіруін қолдайсыз ба?
- 3) Хикаят кейіпкерлерінің тарихта болғанынан хабардарсыз ба?
- 4) Төменгі сыныпта өткен Шерхан Мұртазаның «Тұтқын бала» әңгімесі есіңізде ме?

Осы сұрақтар бойынша пайыздық көрсеткіштері көрсетіледі.

**2-топтың тапсырмасы – тәуелсіз зерттеу.** Бұл топтағы оқушылар тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын алдын ала жүргізіп, қорытындысын өзге топ оқушыларына айтады. Хикаяттың жазылу тарихы, Бақтығұл-Рысқұл, Сейіт-Тұрар туралы мәліметтер береді.

**1-оқушы:** - Мұхтар Әуезов Ташкенттегі Орта Азия университетінің дайындық курсына оқып жүргенде Түркістан Республикасы Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметін атқарып жүрген Тұрар Рысқұловпен танысады. Әдебиетке жаны құмар қазақ жастары әрбір жаңа шығармаларды талдау үшін бас қосатын. Осындай бас

қосулардың бірінде Тұрар өзінің әкесі Рысқұлдың басынан кешкен оқиғаны Мұхтар Әуезовке айтып береді. Осылайша «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаяты дүниеге келеді. Хикаятты оқыған Тұрар егіле жылап отырып Мұхтар Әуезовке алғысын білдірген екен. 1969 жылы «Қазақфильм» мен «Қырғызфильм» бірігіп «Выстрел на перевале» («Қараш асуында атылған оқ») фильмін түсіреді.

**2-оқушы:** - Шығармадағы **Бақтығұл** – Рысқұл Жылқайдарұлы, **Тектіғұл** – Молдабек Жылқайдарұлы, **Жарасбай** – Саймасай Үшкемпіров, **Сейіт** – Тұрар Рысқұлов, **Бәтима** – Түйметай Рысқұлова, **Қатша** – Избайша Қорғанбайқызы, **орыс досы** – Николай Жиряков, **Апанас** – Александр Бронников, **Шалқар болысы** – Талғар болысы, **Бүрген болысы** – Түрген болысы. Тұрар Рысқұлов «Қазақстандағы революция күресінің тарихынан үзінді» деген еңбегінде «Ол кездегі қазақтан белгіленген патша әкімдері әдісінің бірі – әлсіз рудың адамдарын әлді рудың малын ұрлады деп өтірік қаралау, нашарлардың қанын сүліктей сору еді. Бұл әдісті жергілікті болыс менің әкем Рысқұлға да қолданды. Әкем жергілікті әкімдердің қорлығына шыдай алмай, Күншығыс Талғар болысының управителі Саймасай Үшкемпіровті атып өлтіреді» деп жазады.

**3-оқушы:** - Саймасай Үшкемпіровтің ағайындары Рысқұлдың руластарының шаңырағын ортасына түсіріп, адамдарын соққыға жығады, малдарын тартып алады. Рысқұлдың үй іші казак-орыстың үйіне барып жасырынады. Бірақ болыстың жақындары тінтіп жүріп Рысқұлды тауып алады. Сонымен ол Верный қаласындағы түрмеге жабылады. Бұдан кейінгі оқиғаны Тұрар «Болыстың ағайындары «Ардақты адамымызды өлтірген сұмның жалғыз ұлын бауыздап кегімізді аламыз» деп мені өлтірмекші болды. Сол жерде төңіректегі ел жиылып, мені өлімнен аман алып

калды» деп жазады. Бұл оқиғаны естіген Рысқұл түрменің бастығы Приходькоға қайта-қайта өтініш айтып, 2-3 қап ұн, үйтілген екі қой беріп, ақыры баласын қасына алады. Тұрардың тағдыры туралы Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртаза отыз жыл ғұмырын арнап, бес кітаптан тұратын «Қызыл жебе» ғұмырнамалық роман-эпопеясын жазды. Біз 6-сыныпта «Тұтқын бала» деген тақырыпта романнан үзіндіні оқып таныстық.

**4-оқушы:** - Соттың үкімімен Рысқұл 10 жылға Сахалинге жер аударылады. Конвойлар айдап бара жатқанда қашып келіп, Майлыкенттегі ағайындарында біраз жүреді де, ізін жасыру мақсатымен Таластағы нағашыларына кетеді. Көп кешікпей, сонда 1907 жылдары ауырып дүниеден қайтады. Рысқұл кәнігі аңшы, шабандоз, көкпаршы болған.

**5-оқушы:** - Тұрар Верныйдан керуеншілермен ілесіп Меркідегі туыстарына келеді. Орыс тіліндегі бастауыш мектепте Қырғызбаев деген жалған фамилиямен оқиды. Аса қабілетті бала оқуын үздік бітіріп, Пішпектегі ауылшаруашылық мектебін бағбан мамандығы бойынша бітіріп, Ташкенттегі мұғалімдер институтына қабылданып, әр түрлі қоғамдық жұмыстарға араласады.

20 жасында Түркістан АССР-інің Үкімет басшысы, Түркістан Республикасының шынайы саяси-мемлекеттік егемендігі жолындағы саяси күрескер болды. Республиканы түркі тілдес халықтардың “ұлттық мемлекеттігіне” айналдыру мақсатын қойып, осы бағытта социалистік революция жариялаған “ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын” өмірге демократиялық жолмен енгізу үшін қажырлы күрес жүргізді. Тұрар Рысқұловтың Түрік Республикасын құру идеясының дұрыстығын кеңестік Қазақстанның және кеңестік түркілердің кейінгі тағдыр-тарихы дәлелдеп берді. “Түркі тілдес түгел бол!” Бұл – аяулы арысымыз, бүкіл түркі тектес халқымыздың ұлы перзенті Тұрар Рысқұловтың

ұраны, ұстанған бағыты. Сонымен бірге кейінгі ұрпаққа мұраға қалдырған ұлы өсиеті.

**3-топтың тапсырмасы – тікелей сұхбат.** Топ мүшелері облыстық Нұрпейіс Байғанин атындағы балалар кітапханасының қызметкерлері мен тарихшы мұғалімдерден сұхбат алды. Жүргізілген сұхбаттары бойынша бейне-материалдарын көрсетеді.

Сұхбат барысында қойылатын сұрақтар:

1. Тұрар Рысқұлов қайраткер ретінде қазақ еліне қандай еңбек сіңірді?

2. Тұрар Рысқұлов туралы жазылған көркем шығармалар бар ма?

**4-топтың тапсырмасы – қойылым.** «Әділдік іздеген Бақтығұл» көрінісін көрсетеді.

**5-топтың тапсырмасы – жоба-плакат.** «Тарихты тұлғалар ғана жасайды» тақырыбында үйден дайындап келген жобаларын қорғайды.

**6-топтың тапсырмасы – аргументтік эссе.** Аргументтік эссе төмендегі құрылым бойынша жазылады:

Менің ұстанымым.... Қысқа негіздеме.... Қарсы аргументтер.... Себептер....

Тақырыбы: «Кек алу жолындағы Бақтығұл әрекеті».

**Мұғалім сөзі:** - Біз бүгінгі сабағымызда хикаяттың тарихи кейіпкерлері туралы жан-жақты мәлімет алдық. 1937-38 жылдардағы сталинизмнің құрбаны болған алаштың асыл ерлерінің есімдерін ардақтап, құрмет тұтып, ұлтымыздың ұлыларын ұлықтау – біздің басты міндетіміз. «Егер сен шын адам болсаң, халқының тағдырына қабырғасы қайыспайтын жанды адам деуші болма» деген Әлішер Науаи. Біз де ұлты үшін құрбан болған арыстарымыздан үлгі-өнеге ала отырып, әрқашан да елімізді сүйейік.

Үйге тапсырма. РАФТ. Тақырыбы: «Ұлыларды ұлықтау – парыз».

**Бағалау** (Алдын ала топ басшыларына берілген бағалау парақшалары арқылы).



**Сара ӘМІРХАНОВА,**  
**«Еңбекші» орта мектебінің**  
**мұғалімі.**

Атырау облысы,  
Құрманғазы ауданы,  
Жүмекен ауылы.

## **НАРМАНБЕТ – СЫРШЫЛ АҚЫН**

*(10-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – ақын өлеңдерін түсініп, мәнерлеп оқуға және идеялық-тақырыптық негізін, ой астарын түсінуге үйрету, поэзияның тереңіне бойлату, ақынның қоғаммен байланысты жырлау шеберлігін ұғындыру; **дамытушылық** – поэзияны талдай білуге төселдіру, сын тұрғысынан ойландыру арқылы түйіндік ойларын айта білуге, өзіндік пікір қалыптастыруға дағдыландыру, оқушының даралық мүмкіндіктерін шығармашылық тапсырмалар арқылы көрсету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, шешендікке баулу; **тәрбиелік** – ақын шығармасындағы оқиғалар негізінде оқушылардың дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерінің көзін аша отырып, рухани имандылыққа, ізденіске, іскерлікке, таным белсенділігін арттыруға, отансүйгіштікке, өз ұлтын сүйе білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** шығармашылық-ізденіс сабақ. **Әдісі:** оза оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технология, СТО, диалог-журнал. **Пәнаралық байланыс:** география, тарих, қазақ тілі, бейнелеу өнері. **Көрнекілігі:** слайдтар, сызбалар, суреттер, шығармалар, интербелсенді тақта.

### **Сабақтың барысы.**

**I. Мотивация.** Ұйымдастыру, зейіндерін аудару.

**II. Ойшақыру.** Үй тапсырмасы: «Жылдар сөйлейді»  
(Нарманбеттің өмірі мен шығармашылығы)

*1860 жылы қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында дүниеге келген.*

*1873 жылы Қарқаралыдағы орыс мектебінде оқиды.*

*1874 жылы Орманбет баласын ел ісіне баулимын деп оқудан шығарып алады.*

*1876 жылы тілмәштық қызмет атқарады.*


*1888 жылы I Думадағы жиналысқа қатынасады, болыстық қызмет атқарады.*

*1918 жылы Совдеп құлағаннан кейін еліне оралады, осы жылы 16 тамызда кенеттен дүние салады.*

*1939 жылы “Нарманбеттің өлеңдері” тақырыбында жеке жинағы басылып шығады.*

**Бүгінгі сабақ.** Нарманбет ақынның шығармалары – көркемдік дәрежесі жоғары, идеялық-тақырыптық мазмұны кең, өзіндік бояуы қалың, бағалы қазына.

Нарманбет поэзиясын Абай дәстүрімен сабақтастырып жатқан ең негізгі нәрсе – өмір шындығын сыншыл көзбен шынайы бейнелейтін реалистік сипат.








## V. Көрініс: «Абаймен жүздесу».


VI. Гомотетиялық әдіс: Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңі мен «Кер заман» толғауын салыстыру (Тапсырма интербелсенді тақтада орындалды, қаламды жылжыту арқылы орындайды).



## VII. Оқулықтан тест орындау.

## VIII. Шығармашылық – табыс кілті.

1. Рефераттар.
2. Тест құрастыру.
3. Ойтолғаулар.
4. Өлеңдер.



Үй тапсырмасы. 1. Ғаламтордан, кітапханалардан ізденіп, ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы зерттеушілердің пікірін жазу (міндетті). 2. Ақын шығармашылығына арнап “Сөзжұмбақ” құрастыру (мүмкіндік). 3. Өлеңдерін жаттау (міндетті).



Бұлбұл ИСПАНОВА,  
Батыс Қазақстан облысының  
Теректі ауданындағы  
«Ақжайық» жалпы орта білім  
беретін мектебінің мұғалімі.

## АЗАТТЫҚТЫ АҢСАҒАН ЕР

*(Махамбет поэзиясын оқыту, 9-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** оқушының ой-өріс, тіл байлығын дамыту, дүниетанымын кеңейту; ақын өмірі мен шығармашылығын таныту, көркем шығармаларға сатылай кешенді талдау жасай білуге үйрету; елжандылық, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Түрі:** практикалық сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздендіру, ауызша баяндау. **Көрнекілігі:** ақын портреті, компьютер, тірек-сызбалар, топшамалар. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих, музыка.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.**

**Үй тапсырмасын тексеру.**

1. «Жекпе-жек» ойыны арқылы ақын өлеңдерін жатқа сұрау.

(«Ереуіл атқа ер салмай», «Күн қайда?», «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны»)

Екі оқушы тақтаға шығып, бірі бастаған өлеңді екінші оқушы жалғастырып отырады.

2. «Ұрпақ үні» (шығармашылық хат).

3. **Ақын рухымен сұхбат** (Берілген сұрақтарға ақын өлеңдерімен жауап беру тапсырылады).

□ **Ақын баба! Өзіңізді ХХІ ғасыр ұрпағына таныстырып өтсеңіз.**

Ықтимал жауаптар: «Мен едім», «Махамбет деген батырмын», т.б. өлеңдері.

□ **Алдыңызға қойған мақсатыңыз қандай? Жауабы:** «Ұлы арман», т.б. өлеңдері.

□ **Бір күйіңізді тыңдағымыз келеді.** (Компьютерден ақынның «Жұмыр қылыш» күйін тыңдату)

□ **Қандай игілікті істер атқардыңыз? Жауабы:** «Әй, Махамбет, жолдасым», «Соғыс», т.б. өлеңдері.

□ **Елін қорғайтын ерлер қандай болуы керек? Жауабы:** «Толарсақтан саз кешіп», т.б.

□ **Қандай арманыңыз бар?** «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны», XI, XII бөлімдері. (Ақын өмірін өлеңге, өнерге айналдырған, көшірген. Өмір – өткінші дүние, өнер – мәңгілік. Олай болса, Махамбет жырлары да – мәңгілік).

**Жаңа сабақ. Азаттықты аңсаған ер.** Махамбет Өтемісұлы

*Азаттық үшін ереуілатқа ерсалды. Хан-сұлтандардың әділетсіздіктерін әшкереледі. Батыл, қаймықпай бетіне айтты. Халықты көтеріліске ұйымдастырды. Ереуілге шықты. Айдалды, қуғындалды. Жырларын көлдетті. Күйлерін селдетті. Ақырып теңдік сұрады. Түрмеде отырды. Қапыда қаза тапты. Келешекке үміт артты.*

**«Махамбет екі образ жасады, бірі – Исатайдың образы, екіншісі – өз образы»** деп Қажым Жұмалиев айтқандай, ақын өлеңдерінде өзінің және Исатай Тайманұлының бейнесі айқын көрінеді. Мәселен, «Тарланым», «Исатай деген ағам бар», «Тайманұлы Исатай», «Исатай – басшы, мен – қосшы», «Мұнар күн», т.б. өлеңдерінде Исатай

ерлігі жырланады. Сондай өлеңдерінің бірі – «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай».

(Өлеңге сатылай кешенді әдеби талдау).

### «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай» өлеңі.

**1. Өлеңді мәнерлеп оқу. 2. Тақырыбы:** Исатай батыр, оның Ақтабан аты туралы. **Идеясы:** Ат – ер қанаты. Ақтабан аттың батырға лайықтылығы, мықтылығы, Исатайдан қапияда айырылып қалғандығы, өкініші. **3. Өлең құрылысы:** 3 шумақты, 4 тармақты, 3 бунақты, 11 буынды қара өлең ұйқасы (а, а, б, а). **4. Поэтикалық тілі:** теңеу (жыландай, жолбарыстай), т.б.

**5. Сөздік:** *сұлы* – астық тұқымдасына жататын дәнді дақыл; *қапияда* – қалтарыста, тар жерде, ойламаған жерде; *ақияды* – аларып қарайды, таңданады.

**6. Эссе** (Оқушылар «Ат – ер қанаты» тақырыбында ой толғады).

**Қорыту** («Махамбет» ассоциация кестесін көрсету).

Махамбет шығармашылығы – ер рухты поэзия. Махамбет – «қабағын шытпас ер», «дініне берік» жауынгер, «қолына қоңыраулы найза алып», Исатайдың соңынан ерген ереуіл ақыны. «*Махамбет өлеңі «қазақ» сөзінің қайталанбас құдіреті, шығармалары тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз, қазақтан басқа жер бетіндегі өлең-жырында жоқ*» деп академик жазушы Зейнолла Қабдолов баға берген.

Махамбеттің жебедей ұшқыр жалынды жырлары ұрпақ ойына ой қосып, жігерлендіріп, азаматтық рухқа тәрбиелейді.



Сая ДӘУЛЕТҚЫЗЫ,  
Әліби Жангелдин атындағы  
орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Айғаным ІЗТІЛЕУОВА,  
география пәнінің мұғалімі.  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар қаласы.

# ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ГЕОГРАФИЯ ПӘНІМЕН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ

(9-сынып)

**Әдебиет пәнінен тақырыбы:** Мағжан Жұмабаевтың «Туған жер» өлеңі.

**География пәнінен тақырыбы:** Солтүстік Қазақстан облысы.

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығымен және Солтүстік Қазақстан облысының географиялық ерекшеліктерімен таныстыру.

**Сабақтың міндеттері:** білімділік – өлеңнің тақырыбы мен идеясын ашып, ақынның поэзиядағы рухты үнін таныту және Солтүстік Қазақстан облысының табиғат жағдайлары жөнінде мағлұмат беру; **дамытушылық** – туған жер тақырыбындағы өлеңді талдау арқылы оқушылардың туған жерінің географиялық жағдайына талдау жасай білуін үйрету; **тәрбиелік** – оқушылардың туған жерін, елін, Отанын сүюге тәрбиеленуі.

**Оқытудың әдісі:** түсіндірмелі, практикалық. **Типі:** білік пен дағдыны қалыптастыру. **Қолданылған**

## **Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру.** 1. Оқушылармен амандасу, сабаққа қатысымдарын тексеру. 2. Оқу кабинетінің сабаққа даярлығын тексеру, бақылау.

## **II. Әдебиет пәні бойынша өткен сабаққа шолу.**

1. Жүсіпбек Аймауытов кім? 2. Әдебиет әлеміндегі қандай еңбектерін білесіңдер? 3. Прототип деген қандай ұғым береді? 4. Жүсіпбектің «Әнші» әңгімесінің прототипі кім? 5. «Әнші» әңгімесіндегі сізге ерекше әсер еткен қандай жағдай?

## **География пәні бойынша үй тапсырмасын тексеру.**

1. Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайын сипаттап беріңдер. 2. Қазақстан қандай пайдалы қазбаларға бай? 3. Қазақстан жер бедерінің қазіргі формалары.

## **III. Жаңа сабаққа бет бұру кезеңі.**

1. Қуғын-сүргін құрбаны болған Жүсіпбек Аймауытовтан басқа қазақ әдебиетіндегі қандай тұлғаларды білесіңдер? 2. Мағжан Жұмабаевтың төменгі сыныптарда қандай шығармаларымен таныстыңдар? 3. Қазақстандағы аумағы жөнінен 3-орынды алатын экономикалық аудан 4. Ауыл шаруашылығының жетекші саласы – егіншілік дамыған аймақ.

## **IV. Жаңа сабақ.**

1. Мағжан Жұмабаев қашан, қай жерде дүниеге келді? (1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Булаев ауданында дүниеге келген).

2. Солтүстік Қазақстан облысын оқушыларға картадан табуға және кескін картаға Солтүстік Қазақстанның

шекарасын қызыл түспен айналдырып сызуға, қай мемлекеттермен шектесетіндігін анықтауға тапсырма беріледі.

Солтүстік Қазақстан облысының географиялық орынына сипаттама беру үшін кесте беріледі. Оқушылар жауапты оқулық бойынша толтырады.

Тапсырма	Жауап
<b>Құрылған уақыты және шекарасы</b>	Облыс 1936 жылдың 29 шілдесінде құрылды, бүгінгі шекарасы 1999 жылдың 8 сәуірінде бекітілді. Облыстың ауданы 97,99 мың шаршы км-ге тең және республика аумағының 3,6% құрайды.
<b>Орталығы</b>	Петропавл қаласы, 1752 жылы негізі қаланды.
<b>Жер көлемі</b>	13 әкімшілік аудан бар. 5 қала: Петропавл, Булаев, Мамлют, Тайынша, Сергеев. 4 қала типтес кенттер Смирнов, Талшық, Еңбек, Кішкенекөл.
<b>Облыс аумағы</b>	Қазақстанның Қостанай және Ақмола облыстарымен және Ресей Федерациясының, Қорған, Түмен, Омбы облыстарымен шекараласады. Аумағы 97,99 мың шаршы км. Республика аумағында үлес салмағы 3,6 пайызды құрайды.
<b>Тұрғындар саны</b>	2011 жылғы 1 қаңтарға 588,9 мың адамды немесе республика тұрғындарының жалпы санымен 3,6 пайызды құрайды. Қала тұрғындарының саны 238,5 мың адамды немесе 40,5 пайызды құрайды, ауылдық 350,4 мың адамды немесе 59,5 пайызды құрайды.


Булаев ауданы туралы оқулықта мәлімет берілмеген, сондықтан қосымша дерек көздерінен алынған мәліметтер интербелсенді тақта арқылы көрсетіледі де, оқушылар кестені толтырады.

Кестемен жұмыс.

Тапсырмалар	Жауаптар
<b>Орналасуы:</b>	Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік-шығысында, Батыс Сібір ойпатының оңтүстік бөлігіндегі Есіл даласының шығысында орналасқан.
<b>Жерінің аумағы:</b>	7,8 мың км <sup>2</sup>

<b>Тұрғыны:</b>	49,6 мың адам (1999).
<b>Тұщы көлдер:</b>	Конюхово, Қамысты, Қарабие.
<b>Ащы көлдер:</b>	Камышлово, Соленое, Келтесор.
<b>Халқының тығыздығы:</b>	1 км <sup>2</sup> үшін 7,0 адамнан келеді.
<b>Жануарлар дүниесі:</b>	қасқыр, түлкі, қарсақ, бұлан, елік, құр, шіл, т.б.
<b>Өсімдіктері:</b>	бетегелі-селеулі, қайыңды, теректі орман.
<b>Ауыл шаруашылығы:</b>	пайдаланылатын жері 637,0 мың га (1997), оның 491,3 мың га егістік, 6,2 мың га техникалық дақылдар, 4 мың га жерін картоп, 140,5 мың га мал жайылымын құрайды; етті-сүтті ірі қара мал өсіруге маманданған.
<b>Мал шаруашылығы:</b>	56%-ы ірі қара мал, шошқа 38,8%-ы, қалғанын қой және жылқы шаруашылығы құрайды

3. Мағжан Жұмабаевтың туған жер туралы қандай өлеңдерін білесіңдер?



## V. Сабақтың дамытушылық кезеңі.

Мағжан Жұмабаевтың «Туған жер» өлеңі оқылып, оқушылардың алған әсері сұралады, мәтін бойынша жоспар құрылады.

*Жоспар:*

1. Кіндік қаның тамған жер.
2. Жер жаннаты – туған жер.



3. Туған жер табиғаты.

4. Туған жердегі тәтті кез.

5. Алыс жүрсем сағынамын, туған жер.

Өлең құрылысына талдау жасалынады.

Өлең құрылысына, көркем тіліне талдау жүргізу.

I

II

III

Бұл жарыққа //аяқ басып// туған жер

Кіндік кесіп, //кірім сенде// жуған жер

Жастық –алтын //қайтып келмес// күнімде

Ойын ойнап, //шыбын-шіркей// қуған жер

«Туған жер» өлеңіндегі «Кіндік кесіп, кірім сенде

жуған жер» деген жолдарға үндес жолдар кімдердің

шығармасында кездестіргендіктері сұралып, кесте


бойынша жұмысқа тапсырма беріледі.

Аты-жөні	Өлең жолдары	Сенің пікірің
Қазтуған жырау	Кіндігімді кескен жұрт, Кір қоңымды жуған жұрт.	
Мағжан Жұмабаев	Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.	
Сәкен Сейфуллин	Тең құрбыммен қағысып, ойнап жүргенім.	
Қасым Аманжолов	Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең, Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?!	
Мұқағали	Анау жерде құрбылармен алысқам.	

Солтүстік Қазақстанның экономикалық-географиялық жағдайына кесте құрастыр. Кесте мына жоспар бойынша құрастырылады.

Облыс аты	Географиялық орны	Аумағы	Шығу тарихы


**VI. Бекіту кезеңі.** Венн диаграммасы арқылы екі ақынның өлеңін салыстыру.



Венн диаграммасы арқылы екі ауданды салыстыру.

Булаев ауданы

Шалқар ауданы



### ***VII. Сабақтың қорыту кезеңі.***

1. Үмбетбай Уайдиннің сөзіне жазылған Е.Терековтың өлеңі «Шалқар вальсі» хормен орындалады. Берілген кесте бойынша Шалқар ауданының географиялық жағдайы талтырылады.

Аудан көлемі	Халық саны	Көлдер	Айналысатын шаруашылығы

Оқушыларға туған жердің адам өміріндегі маңыздылығы және облыста өтіп жатқан «Көркейе бер, туған жер» акциясының маңызы айтылады.

**Үйге тапсырма. Әдебиет пәнінен:** «Туған жер» өлеңін жаттау және туған жер туралы ойларын өлең жолдарымен өрнектеу.

**География пәні бойынша:** Солтүстік Қазақстанның ауыл шаруашылығындағы маманданған салаларына сипаттама жасаңдар. Аймақта қалыптасқан аумақтық-өндірістік кешен мен өнеркәсіп тораптарын атап, олардың ерекшеліктерін көрсетіңдер.

Марат БЕКБОСЫНОВ,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
«Абайтану» ғылыми-зерттеу  
орталығының аға ғылыми  
қызметкері, ф.ғ.к.

## АБАЙДЫҢ ОРЫС, БАТЫС ӘДЕБИЕТІНЕ БАРУЫ

Абайдың орыс әдебиеті мен мәдениеті, сол арқылы Батыстың рухани мұраларын игеруін айтардан бұрын осы Батыс мәдениетіне Абайдың бару себебін қарастыру қажет. Ол үшін сол орыс жұрты өкілдерінің қазақ даласындағы іс-әрекеттеріне қысқаша шолу жасайық.

Империялық Ресейдің отаршыл өкімет аппараты қазақ елін бодандыққа түсірген күннен бастап алғаш қолға алған ісі – елді жағалай қамал, қорған, бекіністер салып қоршауға алу болды. Сөйтіп, отарлық озбырлыққа қарсы көтерілген жұрттың өр рухын қарудың күшімен аяусыз езіп жаныштады. Империяның осындай қанды жорықтарының куәсі ретінде, 1841 жылы 7 шілдеде Кенесары хан Орынбор комиссиясына жазған хатында мынадай деректер келтірген: “1) Қарқаралы приказы И.С.Карпачев 1825 жылы 64 қазақты өлтірді. 2) 1827 жылы майор Мингриев 58 адамды өлтірді. 3) 1830 жылы орыс әскерлері 100 қазақты өлтірді. 4) 1831 жылы подполковник Александр Максимович 450 адамды өлтірді. 5) 1832 жылы П.Н.Кулаков 60 қазақты өлтірді. 6) 1836 жылы Тиньтяка 250 адамды, 1837 жылы И.С.Карпачев 250 адамды өлтірді” [М.Қозыбаев. Жауды шаптым ту байлап. А., 1994, 114-б.].

Мұндай әскери жорықтармен қатар отаршыл өкімет төңкеріске дейін қазақтың жалпы жиыны 45 миллион десятина ең қонды, сулы, нулы, шұрайлы жерін тартып алып, ол жерлерге қоныс аударушыларды қаптатып әкеліп қоныстандырды. Мұны Кенесарының Көкшетаудан кетерде елмен қоштасып айтқан:

*Бағынба, қазақ, орысқа,  
Бағынған соң орысқа  
Осы бастан қош айтыс  
Сарыарқа деген қонысқа.  
Билік кетер басыңнан,  
Береке кетер асыңнан.  
Күйдіруші табылып,  
Тегіндікпен құрырсың  
Көрші-жақын досыңнан,-*

деген сөзі растайды.

Қысқасы, бүкіл отарлау тарихында патша өкіметі елдің мемлекеттік тұтастығын ғана емес, рулық бірлігінің өзін ру қоныстарын территориялық қағидат бойынша бөлу арқылы өзара араластырып, болыстық сайлауды енгізіп, сол негізде рушылдықты тудырып, жұртты іштен ірітіп, халықтың өз күшіне деген сенімін жойып, ұлттық мінез, салт-дәстүр, шаруашылық қалпын бұзды.

Бұл империяның мақсатты отарлық саясаты болса, сол орыс жұртының қазақ жеріне қоныстанған көпшілік өкілдерінің іс-әрекеттері де осы саясат ошағынан алыс ауыл қона қоймағандығына тарихи дәлелдер мол.

Кейбір еңбектерде «Қазақтар жер өңдеу мәдениетін орыстан үйренді» деген сыңайдағы пікірлер бар. Ал бұл тұрасында тарихи мағлұматтар мүлде басқаша сөйлейді. Мәселен, «Қазақстанның оңтүстігіндегі Шу бойында қазақтардың 1898 жылға дейін 1500 десятина жерге егін еккен 600 шаруашылығы болған. 1900 жылға дейін

Ақтөбе, Қостанай уездеріндегі қазақтардың 80 %-ы, Жетісу қазақтарының 45,5 %-ы егін шаруашылығымен айналысқан. Орал уезінің қазақтары 1913 жылы 5,4 миллион пұт астық өндіріп, 4 миллион пұт астықты базарға шығарған. Ал осындай өнім өндірген қазаққа “егін егуді үйреткен ұстаз” келімсектер жергілікті жұрттың 1848 жылға дейінгі егін шаруашылығына пайдаланып келген 22 376 десятина жерін, өкіметтің таяғына сүйенген Қапал станциясының қоныстанушылары тартып алып, арада 8 жыл өткенде сол жердің 1826 десятинасына ғана егін егіп, қалған суармалы жерлерді қу тақырға айналдырған» [Қ.Аманжолов. Түркі халықтарының тарихы. А., 1999, 134-б.].

Ішкі Ресейден қазақ жеріне қаптап келіп қоныстанған орыс шаруалары отаршыл өкімет қолындағы атты казак пен тұрақты әскерден кейін қазаққа қарсы жұмсар қарулы күші де болған. Мәселен, 1891 жылы 15 қыркүйекте Сырдария облысының әскери генералы Гродеков генерал-губернаторға мұжықтарды қаруландыру әскер санын азайтып, өкіметке дайын қарулы күш болатынын айтып хат жазады. Оны губернатор Ресей империясының Министрлер Кеңесіне ұсыныс ретінде жолдаған. Сөйтіп, Министрлер Кеңесі бұл ұсынысты талқылып, патшаға бекітуге беріп, патша мұны мақұлдап, 1891 жылы 29 қарашада Жарлық шығарды. Сол негізде қоныстанушы мұжықтарға заңды түрде қазақтарға қарсы қолдану үшін винтовкалар таратылған. Бұл жайлы П.Г.Галузоның 1926 жылы Ташкентте басылған “Вооружение русских переселенцев в Средней Азии” деген кітабында мол деректер бар. Мұның бәрі патша өкіметінің мұжықтарды помещиктерге, қазақты мұжықтың құлына айналдыруды мақсат еткен құлқын танытады. Өкімет қоныстанушыларға жер беріп, оларды қаруландырып қана қоймай, оларға жан-жақты материалдық көмек көрсеткен және оны қазақ халқының есебінен жүргізді. Соның арқасында бірер жылда

переселендердің көпшілігі қазақтан малай ұстаған байлар қатарына енген. Сөйтіп, Алексеенконың “Қазақстандағы қоныс аударушылардың динамикалық саны туралы” атты 1988 жылы шыққан кітабындағы мәліметтер бойынша, патша өкіметінің жерді талау мен мұжықтарды қоныстандыру саясатының салдарынан 1870-1914 жыл аралығында Қазақстанға қоныс аударушылардың жалпы саны 1 миллион 178 мың 836 адамға жетіп, сол кездегі Қазақстан халқының 25%-ын құраған. Отаршыл империяның кешегі Ресейдегі құлдарын қазақ жеріне аударып, оларды отарлау саясатының соққысына жегу мақсатында қазақтың құнарлы жерлерін тартып әперіп, жан-жақты қолдау көрсетіп, қаруландырып, аз уақытта байлар қатарына қосып, қазақты соның құлына айналдырған саясатын білген зерделі хакімнің “Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күңі қатарлы да жоқпыз” деген сөзінен осы жайды меңзегенін аңғаруға болады.

Қазақтың ұлтжанды ақыны Мағжан Бекмағамбетұлының қазақ қаламгерлеріне арналған “Алқа” әдеби үйірмесінің бағдарламасындағы “Табалдырық” атты кіріспе бөлімінде “Абай ақын трагедиясының бастысы – қазақ жерін талапайға салған отаршылдықта” деп жазғанындай, хакім Абай сол заманның басты қасіреті отаршылдыққа қарсы күресті. Ол үшін жалпақ жұртқа ашық байқалмайтын белгісіздік отарлық езгі саясаты болғандықтын, оның жасырын сырын ашу керек еді. Бұл үшін орыс тілін, мінезін, санасын, көзқарасын білу қажет болды, яғни, неден жапа шексең, сол іспен айналысу керек еді. Абайдың орыс әдебиеті мен мәдениетін, сол арқылы Батыс әдебиетіне келуін осы тұрғыда қарастыру қажет. Оның мынадай себептері бар:

Біріншіден, жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік деңгейде жоспарлы түрде жүргізілген отарлау саясаты қазақ жұртын құрдымға тіреді. Мұны “Өліп таусылу қаупі” атты мақаласында Мұхтар Әуезов “Әр түрлі тұрмысты

былықтырған, өзінің ескі жолымен басқа жұрттың үйлеспейтін жолын араластырған, бір беткей қалыпты тәртіптен айырылған, істеп жүрген кәсіптің бірде бірін ұқсата алмай жылдан жылға кедейшілікке аяқ басып, біздің жұрт азып келеді” [Өліп-таусылу қауіпі // Абай, 1992, №2] деп жазған. Өз заманында өріс алған осы қауіп Абайды орыс жұртының руханиятымен танысуға итермеледі. Сондықтан Абай “Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі сонымен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды” [Шығ.екі томдық толық жинағы. А., 2004, 109-б.] деп ашық жазған.

Екіншіден, тағы да жоғарыда біз келтірген Мұхтар Әуезовтың мақаласында “Жеңілген елге істелер зорлықтың бұрыннан келе жатқан даңғыл жолы бар. Ол жеңілген елді өз бетіндегі жұрттық қалпынан айырып, өн бойына сіңіріп, бөтен ниет ойлатпай, бөтен тілеу тілетпеу. Алдымен торыған елдің дінін қақпайға алады, бұдан соң ғұрып-әдетін араластырады, артынан аламыштап жүріп тілін жоғалтып, елдің белгісін күңгірттендіріп, ақырында бір ұлтты жұтып кете барады” дегеніндей, орыс мәдениетінен тек халыққа пайдалы үйлесімді жақтарын ғана жәдидтік тұрғыда елге насихаттау қажеттігі Абайдың Батыс руханиятына тереңдей енуіне түрткі болды.

Үшіншіден, Мәнен Тұрғанбаевтың “Қазақ секілді жұрттық салғаннан көпшіл қылам демей, әуелі ұлтшыл қылу керек” [Ұлтшылдық // Абай, 1992, №2] деп жазғанындай, елгезек, қабілетті, білмекке құмар, бөгде ықпалға бейім жұрттың ұлттық қасиетінен айырылып қалуынан қауіптенген Абай өз халқының асыл қасиеттері мен ұлттық дәстүрін сақтау үшін күресті. Сондықтан орыс тілі мен орыс әдебиетін ұлт руханияты бесігіне бөлей отырып ұсынды.

Міне, осы жайлардың бәрі жиылып келіп, Абайдың Батыс мәдениетін ұлттық мүдде тұрғысында жәдидтік мақсатта игергендігін танытады.

## МАХАМБЕТ, ШЕРНИЯЗ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САТИРА: ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Махамбет, Шернияздар өмір шындығын жаңа реалистік тұрғыда көрсетіп, хан, бек, сұлтандардың халыққа көрсеткен қаскүнемдік, зұлымдық әрекеттерін әшкерелеп, ел тілегінің жоқшысы, күрес күндердің ұраншысы болды. Отаршылар билеген заманның беталысына наразы ақын Махамбет өзін азаматпын деген адамның алдына «теңдік үшін», «халықтың азаматтығы үшін күресу керек» деген мақсат қояды.

*Әлпештеп қолда өсірген*

*Туған ұлдан не пайда,*

*Қолына найза алмаса,*

*Әке жолын қумаса? [1]*

Жұртына қамқоршы бола алмайтын, қолынан жауына қаһар шашар ерлік келмейтін, тіпті еркек деп айтуға тұрмайтын кісілігі жоқ азаматтарды мысқылдап, мазаққа айналдырады да, былайша сын тезіне алады:

*Қарайғанның, жігіттер,*

*Бәрін кісі демеңіз,*

*Күнде күндіз сайрандап,*

*Түнде шықпас ерлер бар [1].*

Хан мен оның сыбайластарын «жақсыдан туған жамандар» деп атап, олардың іс-амалдарына қарай халықтың нағыз жауы деп есептеген.

*Алтын тақты хандардың*

*Хандығынан не пайда,*



*Қаріп пенен қасірге*

*Туралық ісі болмаса? –*

деп олардың әділетсіздігін, қайырымсыздығын ашына сынға алады.

*Өздеріңдей хандардың,*

*Қарны жуан билердің*

*Атандай даусын ақыртып,*

*Лауазымын көкке шақыртып,*

*Басын кессем деп едім [1], –*

деп келеңсіздікті тудырап «зұлым ордасына» деген кегін ұлы тілмен өткір, кекете, семсердей жарқылдаған сөздермен түйрей жеткізген.

Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» да, «Жәңгір ханға айтқаны» да – бетпе-бет ашық айтылған сатира. Ханға «қасқырсың», «ылаңсың», «жылансың», «шаянсың» деп тайсалмай тіктеп өзіне айтып, сатираның арнау түрін жасаған. Негізінде, өткір тілді суырыпсалма ақын Махамбет «жексұрындық бейне», жиренішті кескін», «қасбатыр» кейпін тамаша бере білген. Өмір шындығын терең бейнелеу үшін бейнелі әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдаланып, сатираға өз үлесін қосқан.

Профессор Ханғали Сүйіншәлиев «Махамбет қазақ поэзиясында қоғамдық күресшілдік сананы нығайтып, сын-сықақ сарынын қалыптастырды. Қазақ сатирасының қоғамдық, әлеуметтік мәнін күшейтті. Сатира жанрының өткір үлгілерін көрсетіп, кейінгі көп ақындарға ықпал етті» деген.[ Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 2006, 483-б.].

Махамбет поэзиясындағы әлеуметтік сарын Шернияз өлеңдерінде жалғастық тапты. Махамбет пен Шернияз – тәуелсіздік рухты іс-әрекетке ұластырған ақындар. Шернияз Исатайдың жыршысы, серігі, үгітші, ұраншысы болды. Махамбет рухында жыр толғаған, өткір тілді ақын.

Сатираны зерттеуші белгілі ғалым Темірбек Қожекеев Махамбет пен Шернияздың сын-сықақтарының ұқсас белгілері мен айырмашылығы, өзіндік ерекшеліктерін саралай келіп: «Үй ішінің үкісіндей өткір тілді Шернияз сатиралық портреттер жасауға өте шебер» деген [2.64]. Шындығында, Баймағамбеттің өз тілегі бойынша сұлтанның өзін және отбасын жамандап, нағыз шындықты ақтара айтқан. Елге деген қастық, жауыздығын:

*Ар жақта Арынгазы дүбірлеген,  
Байеке, елің бар ма бүлдірмеген?  
Төре кетіп, төбеде төбет қалып,  
Туып тұр ел басына «бұл күн» деген, –*

деп халық алдындағы қылмысын бетіне баса төбетке теңесе,

*Кешегі Исатайдай есіл ерді  
Орысқа ұстап бердің тіл білмеген.  
Қазақтың қара жұртын быт-шыт қылған,  
Төре емессің, төбетсің дым білмеген [1. 231], –*

деп жауыздық іс-амалдарын әшкерелеп, зұлымдық бейнесін өшпенділік леппен толғайды.

*Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас!  
Қас итсің қасыңа да адам жуымас!  
Ел ұстап билейтұғын қылығың жоқ,  
Хан емес, қас қатынсың, мұндар қу бас! [1. 231] –*

деп ел сүйіктісі, халық қамқоры Исатайды дәріптей, оған қарама-қарсы қоя сұлтанның жиіркенішті жауыздық сырын еш бүкпесіз уытты тілін қадап, ащы сатирамен аяусыз түйреп, мысқылмен «озбырлар» бейнесін жасайды. Қажым Жұмалиев «Шернияз – юморист ақын. Сондықтан оның поэтикалық тілінде, сөздігінде ирония, сарказмдар жиі ұшырайды» деп жазды [3. 141].

Бұл, әсіресе, Баймағамбет сұлтанның қыздары мен ханымына арналған өлеңдерінен анық көрінеді. Баймағамбет «Жақсысын жақсылап, жаманын жамандап айт» деп

бұйырғанда, тіпті, қыздарын мақтаған өлеңінің өзі кекесін, желе-жорта мақтау, астарлы мысқылдау үлгісінде айтылған.

Шернияз – әзіл-қалжыңға шебер, табан астында уытты сөздер тапқыш жүйрік ақын. Бірде Шернияз Адайдың бір ауылына келсе, жылқылары қырылып жатыр екен. Жөн сұраған Шерниязға «Танысаң – Адаймын, танымасаң – Құдаймын» депті. Сонда ақын:

*Аулыңның қонған жері сыдырым тал,*

*Малыңды жайшылықта әр жаққа сал.*

*Отырып от басында нәнсінгенше,*

*Жылқыңды Құдай болсаң тірілтіп ал, – депті.*

Табан астында айтқан уытты, өткір сөзден сескенген үй иелері кешірім сұрап, қонақ етеді. Шернияздың мұндай тапқыр сатира, юморлы әзілдері көп.

Темірбек Қожекеев осындай өлеңдерін саралай келіп, «Табан астында тауып айтылған шешендік сатира деп атауға болады» деген. Шернияз сатирасы жөнінде профессор Қажым Жұмалиев «Шернияз күлдіргі, сатиралық өлеңдердің шебері, ұстазы ретінде тамаша үлгі өлеңдер қалдырды» деп орынды айтқан [3. 6].

Махамбет Өтемісұлы мен Шернияз Жарылғасұлының ақындық мақсатын халық мүддесімен ұштастыра, тебірене, шабыттана, кектене, жігерлендіре жырлаған поэзиясы сатираның дамуына жол ашқан, нағыз халықтық реалистік поэзия еді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бес ғасыр жырлайды. I том. А., «Жазушы», 1989.
2. Т.Қожекеев. Адам. Қоғам. Сатира. А., «Қазақстан», 1980, 176-б.
3. Қ.Жұмалиев. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. А., «Мектеп», 1967, 445-б.
4. Қ.Жарықбаев. Махамбеттің тәлім-тәрбиелік пікірлері. «Қазақстан мектебі». №3.

Алтынжан ЖАМАУОВА,  
Советхан Ғаббасов атындағы  
орта мектептің мұғалімі.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Аягөз ауданы,  
«Мамырсу» ауылы.

## «ДАНЫШПАНЫ ДАЛАНЫҢ, СӨЗІ – МҰРА АҒАНЫҢ...»

**Мақсаты:** кемеңгер жазушы, дана ғалым, қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмір жолы, шығармашылық және еңбек жолы туралы айту, шығармаларын оқу арқылы адамгершілікке тәрбиелеп, оқушылардың ой-өрісін, танымын, көзқарасын дамыту.

**Көрнекілігі:** жазушының портреті, шығармашылығына арналған көрме, суретті буклет, жазушыға берілген баға, даналық сөздер жазылып ілінеді, интерактивті тақтадан слайдтар кезегіне орай көрсетіледі.

(«Мұзарт» тобының орындауындағы Нұрғиса Тілендиевтің «Өз елім» әні (сөзі Қадыр Мырза Әлидікі) ақырын орындалып тұрады).

### **Кеш барысы.**

Кіріспе сөз.

Сахна төріне кешті жүргізуші ұл мен қыз ұлттық киіммен шығады.

**1-жүргізуші:** - «Біз үшін Абай қандай болса, Мұқаң да – сондай даналық мектебі. Ол мектептен дәріс алу – әр қазақтың абыройлы борышы» деп баға берген екен мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев. ХХ ғасырдың заңғар биігі, белгілі қоғам қайраткері, филология

ғылымдарының докторы, профессор Мұхтар Әуезовтің туғанына 115 жыл толуына орай өткізілгелі отырған кешке хош келіпсіздер!

**2-жүргізуші:** - «Әлемді көз алдына келтіру үшін, басқалардың көзіне түсу үшін, адам рухының қадір-қасиетін асқақтата көтеріп жар салу үшін өз биігің – Мұхтар Әуезов сияқты асқар шыңың болуы керек» депті қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов. Ендеше, сол биіктің балалық шағына саяхат жасасақ...

(«Аңыз адам» журналы, №10, қараша. 2010 жыл. Мұхтар Әуезов өмірінің тарихи тізбесі слайдтан өтіп жатады).

**1-жүргізуші:** - Жазушы қаламынан туындаған «Қилы заман» романы, «Ескілік көлеңкесінде», «Қаралы сұлу», «Қорғансыздың күні», «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы» әңгімелері, «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесалары, «Абай жолы» роман-эпопеясын, басқа да інжу-маржан дүниелерін тебіренбей, толғанбай оқу мүмкін емес. Шығармаларының әрқайсысынан қазақ жұртының тыныс-тіршілігі, ғасырлар бойы қазақ жұрты анықтап келген тағдырлық, тұрмыстық, имандылық мәселелері менмұндалап тұрады. Сондықтан да болар, Мұхтар Әуезов шығармашылығының тереңдігін Қазақстанда ғана емес, ТМД елдерінде де, тіптен, ғаламшардың барша түкпірінде жақсы түсінеді деп ойлаймын.

**2-жүргізуші:** - Мұхтар Әуезовтің қорлыққа қарсы тұруға қауқарсыз, қолы қысқа кедей-кепшіктің, оның ішінде жетімдердің өмірін арқау еткен әңгімелері – «Қорғансыздың күні», «Жетім». Әуезовтің кейіпкерлері – жетімдіктің азабын тартқан Қасым мен қауқарсыз Ғазизаның тағдырын тәлкекке салған Иса, Қадиша,

Ақан, Қалтайлар...қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамда да кездеседі. Арқасүйер азаматынан айырылған отбасылардың ағайын-туысынан көретін озбырлығы осы күнгі Қасымдар мен Ғазизалардың да басында бар.

**«Жетім» әңгімесі бойынша сахналық қойылым.**

**1-жүргізуші:** - Мұхтар Әуезовтің бойындағы тағы бір басты қыры – оның журналистігі. Сол кездегі қазақ баспасөзінің дамуына зор үлес қосқан. Оның алғашқы мақаласы Жүсіпбек Аймауытовпен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» деп аталады. Бұл еңбек Ташкентте «Екеу» деген бүркеншік атпен жарық көріпті. Екеуі 1918 жылы «Абай» журналын да шығарады.

21 жасында жазған мақаласы «Өліп-таусылу қаупі» – отаршылыққа қарсы жазылған мақала. Мұнда елді оқу-ағартуға шақырып, салт-дәстүрі мен тілін, дінін жоғалтпауға үндейді. Чукча, каминадал, остяк деген ұсақ ұлттар сияқты жоғалып кету қаупінен өз ұлтын сақтандырады.

**2-жүргізуші:** - Француз жазушысы Бержерон «Мұхтар Әуезов – ақын. Ол өз елінің далалары мен тауларын, адамдарын үлкен эпик ақынша асқан суреткерлікпен бейнелейді. Сонша ұлылықпен, сонша суреткерлікпен және Әуезовтей кісі жырлаған халық шын бақытты ғой» дейді.

Аға буын ақындардың Мұхтар Әуезовке арнаған өлеңдеріне құлақ түрейік.

*(Бірнеше оқушы Қасым Аманжоловтың «Мұхтар аға» Сырбай Мәуленовтің «Мұқаңа», Жарасқан Әбдіраштың «Тарих заңы» өлеңдерін оқиды).*

**1-жүргізуші:** - 1961 жыл 27 маусым. Мәскеуде асқазан өсіндісіне жасалған ота салдарынан ұлы жүрек соғуын мәңгілікке тоқтатты.

*Қабдыкәрім Ыдырысов. «Қоштасу» өлеңі. «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер» кітабы, 301-бет.*

**2-жүргізуші:** - 1997 жылы Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілді. Сол жылдан бері жазушының шығармалар жинағын шығару қолға алынып келеді. 50 томдық шығармалар жинағы жарық көрмек. Қазірде қолымызда 43 томы бар.

Мұхтар Әуезов өмірден өткен соң Үкіметтің қаулысымен өзінің тұрған үйі мұражайға айналған болатын.

**1-жүргізуші:** - Қазақстанның көптеген қалаларында театр, көше, мектеп аттары, Әдебиет және өнер институты Мұхтар Әуезов есімімен аталады. Алматыда, Семейде ұлы тұлғаға қойылған ескерткіштер бар. Драмалық шығармалары «Абай», «Қарагөз», «Айман-Шолпан», «Бәйбіше-тоқал» театр сахнасында қойылып жүрсе, «Көксерек», «Қараш-Қараш оқиғасы» бойынша кино түсірілді. 2008 жылы Н.Анастасьевтің «Жизнь замечательных людей» сериясымен «Жеңімпаз қасыреті» кітабы жарық көрді де, кітап негізінде деректі фильм түсірілді. Мұхтар Әуезов шығармашылығынан филология, тарих, философия саласы бойынша диссертациялар қорғалды.

**2-жүргізуші:** - *Келер ұрпақ,*

*Бізден кейін келер ұл,*

*Өз кезіңде өз бағаңды бере біл.*

*Әуезовті жырлау үшін қазаққа*

*Абай сынды ақын керек және бір ...*

деп ақын жырлаған ұрпақ дүниеге қашан келерін бір Алладан өзгемізге беймәлім.

Кеш соңында кезек әсем ән мен тәтті күйге беріледі.

## ҚАДЫРДЫҢ ҚАДІРЛІ ЖЫРЛАРЫ

**Мақсаты:** талантты ақын Қадыр Мырза Әлидің ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүюге, оны бағалай білуге, сыршыл да шыншыл ақын өлеңдерінің мәні мен мазмұнына тоқталу; Қадыр өлеңдерін нақыштап оқу дағдысын жетілдіре отырып, рухани танымын кеңейту; ақын шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін оятып, адамгершілікке тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** ақын портреті, кітап көрмесі, буклеттер, ақын өлеңдерінен үзінді.

### Жоспары:

1. Бір қартың бар талмайтын /өмірдерек/.
2. О, балалық /балалық шаққа сапар/.
3. Күнім де, дінім де сен /туған жер, табиғат, ана тақырыбындағы жыры/.
4. Ұлылардан – ұлағат /Махамбет, Құрманғазы, Шоқан, Жамбыл, Сара .../.
5. Махаббаттың қос жанары – адалдық пен беріктік /махаббат, достық, қонақжайлық туралы ақынның толғаныстары/.

### Кештің барысы.

**1-жүргізуші:** - Армысыздар, қадірменді «көкірегінің көзі ашық, көңілі ояу» жырсүйер қауым!

**2-жүргізуші:** - Қош келдіңіздер, бүгінгі кештің қонақтары! Біздің бүгінгі бас қосуымыздың мақсаты – ХХ ғасырдың санаулы саңылақтарының бірі, халқымыздың сүйікті ақыны, қоғам қайраткері, халық жазушысы Қадыр



Мырза Әлидің өнегелі өмірінен бастап отты жырларымен танысу.

**1-жүргізуші:** - *Бір қартың бар талмайтын,  
Бал арманын сатпайтын,  
Отқа салсаң батпайтын.  
Жоғалмайды адамның  
Сараңдығы, Мәрттігі...  
Кімнің қалай болғанын  
Танытады қарттығы.*

**2-жүргізуші:** - Есімі жырсүйер қауымға мүшһүр ақын Қадыр Мырза Әлидің өлеңдері әдебиетімізде шоқтығы биік туындылардың қатарына жатады. Ақын өмірдерегімен танысайық...

**1-жүргізуші:** - *О, балалық! Естен шықпас үзігім,  
Өте шықты көз алдымда қызығың.  
Бәрі-бәрі, Бәрі кетті, Жалғыз-ақ  
Қалды бетте ұят деген қызылың!-*

деп Қадыр ағамыз жырлағандай, балалық шақ біздің ең қимас, бақытты шағымыз емес пе?! Қазір біз Қадыр аға өлеңдерімен танысамыз.

1. «Балалық-ай». 2. «О, балалық». 3. «Жаяу жүрсек».

**2-жүргізуші:** - *Пәк ауаға кешегі кім шалады?!  
Түтін, тұман аспанды тұмшалады.  
Кір шалады қанатын аққулардың,  
Соны ойласаң көңілді кір шалады.*

*Бар дейсің бе өмірде азап ондай?*

*Дүние азса, ол енді азады оңбай!*

*Адам таза болмайды ешқашан да,*

*Айналайын табиғат таза болмай.*

**1-жүргізуші:** - Туған жер, табиғат – бұл ақынның ең басты тақырыбы. Қазір сіздер осы тақырыптағы ақынның жүрек-жарды сырымен ой бөлісесіздер. Кезекті ақын өлеңдеріне берейік.

1. «Туған жер-ай, күнім де, дінім де сен». 2. «Мекен-жұртым, жыр күтіп далаң менен». 3. «Табиғатқа табыну». 4. «Табиғат тазалығы». 5. «Табиғат және мен». 6. «Қызыл кітап». 7. «Ұлы махаббат».

*Ән: «Өз елім».*

**2-жүргізуші:** - *Тұрғанмен, ана, алыақта,  
Ұмытпайды ұлың парызды.  
Көңілім менің сен жақта  
Компастың тілі тәрізді.*

**1-жүргізуші:** - Қиын да қысылтаяң кезеңде шыдамдылықпен, ақылмен, мейірімділікпен аялай мәпелеп, еркелігімізді кешірген, өмірге дұрыс жол сілтеген аналарымызға мәңгі қарыздармыз. Ақын өлеңдері абзал аналарға арналады.

1. «Бәрі де, ана, бір өзіңнен басталады». 2. «Мәңгілік ана керегі». 3. «Мен өзіңе ғашық болдым».

**2-жүргізуші:** - *Қараңғы елдің ішінен қарғып тұрған  
Дананы ешкім тыңдамай барлықтырған.  
Зұлымдардың сан түрі сыйған дала  
Білімдарға, қайтесің, тарлық қылған!*

**1-жүргізуші:** - Абай мен Махамбеттен қуат алған Қадырдың отты жырлары қазақ елінің ұлыларына арналады. Кезек ақын өлеңдеріне беріледі.

1. «Махамбет». 2. «Шоқан». 3. «Құрманғазы». 4. «Сара». 5. «Жамбыл». 6. «Ыбырай Алтынсарин туралы ой».

**2-жүргізуші:** - *Аңсайсың деп балалықты кең ірге,  
Жүрегіме бере алмаймын әмір де.  
Үлкендерді көріп жүрмін досы жоқ,  
Доссыз бала көрмен едім өмірде!*

**1-жүргізуші:** - Ақын өлеңдеріне құлақ түрелік.

1. «Қашаннан білгем сырыңды». 2. «Мен үшін жалғыз өріс – сен». 3. «Суыққа да бірге тоңып, күнге де бір қақталып». 4. «Бас ауырып, балтыр сәл сыздаса».

*Ән: «Тамаша».*

**2-жүргізуші:** - *Табиғаттан бабамыз ала берген секілді,  
Дарқандықты қазаққа дала берген секілді.  
Қонақ бізге тағдырдың ұл бергені секілді,  
Кім болса да қазақтың бір көргені секілді.*

**1-жүргізуші:** - *Жайлауың болар жеріміз,  
Төсегің болар төріміз.  
Білгіңіз келсе қазақты,  
Қонағы болып көріңіз.  
Әуелден жомарт серіміз,  
Асылды жырдан теріңіз.  
Білгіңіз келсе қазақты,  
Ән-күйін тыңдап көріңіз.*

1. «Қазақ пен қонақ». 2. «Қазақ».

Ән: «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру».

**2-жүргізуші:** - *Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!*

Қадыр Мырза Әлидің бұл өлең жолдарын білмейтін қазақ кемде-кем шығар: Тіл тағдыры – ел тағдыры.

1. Расул Ғамзатовқа. 2. «Қызыл шоқтай қарыған». 3. «Тілдің туы». 4. «Ана тілің – арың бұл».

**1-жүргізуші:** - Қадыр Мырза Әли сегіз қырлы, бір сырлы дарын еді. *Бақыт деген – досыңның табағында,  
Бақыт деген – домбыра шанағында.  
Бақыт деген – өзіңнің босағаңда,  
Бақыт деген – халықтың қабағында.*

Ән: «Атамекен».

**2-жүргізуші:** - Қадыр поэзиясы – болашақ ұрпақтың еншісі, қастерлеп қадірлейтін қазынасы.

**1-жүргізуші:** - Осымен Қадыр Мырза Әли поэзиясына арналған «Қадырдың қадірлі жырлары» атты кешіміз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!



Аққу ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ,

Абай атындағы

Саран гуманитарлық-техникалық

колледж оқытушысы.

Қарағанды облысы.

## «АСПАН АСТЫН АРАЛАР ҚАСЫМ ҮНІ»

**Мақсаты:** ақиық ақын Қасым Аманжоловтың өмір жолдары мен поэзиясына тоқтала отырып, студенттерді Отанына, еліне, жеріне құрметпен қарауға, адал болуға тәрбиелеу.

**Міндеті:** 1) Қасым Аманжоловтың өмірімен таныстыру, шығармашылығынан жан-жақты мәліметтер бере отырып, танымдық көзқарастарын қалыптастыру, шығармашылыққа баулу; 2) поэзиялық шығармаларды оқытуға ынта-жігерін арттыру, поэзиялық туындылардың тақырыбы мен ой тереңдігін сараптай білуге үйрете отырып, олардың мәнерлеп оқу қабілеті мен рухани танымдарын кеңейту; 3) Қасым жырларын қамти отырып, ақындыққа баулу, Отанын, елін, ұлтын сүюге тәрбиелеу.

**1-жүргізуші:** - Уақыттың сынынан сынбай өткен сымбаты бөлек ақиық ақындардың бірі ғана емес, бірегейі – Қасым Аманжолов.

Ақынның мерейтойына арналған «Аспан астын аралар Қасым үні» атты әдеби-сазды кешімізді ашық деп жариялаймыз.

**2-жүргізуші:** - Әдеби-сазды кешіміздің бірінші бөлімі «Рақымжан Аманжолдың Қасымымын» деп аталады, яғни, біз ақиық ақын Қасым Аманжоловтың өмір

жолдарына тоқталып өтейік...

**1-жүргізуші:** - Поэзиядағы ой-пікірдің байлығы мен сезімнің шыншылдығы, өлең сөздің тапқырлығы қатар келетін Қасым Аманжоловтың өлеңдері талай ұрпақпен сырласып, оның жанын тебіренге алары сөзсіз. **«Өзім туралы»** өлеңінде Қасым өз өмірі мен ақындық жолындағы еңбегі жайында көп ойланып, көп толғанғандығын байқатады. Ендеше, осы өлеңді бізге Атира мен Аңсаған орындап берсін.

**2-жүргізуші:** - «Отбасы – шағын мемлекетін» қуанышқа бөлеп келген кішкентай бөбегін «Дариғашым, Дариғашым!» өлеңімен қарсы алған ақынның шын жүректен шыққан қуанышы еді.

**1-жүргізуші:** - «Құралай көзі мөлдіреп, кекіл шашы желбіреп» әрдайым әкесінің мойынына еркелей келіп асылатын дауылпаз ақын Қасымның құлпырған гүлі «Дариғасы мен Жаннасына» арналған өлең жолдарының үзінділеріне кезек берейік.

*Өлең: «Дариғашым», «Жанна».*

**2-жүргізуші:** - Қасым Аманжоловтың өмірбаяндық шағын өлеңдерінің бірі – «Ағайға». Бұл өлеңді Қасым соғыс кезінде қан майданда жүріп, ағасы Ахметжанға арнап, сағынышты сезімін жыр жолдары арқылы білдіреді. Олай болса өлеңді тыңдап көрейік.

**1-жүргізуші:** - *Сүйем сені туған ел – атамекен,  
Абзал анам сенсің зой құшағың кең.*

*Жер мен көктің жәннаты – бір өзіңсің,  
Сенен артық не табам, қайда кетем, –*

деп Қасым жырлағандай, сұлу өлке, сиқырлы жерде, «жер мен көктің жаннаты» – Қарқаралыда туған Қасым ақынның қазақ поэзиясының жарық жұлдызы болуы орынды-ақ.

**2-жүргізуші:** - Ақын соғыстан оралған соң өзінің кіндік қаны тамған жері мен өскен елінің табиғатына арнап «Туған жер» өлеңін қағаз бетіне түсірген болатын. Ақынның бұл өлеңі Қарқаралыға шығарылған әнұран сияқты.

*«Туған жер» әнін қабыл алыңыздар.*

**1-жүргізуші:** - Екінші бөліміміз «Өртке тиген дауылдай өлеңімді Қасымның өзі емес деп кім айтасың?» деп аталады. Қасым поэзиясын сөз еткенде, ең алдымен, майдан тақырыбына арнап жазған отты жырлары ойымызға оралады. Дәл Қасым сияқты қанды қырғын соғыстың қасіретін, майдан даласының суретін, жау оғымен жағаласқан жауынгердің бейнесін суреттеген ақындар қазақ әдебиетінде саусақпен санарлықтай.

*Көрініс: «Үстімде сұр шинелім».*

**2-жүргізуші:** - Қасымның «Дариға, сол қыз» атты лирикалық туындысы – қазақ поэзиясындағы інжу-маржан жырлардың бірі ғана емес, бірегейі. Эпикалық сарынмен жазылған осы өлеңде Қасымның ақындық табиғатына тән жұмбақ, Қасымның мінезіне ғана тән өршіл рух жатыр. Сонау майдан даласында жүрсе де, сол бір қызға деген нәзік сезім, асыл арманы шабыттың асау тұлпарына мінуіне мәжбүр етеді. Сол сағыныш лебін, жүрек сырын ақын «Дариға, сол қыз» әні арқылы жеткізеді.

*Ән: «Дариға, сол қыз».*

**1-жүргізуші:** - Ақындық дегеніміз – өзі орынды жерінде оңдырмай соғатын тегеурінді тентектің өзі өмір сүрген қоғамның қайшылықтарына деген қарсылығы. Ондай ақын өмірлі, ондай поэзия – мәңгілік!

**2-жүргізуші:** - Біз ақынның соғыс туралы ешкімге ұқсамайтын өрнекпен өрілген, тек қана қосымша жазылған асқақ та терең, өр де нәзік жырларын жақсы білеміз. Ал сол жырларды тудырған рухани күш-жігердің қалай

шыңдалғаны жайлы ақынның майдан даласында Сәбит Мұқановқа, Сырбай Мәуленовке, Қапан Сатыбалдинге жазған хаттары сыр шертеді.

*Көрініс: «Қапанға хат».*

**1-жүргізуші:** - *Барым да, бақытым да – осы өлеңім,  
Жақыным, жүрегімнің досы – өлеңім.  
Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,  
Мен қайтіп босқа жасап, босқа өлемін,* –

деп жырлағандай дауылпаз ақынның өлеңдері ешуақытта өлмейтін мұра болып қала береді деп екінші бөлімді қорытындылаймыз.

**2-жүргізуші:** - Үшінші бөліміміз «**Дейсіңдер-ау Қасымның несі – Қасым!**» деп аталады. Қасым Аманжолов туралы, оның шығармашылық өнері жайлы естеліктер өте көп. Жауынгер ақын соғыс жылдарындағы әрбір күнін қағаз бетіне түсіріп отырған.

**1-жүргізуші:** - Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері Әбділда Тәжібаев, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Қалижан Бекхожин, Тәкен Әлімқұлов сынды ақындар Қасымға өмірлік баға беріп кеткен.

**2-жүргізуші:** - Қасым Аманжоловқа арнап Сырбай Мәуленов «Дауылды дарын», Сапарғали Бегалин «Қасымға» деген жырларын жазған. Ғасыр ақыны атанған Мұқағали Мақатаев та Қасымға арнап «Қасым солай болмаса» өлеңін жазды.

*Дейсіңдер-ау Қасымның несі басым,  
Қасым солай болмаса, несі – Қасым?!  
«Ақынмын» деп қонаңдап жүргендердің  
Әммесінен Қасымның десі басым...*

**1-жүргізуші:** - Қасым Аманжолов – ақын ғана емес, драматург. Оның қаламынан өрбіген – «Досымның үйленуі» (комедиялық драма), «Ажал мен жалқау».

«Досымның үйленуі» комедиялық драмасын тобымызбен Сәкен Сейфуллин атындағы драма театрға барып көріп қайттық. Соған қатысты сауалдар:

1. «Досымның үйленуі» драмасынан алған әсеріңіз.
2. Драманың тәрбиелік мәні нендей?

**2-жүргізуші:** - Мынау аспан, ай жұлдыздар тұрғанда  
Қасым оты ешуақытта сөнбейді.  
Жалынын ол бөліп беріп жылдарға,  
Тек Қасымша алға құлаш сермейді,-

деп үшінші бөлімді қорытындылаймыз.

**1-жүргізуші:** - Төртінші бөліміміз «**Күрсінгенде кеудемнен шықты бұл жыр**» деп аталады. Қасымның өлеңдерін сүйіп оқып, жатқа айтатын ізбасарлары аз емес.

**2-жүргізуші:** - Қасымның ізін жалғастырушы топ студенттерінің Қасымға арнаған жыр жолдарын тыңдайық.

Серіков Мақсат: «Өлмейтұғын өр өлең». Рахат Жадыра: «Қасымға арнау». Айнабекова Баян: «Қасымға ода».

**1-жүргізуші:** - Ендігі кезекте колледж ұстаздары мен студенттерінің Қасым жайлы ойларын білейік. Назарларыңызды экранға аударыңыздар. (Слайд көрсетіледі).

**2-жүргізуші:** - «Қасым Аманжолов деген – асқар тау, оны ешқандай бұлт бүркей алмайды, қалай айтсаң да ол тау аласармайды» дейді Сағи Жиенбаев.

**1-жүргізуші:** - Иә, шынында да, Қасымдай дауылпаз ақынның мұрасы кейінгі ұрпақ жадында тұруы тиіс. Қасым ақын ғасырдан ғасырға көшіп, Алаштың рухын асқақтатып бара жатыр.

**2-жүргізуші:** - Осымен Қасымның мерейтойына арналған «**Аспан астын аралар Қасым үні**» атты әдеби-сазды кешіміз аяқталды. Келіп көргендеріңізге рахмет!



Ақбөпе НАУРЫЗБАЙҚЫЗЫ,  
Бауыржан Момышұлы атындағы  
жалпы орта білім беретін  
мектептің мұғалімі.  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Түлкібас ауданы.

## ӘДЕБИЕТ КӨШБАСШЫСЫ

*(Зияткерлік сайыс, 7-сынып)*

**I кезең: «Бәйге». Сұрақтар мен тапсырмалар.**

20 сұрақ беріледі. Әр дұрыс жауапқа – 10 ұпай. Ең төменгі ұпай жинаған екі оқушы ойыннан шығады.

1. Әдебиет қай тілден енген? 2. Лиро-эпостық жыр. 3. Шешендік сөз. 4. Дулат Бабатайұлы туған жері. 5. «Аягөз, қайда барасың?» өлеңін жатқа айт. 6. Абайдың «Жаз» өлеңін жатқа айт. 7. «Желсіз түнде – жарық ай» өлеңін айт. 8. Отан, туған жер тақырыбында мақал-мәтел айт. 9. Асан қайғы туралы не білесің? 10. Әдеби ертегі. 11. Ахмет Байтұрсынұлы туған жері. 12. Мұхтар Әуезовтің туған жылы. 13. Сұлтанмахмұттың «Шілде» өлеңін жатқа айту. 14. Сырбай Мәуленовтің «Менің Республикам» өлеңін жатқа айт. 15. Мұхтар Шаханов өмірі мен шығармашылығы. 16. Оқу-білімге байланысты мақал-мәтелдер. 17. «Аяз би» ертегісінен үзінді айту. 18. «Қажымұқан» хикаятының авторы кім? 19. Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңін жатқа айту. 20. Мұқағали Мақатаевтың «Барлығы да – сендердікі» өлеңін жатқа айт.

**II кезең: «Дода». 4 тақырып беріледі. Әр тақырыпта 5 сұрақ пен тапсырма бар. Әр дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі. Ең төменгі ұпай жинаған екі оқушы ойыннан шығады.**

**1. Халық ауыз әдебиеті.**

1) Наурыз өлеңдерін жатқа айту. 2) Ынтымақ, бірлік, достық туралы мақал-мәтел айту. 3) «Сырттандар» ертегісінен үзінді айту. 4) Шешендік сөз деген не? 5) Тұрмыс-салт жырларынан үзінді айту.

## 2. XIX ғасыр әдебиеті.

1) «О, Ақтан жас, Ақтан жас» кімнің өлеңі? 2) Абайдың өнер-білімге арнаған өлеңін жатқа айту. 3) Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы. 4) Махамбеттің «Соғыс» өлеңін жатқа айту. 5) Сұлтанмахмұттың өмірі мен шығармашылығы.

## 3. XX ғ. I жартысындағы әдебиет.

1) Әмірхан қай шығарманың кейіпкері? 2) Сұлтанмахмұттың бір өлеңін жатқа айту. 3) Дулат Бабатайұлының өмірі. 4) Ахмет Байтұрсынұлы өмірі мен шығармашылығы. 5) Сүйінбай Аронұлының өмірі.

## 4. XX ғ. II жартысындағы әдебиет.

1) Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін жатқа айту. 2) Мұхтар Шаханов өлеңдерін ата. 3) Иса Байзақовтың «Жазғы кеш» өлеңін айту. 4) Шығармаларына ана тақырыбына көп арнаған жазушы. 5) Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы.

**III кезең: «Жорға».** Әр тақырыпта 20, 30, 40 ұпайлық 3 сұрақтан бар. Оқушы өзі қалаған сұрағына жауап береді.

1. Әдебиет теориясы.

1. 20 ұпай. Теңеу деген не? Литота деген не?

30 ұпай. Эпитет деген не? Пейзаж деген не?

40 ұпай. Аллегория деген не? Сюжет деген не?

2. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»

20 ұпай. Не көрсем де – Алаш үшін көргенім,

Маған артық ұлтым үшін өлгенім.

Мен өлсем де Алаш өлмес, көркейер,

Істей берсін қолдарынан келгенін.

(Мағжан Жұмабаев. «Сағыныш»).

30 ұпай. Ақтабан аты астында,

Дулығасы басында,

Зығырданы қайнайды.

Астына мінген Ақтабан

Ақ бөкендей ойнайды. (*Махамбет. «Соғыс»*).

40 ұпай. - Даңқың қайда төске өрлеген?

Екі жүз мың әскерменен

Алты ай бойы кіп-кішкентай

Отырарды ала алмау,

Алты ай бойы Отырардың осал тұсын таба алмау –

Ойы – дауыл,

Сезімі – аспан,

Тек жеңіспен көзін ашқан

Менің алғыр ұрпағымның сүйегіне зор таңба.

(*Мұхтар Шаханов. «Отырар» дастаны*).

3. Менің сүйікті кейіпкерім.

20 ұпай. – Көзің жасты, көкірегің қайғылы неткен

жансың?.. Олай болса, жылама, мен әке-шешенді іздеп,

тауып берейін.

(*«Керқұла атты Кендебай» ертегісі. Кендебай бейнесі*).

30 ұпай. – Бәрекелді,

Бұл еңбегің жарады.

Бірақ одан ұрпақ тарап,

Одан ақын туғанша,

Ал ол ақын ата жолын қуғанша,

Айырғанша ақтан бөліп қараны,

Талай өзен тасып өтер...

(*Қайыр хан. «Отырар» дастаны*).

40 ұпай. Мен 25 жыл әскерде болдым. Біле білген кісіге

бұл – үлкен университет. Осы 25 жылдың ішінде мен талай

қолбасшымен кездестім, сабақ алдым, талай генералдың қол

астында қызмет істедім, тәрбие көрдім. Өйткені командир

деген әскери педагог қой... (*Бауыржан Момышұлы*).

Айнагүл ҚАЙЫРЛИЕВА,  
Мұхтар Мирманов атындағы  
орта мектептің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Жаңақала ауданы,  
«Бірлік» ауылы.

## ҚҰТТЫ БОЛСЫН ӘЗ НАУРЫЗ!

**Мақсаты:** Ұлыстың ұлы күніне қатысты ұғымдарға түсінік беру, Наурыз мерекесін тойлауды сахналау арқылы салт-дәстүрді жаңғыртып, ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеу.

*Дастархан басында атасы мен әжесі, келіні отырады.  
Сырттан немересі келеді.*

**Немересі:** - Ата, әже, көктем келді дегендеріңіз қайда, сыртта қар жауып тұр ғой.

**Әжесі:** - Иә, наурыз айында жұп-жұқа, қиықша қырбық қар түседі, ол наурызша деп аталады. Сол ғой жауып тұрған.

**Немересі:** - Ал, наурыз айында ұшып келетін көктем құсы қалай аталады?

**Әжесі:** - Қарасы шағын ғана, наурыз айында ұшып келетін көктем құсы наурызек (наурызкөк) деп аталады. Оны шығыс елі күтіп жүреді, оны алғаш көргендер «Наурызегім, келдің бе?» деп шақырып жем шашады. Наурызекті ешкім қумайды, үркітпейді.

**Немересі:** - Наурыз айында өсетін өсімдік ше?

**Атасы:** - Наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі-түсті гүлді, қауашақты әсем шөп наурызшешек деп аталады. Майының дәрілік қасиеті бар, «Қызыл кітапқа» енген, сирек кездесетін бағалы өсімдік. Қазақстанның таулы

аймақтарында оның бірнеше түрі өседі.

**Немересі:** - Ата, әже, бүгін қонақ келе ме? Дастархан жайнап тұр ғой.

**Атасы:** - Балам-ау, бүгін күн мен түннің теңеліп, Самарқанның көк тасы жібитін күн. Ренжіскен адамдар бір-бірімен татуласып, қыстан аман шыққандарына риза болып, төс қағыстырып, қуанышпен қауышатын күн, Ұлыстың ұлы күні.

**Әжесі:** - Наурыз – пәктік, адалдық күні.

Қателік кешіріледі,

Көңіл кірі өшіріледі.

Жолсыздыққа тыйым болады,

Ақ тілек сыйың болады.

Әр үйде береке болады,

Ойын-сауық, мереке болады.

**Жеңгесі:** - Міне, бүгінгі мерекеге арнап мен де көже дайындадым, көже ішіңіздер.

**Немере (қайнысы):** - Жеңеше, көжеңіздің дәмі ерекше ғой, қалай жасадыңыз?

**Жеңгесі:** - Бұл – мерекелік Наурыzkөже. Келген қонақтарға ықыласпен ұсынылатын сусын. Жеті түрлі дәмнен, яғни, соғымнан қалған сүр ет немесе қазы, сүт, су, тұз, тары, мейіз, құрт салынады. Наурыз – тоқшылық күні, бұл күні қазан оттан түспейді, әр үй наурыzkөже істейді, уыз қатырылады, сорпа сапырылады.

Ашық болсын қас-қабак,

Таспен атқанды аспен ат.

Бейтаныс та, таныс та –

Бүгін төрде бас қонақ.

Арпа, бидай, тары бар,

Қатық, малта – ағы бар.

Ішілетін, жейтіннің

Бұл көжеде бәрі бар.

Ошақта көп шоқ әлі,

Астың ауыр обалы.

Астан үлкен ешкім жоқ,

Қазан аузы жоғары.

*(Үйге мерекемен құттықтап көрші келін келеді).*

**Көрші келін:** - Ата, әже, Наурыз құтты болсын, төрт түлік ақты болсын! Мен сіздерге арнап белкөтерер дайындадым.

**Немересі:** - Ол не белкөтерер деген?

**Көрші келін:** - Бұл мереке күндері үлкендерге арнап, тіске жұмсақ болатындай сары май, жент, ірімшік, бал сияқты тағамдардан қосылып жасалатын ас.

**Әжесі:** - Рахмет, қарағым, қолыңа дерт бермесін! Бізге бір өнеріңді көрсетіп, мерекелік тартуыңды сыйласаң етті.

**Көрші келін:** - Жақсы, мен бір күй орындап берейін.

*(Күй тартылады. Қолдарына шырақ ұстаған жеті жігіт кіреді).*

- Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

- Наурыз құтты болсын!

- Шаңыраққа бақ-береке берсін!

- Қош келдіңіздер!

- Төрлетіндер!

- Наурыzkөжеден дәм татыңыздар!

**Немересі:** - Әже, бұлар кімдер, неге шырақ жағып жүр?

**Әжесі:** - Наурыз күні жеті жігіт шығып, жаманшылық ескі жылмен кетсін деген ниетпен ауылды аралап пәле-жаладан аластайды. Бұл – қара күш ескі жылмен кетсін, жаңа жылда оған орын жоқ деп отпен сес көрсету, аластау. Бүгін Ұлыстың Ұлы күні ғой, саумалық айтайық.

Саумалық, саумалық,  
Наурызымның көк құсы  
Ұйқыдан көзін ашты ма?

Саумалық, саумалық,  
Самарқанның көк тасы  
Жібіді ме, көрдің бе?  
Саумалық, саумалық,  
Ескі жыл кетіп, Жаңа жыл келді.  
Ескі жыл есіркей кет,  
Жаңа жыл жарылқай кел.

*(Келін бір ескі ыдысты сындырады).*

**Немересі:** - Әже, саумалық деген қандай өлең, ыдысты  
неге сындырдыңыздар?

**Әжесі:**-Ауыл адамдары қуанышты көңілмен жақсы  
тілек тілеп, саумалық айтады. Ескі ыдыс сындырып,  
жамандық сонымен кетсін, «қабақ сынды, қайғы кетті»  
деп ырым жасайды.

**1-жігіт:**-Наурыз – шаттық әніміз,  
Наурыз тойы – жыр-аңыз.  
Қызық думан құрамыз,  
Бәріміз ән саламыз.

**2-жігіт:** - Иә, Наурызды қыздыра түсейік, ән айтайық.  
*(Ән айтылады).*

**Немересі:** - Ата, мен сіздерге көп сұрақ қойып  
мазаларыңызды алған шығармын, бірақ көп нәрсені біліп  
қалдым. Келген қонақтарға, біздерге бата беріп жіберіңіз.  
*(Бата беріледі).*

**Немересі:** - Қыс өтіп, қар кетіп,  
Шырайлы жаз жетіп,  
Шаруаның кенелген  
Мейрамы бұл ежелден.

**Бәрі:** - Құтты болсын әз Наурыз!

# ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ!

*(XXI ғасыр көшбасшысы)*

**Мақсаты:** оқушылардың өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін дарыту, туған тіліміздің тұғырының мықты болуына негіз қалаған аға ұрпақ өкілдерінің еңбектерін оқып үйрену, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, жүйелі айта алуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу.

**Барысы.**

**Ұйымдастыру.**

- Құрметті ұстаздар, оқушылар. Әр адамның азаматтық қасиеті мен мәдениеті өз халқын, өз атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің өз тіліне деген құрметі өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрмет деп білу керек.

Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі құрметіне арналған «XXI ғасыр көшбасшысы» атты сайысымызды бастаймыз. Сайысқа алты оқушы қатысады.

**I кезең: «Бәйге».** Жауап нақты, тез болу керек. Әр жауапқа 10 ұпай беріледі.

1. Тіл дыбыстарын зерттейтін ғылым саласы (Фонетика)  
2. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? (9) 3. Қазақ тіліндегі сөз табының саны (3) 4. Екі кісінің сөйлесуі (диалог) 5. Үш би (Төле, Қазыбек, Әйтеке) 6. Үш арыс (Сәкен, Ілияс, Бейімбет) 7. «Қызыл кітап» поэмасының авторы (Қадыр Мырза Әли) 8. «Қазақ хрестоматиясын» кім жазды? (Ыбырай Алтынсарин)



9. Абайдың немере ақын інісі (Шәкәрім) 10. «Қамбар батыр» жырындағы Қамбардың сүйген жары (Назым) 11. «Менің атым – Қожа» хикаятын кім жазды? (Бердібек Соқпақбаев) 12. Абайдың неше қара сөзі бар? (45) 13. Лексика нені зерттейді? (тіл байлығы) 14. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері (толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш) 15. Абайдың жеңгелері кім деп атады? (Телқара) 16. Махамбет Өтемісұлы қай жылы дүниеге келді? (1804 ж.) 17. «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін кім жазды? (Ыбырай Алтынсарин) 18. Желтоқсан құрбандары (Қайрат, Ләззат, Ербол) 19. «Бес нәрсеге асық бол, Бес нәрседен қашық бол, Адам болам десеңіз...» өлеңінің авторы (Абай) 20. Ағайынды Бақтығұл мен Тектіғұл есімдерін қай шығармадан кездестірдің? Шығарманың авторы кім? («Қараш-Қараш оқиғасы». Мұхтар Әуезов).

## II кезең: «Тіл өнері».

1. Атпаз көрген ат таныр, Ұстаз көрген ... таныр.  
(хат, письмо, letter)
2. Жалқаудың жаны тәтті, Еңбектің ... тәтті.  
(нан, хлеб, bread)
3. Сасқан ... артымен жүзеді. (үйрек, утка, duck)
4. Сұйық, қатты, бу болып құбылатын,  
Ішіп, кешіп жүретін қандай затың? (су, вода, water)
5. ... Алланың сыйлығы. (ақыл, ум, clever)
6. Өнерлі өрде озар, Өнерсіз ... соғар. (жер, земля, land)

**III кезең: Жалғастыру.** Өлеңнің бірінші жолдары оқылады. Сол өлеңді жалғастыру, авторын айту. Дұрыс жауапқа – 10 ұпай.

1. Ау, қызғыш құс, қызғыш құс (Махамбет) 2. Таулардан өзен ағар сарқыраған (Ыбырай) 3. Өнер-білім бар жұрттар (Ыбырай) 4. Әсемпаз болма әрнеге (Абай) 5. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды (Абай) 6. Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан (Абай) 7. Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай (Абай) 8. Ғылым таппай мақтанба (Абай) 9. Жасымда ғылым

бар деп ескермедім (Абай) 10.Қараңғы түнде тау қалғып  
(Абай)

IV кезең: «Жеті жұмбақ. 20 20 20  
30 30 30  
40 40 40

**Оң жағындағы 20: жаратылыстану.** Өзеннің басталар  
жерінен құяр жеріне дейінгі аралықты не дейді?

**а) өзен алабы;** ә) өзен аңғары; б) өзеннің жайылмасы.

**Сол жағындағы 20: тарих.** Түріктердің билеушісі  
кім?

а) хан; ә) шәну; **б) қазан.**

**Ортасындағы 20: жаратылыстану.** Ауданы жағынан ең  
кіші мұхит?

**а) Солтүстік мұзды мұхит;** ә) Үнді; б) Тынық.

**Оң жағындағы 30: қазақ тілі.** Баяндауышы ауыспалы  
келер шақ етістіктен болып тұрған сөйлемді көрсет.

а) Мен оларды қалай тастап кетпекпін;

ә) Балжан қарындасымды үйге алып қайтамын;

**б) Балық енді өрге қарай жүзеді.**

**Сол жағындағы 30: қазақ әдебиеті.** Ахмет  
Байтұрсынұлы қай жылы дүниеге келді?

а) 1889; **ә) 1873;** б) 1893.

**Ортасындағы 30: тарих.** Қатты заттан жасалған кескіш  
құрал **а) чоппер;** ә) болас; б) пышақ .

**Оң жағындағы 40: қазақ тілі.** Жай сөйлемнің түрі  
жайылма сөйлемді тап.

а) Қар ериді. ә) Сағат жүріп тұр. **б) Жаңбыр көп жауды.**

**Сол жағындағы 40: математика.** Басы бар, аяғы жоқ  
түзу?

а) түзу; ә) кесінді; **б) сәуле.**

**Ортасындағы 40: жаратылыстану.** Үшінші  
ғаламшар

а) Меркурий; **ә) Жер;** б) Марс.

Осы ойыннан кейін ұпайы аз екі оқушы ойыннан шығады.

**V кезең: Шешендік өнер.** Бағалануы – 20 ұпай.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл болуына өз үлесіңді қосасың ба? а) иә; б) жоқ.

Оқушылар өз ойларын дәлелдеп шығады.

**VI кезең: Жорға.** Әр сұрақтың жауабы – 10 ұпай.

**1 оқушыға:** 1. Ұлттық аспап (домбыра) 2. Республика күні (25 қазан) 3. Үйленген ұлға беретін үлес (енші) 4. Оңтүстік Астана (Алматы) 5. Ең киелі құс (аққу) 6. Қасиетті тағам (нан) 7. «Тамаша» сөзінің синонимі (керемет) 8. «Алаш» партиясының жетекшісі (Әлихан Бөкейхан) 9. «Қыз Жібек» фильмінде Бекежан рөлінде кім ойнады? (Асанәлі Әшімов) 10. Қазақстанда неше облыс бар? (14) 11. Орыстың мысал жазушысы (Крылов) 12. Арқар Қазақстанның қай қорығында өсіріледі? (Марқакөл) 13. «Бір адамға» өлеңін кім жазды? (Сұлтанмахмұт Торайғыров) 14. Қыс мерзімінің екінші айы (қаңтар) 15. Киіз үйдің төбесін қалай атайды? (шаңырақ).

**2 оқушыға:** 1. Ұрып-соғатын қару (шоқпар) 2. Республиканың рәміздері (Ту, Елтаңба, Әнұран) 3. Тұңғыш қазақ ғарышкері (Тоқтар Әубәкіров) 4. Қазақстандағы ядролық апаттың ошағы болған жер (Семей) 5. Сөз өнер жарысы (айтыс) 6. Қажылыққа баратын қасиетті бас қала (Мекке) 7. «Қазақ хрестоматиясын» жазған кім? (Ыбырай Алтынсарин) 8. Адам үндес музыкалық аспап (қобыз) 9. «Бандыны қуған Хамит» әңгімесін кім жазды? (Сәкен Сейфуллин) 10. Көшіп келген көршіге берілетін қонақасы (ерулік) 11. Марокконың астанасы (Рабат) 12. Ең кішкентай құс (колибри) 13. 100 жыл (ғасыр) 14. Жабайы аңдарды өсіретін жер (қорық) 15. Студентке төленетін айлық (шәкіртақы).

Ұпай саны артық болған оқушы жеңіске жетеді. Сайысқа қатысқан оқушылар марапатталады.

Райса РАХМЕТ,  
№93 орта мектептің мұғалімі,  
Қызылорда облысы,  
Қазалы ауданы,  
«Лақалы» ауылы.

## ҚЫЗ ЖЕКЕЙ МЕН ҚАРАСАҚАЛ ЕРІМБЕТ АЙТЫСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ДЕҢГЕЙІ

Ерімбет Көлдейбекұлының көлемді айтыстарының бірегейі – Жекей қызбен айтысы. Қолымызға түскен материалдарға қарап отырып, бұл айтыс 1875 жылдары болған деп топшыладық. Кезінде Кеңес дәуірінде «Айтыс» жинағының 1942, 1964 жылғы кітабында басылған [354-360-б.]. Одан соң Ә.Қайнарбаевтан Мардан Байділдаев жазып алған нұсқасы 1965 жылы жарық көрген «Айтыс» жинағынан орын алған. Ал біздің қолымыздағы «Қолжазба» – Ерімбет Көлдейбекұлының ағасы Қосманбеттің немересі, менің әкем Рахмет баласы Әбдіхалықтың күйеу баласы (қарындасы Дәмегүлдің жолдасы) Нұрғазы Сержанұлының 1957 жылы жазып алған нұсқасы.

Үш нұсқаны салыстырағанда: 1964 жылғы жинақта – 198 жол; 1965 жылғы жинақта – 260 жол; біздегі қолжазбада – 291 жол.

1964, 1965 жылғы жинақтарда біздің қолымыздағыдай бірінші диалог сөз берілмеген. Тоғыз шумақтан, 41 тармақтан тұратын өлеңде түйеші мен Ерімбеттің жөн сұрасқаны бар.

Бірінші жинақта айтысты Жекей бастаса, екінші жинақпен қолжазбада Ерімбет бастаған.

Айтыстың көркемдік жағын сөз етпестен бұрын, Жекей қыз туралы айта кетейік. «Жекей Көзденбайқызы Байұлының Алаша елінен шыққан, кезінде ақындығымен аты жайылған қазақтың қатардағы ақын қыздарының бірі» делінген 1965 жылғы «Айтыс» жинағында. Қосманбеттің немересі Әбдіхалықтың айтуы бойынша: «Көзденбай деген бай кісінің Жекей дейтін қызы болыпты. Міне, сол қыз ауырып жатқанда әкесі «Менің қызымның аты тарихта қалуы керек. Тарих бетінен орын алуына себепші болған адамға сыйлығым бар» деп жар салады. Бірнеше ақын-жыраулар сынға түседі. Бұл хабарды Ерімбет те естіп, екеуінің де сөзін өзі шығарып, айтыста өзін жеңілдіріп, қағаз бетіне түсіреді. Айтыс Көзденбайға ұнап, алып қалған екен». Бұл пікірдің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екені әзірге белгісіз.

Енді, осы айтыстың 1965 жылы шыққан «Айтыс» жинағындағы нұсқасымен салыстыра кетуді жөн көрдім. Ерімбет пен Жекейдің айтысы қолжазбада 32 шумақ, алдыңғы басалқы шумақ – 9, небәрі 41 шумақтан тұрады. Ал жинақта – 26 шумақ, Ерімбет пен түйешінің диалогы жоқ. Айтыста екеуінде де Ерімбет бастаған. Екі нұсқада да кейбір шумақтар сәйкес келгенімен, сол кездегі қоғамның ықпалы болар, жинақта алынып қалынған.

**Қолжазбада:** Сыйынам Ер Қосымдай пірімізге...

**Кітапта:** Әуелі сыйынамыз пірімізге...

Айтыс жанрына тән қасиет – өзінің мақтаулы бабаларын айту. Ер Қосым деп отырғаны «Әулие» атанған Сыр өңірінің адамы. Қолжазбада (22-шумақ) Жекей қыз:

*Басында Ер Қорқыттың жанар шырақ,  
Өлгесін көз жұмылып, бітер құлақ.  
Айтқаниша арғы атамды асығасың,  
Сөзіңде сенің айтқан жоқ па тұрақ?  
Көзденбай – өз әкемді кім білмейді,  
Сен оның неғыласың атын сұрап?* – деген жолдар арқылы ата-тегін кестелі сөзбен жеткізген. Бұл шумақ жинақта жазылмаған. Мұндай бірнеше шумақтар (31, 22, 23, 27, 30) кітапта берілмеген.

Шайыр атанған Ерімбеттің тұсында қыз бен жігіт айтысы кең тараған. Көркемдік ерекшелігін байқау үшін Ерімбет пен Жекей қыз айтысын Біржан мен Сара айтысымен салыстырып талдауды жөн санадық, себебі екі айтыстың да көтеретін негізгі мәселесі – әйел теңдігі болса, екінші жағынан, айтыс табиғаты да бір-біріне етене жақын.

### **Ерімбет:**

*Мен бұрын естіп едім сенің жайың,  
Мін тапсам өз басыңды баяндаймын.  
Жалайыр, өзі жаман Қырықбай сақау,  
Мен білсем, сол емес пе сенің байың.*

### **Біржан:**

*Мақтаған Есімбегің дәнеме емес,  
Басыңнан айыртпаған мұң зарыңды.  
Шақыртып күйеуіңді осында алдыр,  
Көрейін таңдап алған сыңарыңды.*

Осы екі шумақты салыстырып қарасақ, екі қыздың тағдыры арқылы сол кезде етек алған келеңсіз жағдайларды көз алдына келтіреді. Біржанның осы сөзінен Сараның есіл тілі күрмеле береді.

Ал Ерімбеттің түйдектелген сөзіне бас имей, Жекей ұтқыр сөзбен жауап береді.

Әлімнің ақылы жоқ түйе заңдас  
Өлтірткен Жанқожадай асыл ерін!  
Қайран ер нахақ өліп, құнсыз кетті  
Әлімнің қорғаймын деп бүлінген елін,-

деп Жанқожаның өлімін бетіне басып ұтып кетеді. Бұл Жекейдің тапқырлығын көрсетеді.

Біржан мен Ерімбет теңдерін айтып мұқату емес, кейінгі ұрпаққа қыз баланы бағалай білуді үлгі етеді.

**Ерімбет:**

*Шырағым, кемітпеймін өз басыңды.*

**Біржан:**

*Кемсітер дұшпан шіркін қай жеріңді,  
Адамзат озар емес бір басыңнан.*

Сара Біржанды, Жекей Ерімбетті үлкен аға деп қадірлейді.

**Жекей:**

*Тұзындай жақсы кеннің тілің тәтті,  
Көрмедім, сірә, сендей адамзатты.*

**Сара:**

*Ауызың жез сырнайдың кемеріндей,  
Әніңнің көз жетпейді бұрмасына.*

Екеуі де қос ақынның талантына бас иіп, шеберлігіне сүйсінеді. Екі айтыс үлгісінде де айтыскерлер өздерінің адамгершілік сипаттарымен көрінеді. Өз кейіпкерлерін ойлы өлең жолдарымен өрнектейді.

Ерімбет пен Жекей айтысы мектеп оқулығына енбей отырса да, жас ұрпаққа үлгі боларлықтай тағылымдық маңызы зор екені байқалады.



## ТЫНЫШТЫҚБЕК ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ СӨЗ АЙШЫҚТАРЫ

Қазіргі қазақ поэзиясын тың арнаға бұрып, өлең техникасы мен мелодикасына, көркемдік әлеміне ерекше жаңалық әкеліп жүрген, құбылысқа айналған ақындарымыздың бірі — Тыныштықбек Әбдікәкімов.

Тыныштықбек Әбдікәкімов Абай туған топырақта 1953 жылы 20 шілдеде дүниеге келген. Жұртшылыққа «Ақшам хаттары», «Ырауан» атты жыр жинақтарымен, «Қас. Сақ. Аңқымасы» атты философиялық еңбегімен танымал. «Қас. Сақ. Аңқымасы» атты философиялық еңбегінде әлем халықтарына ортақ ежелгі ғарышнамалық ұғымдар мен қағидаларды қазақи ұлттық дүниетаным арқылы сараптауы әрі өзіндік пайымдауы бойынша жазылған. Қазақ халқы өзін-өзі қалай тану керектігі, қазақ сөзінің құдіреттілігі, алуан қасиеттілігін ақын талмай ізденіп, оны әр қырынан дәлелді түрде баяндайды.

Тыныштықбек Әбдікәкімов – өзіндік дара жолы бар, елең еткізер айырықша ақын. Оның өлеңдерін оқып отырып, оны біреуге еліктеп өлең жазатын ақын деу артық болар.

Бүгінгі күні қазақ поэзиясы Тыныштықбек Әбдікәкімов арқылы жаңа көркемдік биікке көтеріліп отырғаны баршаға аян. Оның шығармашылығынан ұлттық рух, ұлттық бояу, ұлтжандылық иісі аңқып тұрады. Ақын өлеңдері ұлттық сезімімізге өзгеше сәуле түсіріп, ой-санамызды, әдеби қиялымызды барынша байытып, жаңа қиырларға бастап, тосын қияларға шығаратыны сөзсіз. Оның өлеңдерін оқып отырғанда ауыл, туған өлке, таныс табиғат, бақташылар өмірі сол баяғы күйінде көз алдыңнан өтіп жатады. Нағыз



қазақтың иісі аңқып тұрған «Мерей» өлеңіндегі мына бір шумақтарға назар аударайықшы:

*Ауылым болушы еді күнде боран,  
Өзгеріп кетті қазір мүлде балаң.  
Қаздардың қаңқылынан қаймақ жалап,  
Түнде сәл Ай сәулесін тыңдап алам.*

Керемет сөз кестелері арқылы өрілген мұндай қазақты өлеңді оқығанда қалай ғана селт етпей қаларсың? Осы ойды «Сақманда», «Ауыл кеші», «Көктем», «Түз тағысы», т.б. өлеңдерінде өрбітеді.

Тыныштықбек Әбдікәкімов – қазақ жырының бағына туған дара талант иесі. Оның поэзиясындағы ерекше тоқталатын жай – ақынның ерекше образды, бейнелі сөз кестесі. Нағыз ақындық нақыш сөзбен салынған сурет, таптырмайтын теңеу, орамды айтылған ой, селт еткізетін сезім, қиюы келіскен ұйқас, тосын түйін – жаңаша жазатындығын жазбай танытатын осындай-осындай шеберліктің шынайы белгілері. Тыныштықбек Әбдікәкімов өлеңдерінде көптеп кездеседі. Мысалы, мына бір әдемі метафораларға көңіл аударайықшы.

*Мендегі сөз – құлынды, көз – боталы...  
Бұл дәурен қайталанса жазда тағы!..  
...Қыз – көктем көл басына асығады  
Бұрымы бұлт ішінде тарқатылып.*

Ақынға ерекше шабыт әкелер көктем табиғатын «бұрымы тарқатылған қыз» бейнесінде суреттей отырып, өзінің де терең ойға шомылар шабытты шағын «құлынды, боталы» деп ауыстырады, ол ар жағынан туғалы тұрған түйдек-түйдек жыр екені сөзсіз. Жалпы ақын лирикасында рәміздік бейне ретінде *тау, сай, ай, жұлдыз, бұлт, боран, күн, тұман, самал, шерлі түз* сияқты табиғат құбылыстары мен бөлшектері жиі кездеседі және әрқайсысын түрлендіріп қолданады. Мысалы, бір ғана түннің өзін *қара түн, қорқынышты түн, суық түн, бөрте түн, көк түн* деп көңіл күйіне қарай құбылта қолданады.

«Бүйен-сайға құйылып уыз тұман», «Көшеде – күз, көңілде – көктем есен», «Көз аспаған бір мұңның бөлтірігі»,

т.б. көптеген әдемі метафоралар мен «Көгілдір нұр төгіп түр көкте жұлдыз», «Қаз дауысы аңқыған қоңыр желге», «шегірткенің інжулі шырылынан», «Жыртық көңіл онымен жамалар ма?» деген айшықты эпитеттер Тыныштықбек Әбдікәкімов тілінің көркемдігін танытады деп білемін.

*Марқа – көңіл маңырап болмай қойды,  
Терезеден Ай қарап теке мүйіз... [1.8]  
...Сол жылы Күн де жиі қызарақтап,  
Ал түнде ай қарайтын шекесінен [1.10]  
...Бұлтқа сүйеп маңдайын, қыбыр етпей,  
Тау басында әлі отыр Ай құнысын [1.58].*

Өлең шумақтарында метафора, эпитет, кейіптеулер өте орынды қолданылған. Өлеңдерінде Айдың өзін бірде эпитет, бірде метафора, бірде кейіптеу ретінде алып түрлендіре қолданады. Қалай суреттесе де өлең көркемдігін асқақтата түседі. Ақын нені суреттесе де өзіне таныс өмірден алыс кетпейді, ұлттық бояу, ұлттық нақышпен өрнектейді. Ал мынадай орынды теңеулерді басқа ақындардан кездестірмедім.

*...Ай да туар сақалындай ешкінің,  
Ол да өзгермес, жарықтық [1.58].*

*...Түтіндеймін еріксіз...*

*Сүлейменнің  
Құмырасы секілді жын қамалған [1.43].*

Жалпы мұң мен зарды, ар мен ұятты, жауыздық пен жақсылықты, пасықтық пен адалдықты бір-біріне қарсы қоя отырып суреттеу жиі кездеседі.

Ақын өлеңдерінде бір мұң, бір сыр аралас назды сарын басым, яғни, ақын элегиялық сарындағы шығармаларды көп жазады. Сондай-ақ өлеңдерді сюжетке құру, диалог, монолог арнау түрінде жазу кездеседі. Мұндай өлеңдері ойнақы, жеңіл ұйқасқа құрыла отырып, оқырманды өзіне тарта түседі. Сондай өлеңдерінің бірінен мысал келтіре кетейін.

*- Сені гашық дейді зой?*

*- Ол кім тағы?*

*- Болды, болды, айта бер, тартынбағын...*

- Балкім, сорым, білмеймін, балкім, бағым,

Бар еді бір қарындас,

Ал тыңдағын... [1.36].

Ақын өлеңдеріндегі тағы бір тоқтала кететін жай – онда аллитерация мен ассонанстың қолданылуы.

*Қайдасың сен, бауырым – қоңыр тауым?!*

*Қайдасың сен, самал жел – қарындасым?!*

*Қайнамайды мендегі қалайша қан:*

*Қаңтарда да көрмедім балауса қар!... [1.23].*

«Қ» дыбысының қайталануы лирикалық кейіпкер толғанысын жеткізуде орынды қолданылған. Мұндай дыбыстық қайталаулар ақын өлеңдерінде көптеп кездесіп отырып, оның сөздік қорының да мол екенін танытады.

Т.Әбдікәкімов өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін осылайша зерттей отырып, оның бос сөзді, жеңіл ойлы ақын емес, көркем сөздің құнын түсінетін, оны орынды қолдана білетін шешен тілді, терең ойлы, нағыз қазаққа тән сөз қолданысы мен мінезі бар ақын екенін таныдым. Оның ұлтжандылығы мен адамгершілігі, қарапайымдылығы, мықтылығы, қайсарлығы, даралығы қазақ поэзиясына тән қасиет деп білемін. Кейінгі жас буын ақындары оған еліктейтіні сөзсіз. Олар Тыныштықбек Әбдікәкімовтей бола алмаса да, оның өлеңдеріндегі жоғарыда аталған қасиеттерді бойларына жинастыра алса, сол арқылы қазақ ақындары салып кеткен дара жолды жалғастыратыны сөзсіз.

Т.Әбдікәкімов поэзиясы қыры-сыры мол, әлі де көп зерттеуді қажет ететін қызықты да құнды зерттеулер көзі деп айтқым келеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Т.Әбдікәкімов. Ақшам хаттары (өлеңдер, балладалар, толғаулар). А., «Жалын», 1993.
2. З.Қабдолов. Сөз өнері (монография). II том. А., 1983.
3. А.Сапышев. Ақын. «Ертіс өңірі», 2003.
4. С.Төлеуов. Бір түрлі ақын... бұрын соңды болмаған ақын. «Семей таңы», 2003.

Кәмшат ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ,  
«Үшжарма» орта мектебі мектепке  
дейінгі шағын орталығымен»  
мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.

Алматы облысы,  
Балқаш ауданы.

## КҮНДЕЛІК БЕТТЕРІНЕН...

Өз ата-анасы үшін ұялатын құрбыларымды көрдім.  
Ата-анасы малшы болғаны үшін. Ал мен ешқашан ұялған  
емеспін. Білсін қайта қарапайым малшыдан да мен сияқты  
қыз туатынын!

*1993 жыл.*

\* \* \*

Мен Мұқағалиды бұрын қалай байқамағанмын? Кере-  
е-мет! Мұқағалидай ақынның өлеңдерін тебіренбей оқу  
мүмкін емес! (Әдебиетші бола тұра осы уақытқа дейін  
Мұқағалиды білмегеніме қатты ұялдым).

*2003 жыл.*

\* \* \*

Білім жетілдіру курсына барып, білімін көтеріп келген  
мұғалімді мен оғы толы оқшантайға теңер едім.

*9 ақпан, 2006 жыл.*

\* \* \*

Мұқағали ақынға көп кедергі кездесіп, жаны жабырқап  
жапа шеккен ғой. Кейде өзімді осы ақын тағдырына  
ұқсатқандаймын. Неге дүниеге басқалардың көзімен  
қарамаймын? Мен ақын емеспін ғой жаны нәзік?! Менен  
гөрі мұңсыз, арсыз адамдар бақытты шығар ...

\* \* \*

«Тырнадан қарауыл қойсаң, төбеңнен қиқу кетпес» деген (Мансапқор, білгішсымақ замандасым бастық болғанда келген ой).

*2006 жыл.*

\* \* \*

Мен бүгін музыкант Бауыржанды танымай тұрмын. Ән айтқанда арқаланып кететінін қалайша байқамағанмын? Бауыржан ерекше адам танығысыз өзгеріп, құлпырып кеткен. Нағыз өнерді сүйетін, өнерге жаралған жігіт қой Бауыржан!

*4 наурыз, 2008 жыл.*

Балалармен жұмыс істеу – қандай бақыт! Мұны өз кәсібін сүйген адам ғана түсінер, сірә?! Осы орайда, Нина – өз мамандығын шексіз сүйетін, өте еңбекқор, ізденімпаз ұстаз.

*7 наурыз, 2008 жыл.*

\* \* \*

Бала жанының бағбаны саналатын мұғалімге тәкаппарлықтың, салқындылықтың мүлде керегі жоқ дер едім. Баламен бірге бала боп кететін сәби жанды мұғалімдер көп болса, шіркін... Бәлкім, болашақта, оқуға қабылдарда осы жөнінен емтихан өткізу керек шығар?!

*2010 жыл.*

\* \* \*

Ойда-жоқта келген Әнелдің қазасы бәрімізге ауыр тиді. Әттең, тым ерте кетті! Өкініштісі «Өмірде осындай еңбекқор, білімді, ізденімпаз, парасатты, кәсіби шеберлігі жоғары ерекше ұстаз дүниеден өткенде сол бір аяулы жанға лайық құрмет көрсетіліп, мектепте тым болмаса бір бұрыш ұйымдастырылмады-ау» деген ой жанымды жегідей жейді. «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» демекші, Әнелдің тырнағына да тұрмайтын базбіреулер өмір сүргеніне мәз болып, «той тойлап» өмір сүріп жатыр-ау...

Адамның сөйлеген сөзінен ішкі жан-дүниесін, парасатын, мәдениетін байқау қиын. Менімен келісетін шығарсыз?

\* \* \*

Өмірге келген соң «Тағдырыма жазғаны осы екен» деп қолды қусырып отыра бермей, күресе білу керек. Рухымықты жандар дәл осылай етсе керек. Осы орайда даңқты қолбасшы, КСРО батыры, әйгілі Бауыржан Момышұлының «Мүмкіндігіңнен мақсатың жоғары болсын!» деген қағидасын ұстанатынымды несіне жасырайын?! Сондықтан «Жұмыс істегім келеді, бірақ жалақым аз» дейтіндердікі сылтау деп түсінемін.

\* \* \*

Әттең! Қанша мектепішілік мерекелік концерт, кештерді жүргізіп жүріп үлкен сахнаны бағындыруды, ауданға шығуды армандаушы едім. Енді соның сәті түсіп еді, дәлірек айтсам, өзім ерекше сүйіп оқитын Мұқағали ақынның 80 жылдық мерейтойын жүргізуге ұсыныс айтқан еді. Мен тура сол кезде курсқа кетіп қалып, кураторым жібермей қойды. Бұдан артық өкініш бар ма?!

Бірақ әлі де үмітімді үзбеймін. Кейіннен қалаға барып жатсам, міндетті түрде қазақ радиосына барып көрмекпін. Бала кезімнен арман болған дикторлық, есімі елге танымал Сауық Жақанованың ізін басу әйтеуір бір іске асатынына сенімдімін.

*9 ақпан, 2011 жыл.*

\* \* \*

Ана бала, мына бала деп өз балаларыма тіпті мән бермеппін (Мұғалімнің өз баласына қарауға мұршасы болмайды деген осы шығар?!). Мөлдірімнің маған қарағанда дауысының әдемі, мәнерінің жақсы екенін бүгін поэзия кешінде Мұқағали ақынның өлеңін нақышына келтіре оқығанда бір-ақ байқадым. Осыдан бастап өз

перзенттеріме жете көңіл бөле бастадым. Енді Ілиясымның дауысын, мәнерін жолға қойғым келеді.

\* \* \*

Ақ сөз ащы болады емес пе? Менің айтқан кейбір сындарым (сабақ талдауда) әлдекімге ауыр тиіп, мұғалімге қателесуге болмайтын болмашы жерден оңбай қателесті. Сынды қабылдай білмейтін сасық кеуде екенін көрсетіп қойды. Егер бұған басшылар көз жұмып қарай берсе, сірә, алдымыздан дарынды шәкірт емес, дарынды қой тәрбиелеп шығатын шығармыз....

*2011 жыл.*

\* \* \*

Қазақтың әрбір перзенті Мұхтар Шахановтай болса, қазақ нағыз қазақ болмай көрсін! Десе де, ұлтжанды азаматтар жетерлік. Бір ғана Ерболаттың (Құдайбергенов) өзі не тұрады?! Қазақ әндерін (әсіресе, «Мен – қазақпын») рәпке келтіріп, селкілдеуік музыкаға бейім дүбәра жастарды ұлтжандылыққа жетеледі емес пе?! Сондықтан мен Ерболаттай інімнің алдында басымды иемін!

*2012 жыл.*

\* \* \*

Жалпы, мен өте әсершіл адаммын. Бүгін «Балалар үйіндегі» жетім балалардың концерті болды. Қандай сүп-сүйкімді, үріп ауызға салғандай балалар! Өнерін айтсаңызшы! Қандай адамзаттың баласы екен осыларды көзі қиып тастаған? Еріксіз көзіме жас үйірілді.

Түстен кейін «Еуразияда» жақсы концерт болды. Көңіл-күйім сондай көтеріліп қалды. Арасында билеп те алдым.

Кешке «Еларнада» «Мүмкін емес!» бағдарламасы болды. Онда қазақ қызының тағдыры, адамды еліктіретін, наша секілді адамды қоздырғыш түрлі сағыз, дәрілер, оның зардабы, нәтижесі туралы ашық айтып көрсетті. Тіпті, дәрінің күшінен бала сүю қабілетінен айырылған

өрімдей жап-жас қыздардың тағдыры туралы көрсетті. Қорыта келе, қазіргі бала түсіруге қолданып жүрген қытай дәрілерінің малға арналғандығын, оның бәрі қазақты құртуға бағытталып жатқанын да айтып өтті журналист. Сұмдық-ай! Заман не болып бара жатыр десеңізші! Мұның алдын алу керек! Өткендегі агент туралы дөңгелек үстел өткізгеніміздей, қыздар арасында да ашық әңгіме өткізу керек. Әйтпесе, қалаға барып, «қорқау қасқырлардың» қолына түсіп, арандап қалып жүрер...

Бір өкініштісі, осының бәрін істеп жүрген – өзіміздің қазақтың жігіттері! Соларды да анадан туды дейді ғой! Лағынет атсын оларды! Баяғыда бір атамыз қатты назаланғанда қарғапты дейді ғой біреуді «Ерінің жылыға тимесін!» деп. Ол дегеніңіз «Бала сүймей өт өмірден!» дегені ғой жарықтықтың. Мен де соны айтқым келеді!

*22 сәуір, 2012 жыл.*

\* \* \*

Кей адам ел алдына бір мақсат қойса, мен бірнеше мамандықты армандадым, яғни, актриса, диктор, журналист, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болуды армандадым. Бірақ ата-анам әртіс болуыма мүлде қарсы болды. Қазір мұғалім бола жүріп, бәрін қатар алып жүрмін дей аламын. Өзім жете алмаған биіктікке, өзім жете алмаған арманға балаларым мен шәкірттерім жетіп, солар бағындырса, арман не?!

\* \* \*

Шіркін, қазіргі балалар бақытты ғой! Өзін қалай көрсетем десе (бойындағы түрлі қабілеті мен талантын көрсету үшін) түрлі байқаулар да, жарыстар да жетерлік. Тек ерінбесең болғаны... (Бізге мұндай бақытты жазбапты).

\* \* \*

Аллаға шүкір, тәңірім мені жан-жақты дарынды етіп жаратыпты (Мақтанып тұр деп ойламаңыз): ән айту, би



билеу, мақала жазу, пародия келтіру, рөлді сомдау, кез келген сценарий бойынша бір қарап шығып-ақ кешті жүргізу, тосыннан сөйлеу. Әрине, бұл үшін мен марқұм ата-анам қарыздармын. Алайда маған ең қымбат, қимас жандарым – ата-анам алдындағы парызды өтеу бақытын бұйыртпапты.

\* \* \*

Бүгінгі ер-азаматтардың өмірі рақат! Әрине, бәрі емес. Үйдің табысы, бала тәрбиесі, тауқыметі – бәрін әйелінің иығына молынан артып қойған. Бейне әйелдің көрер азабы жеңілдей!

\* \* \*

Мектепті әрең бітіріп, мұғалімдікті оқып алып, балаға деген титтей де жылуы жоқ, дөрекі де жалқау немесе әдеміленіп киініп, боянып, жасанды түр көрсететін «сырбаз да сыпайы» әріптестерімді көргенде солар оқытып жатқан шәкірттерді аяймын. Сірә, қазіргі балаларды өздерінің киім киісімен, әдемі келбетімен, «шешен сөзімен» ғана емес, білімділігімен әрі мейірімділігімен баурайтынын білмесе керек?!

\* \* \*

Біреудің еңбегін ұрлап алуды, «сұрамай» көшіріп алуды плагиат дейміз. Ал беті бұлк етпестен біреудің идеясын ұрлап күн көретін дарынсыздарды қалай атаймыз?

\* \* \*

Қазіргі адамдарда рухани жағынан азғындау байқалады. «Ұлық болсаң, кішік бол!» демекші, қарапайымдылық, кішіпейілділік танытсаң, оны сорлылық, бейшаралық деп ұғады. Ал дақылы жоқ бидай құсап көкірегін керіп, білгішсініп («Жамандар жақсымын деп айқайлайды» деген осы шығар?!), біреудің сөзін, идеясын баппен айтып «парасаттылық» танытса, соған құлай сеніп, өлгенше жалпақтап жатқаны. Сірә, асыл мен жасықты танымайтын көрсоқырлар болса керек?!

Көзі тірісінде әйелін көруді арман етіп көре алмаған мен де, өзім сүйіп оқитын Мұқағали ақынның 80 жылдығына баруға деген керемет құлшыныс пайда болды. «Мұқағалидай ақын туған киелі жерді аяғыммен басып, мұражайын араласам» деп керемет желпіндім. Белгілі себептермен бара алмадым. Сөйтіп, рухани қажеттілік қол жетпес сағым болды. Бірақ туған тілі, туған халқы үшін қасық қанын қиюға әзір Мұхтар Шахановтай ұлы адамдардың барғанын естігенде өкініштен өзегім өртенді. Мұндай асыл адаммен кездесудің өзі бір ғанибет емес пе?! Бірақ бәрі кеш еді...

\* \* \*

Мен бүгін байқауға қатысушы бәсекелестерді байқап тұрған жоқпын. Мұндағы мұғалімдердің дені бір-біріне тілектес сияқты. Кезегі келген әріптестеріне сәттілік тілеп, тіпті құттықтап жатыр (Әрине, бәрі емес). Тура осы жағдайды өткенде аудандық Мұқағали Мақатаев атындағы жыр мүшәйрасында көріп едім. Ондағы мүшәйраға келген қатысушы балалардың бір-біріне сыбырласып, тіпті, хормен жабыла айтып, жанашырлық білдіргеніне жаным кірді. Бала болса да, бірі-бірімен сайысқа түссе де, бір-бірінің сүрінбеуін қаламаған сүттей аппақ кіршіксіз таза сезімдерді, ашық көңілдерді көрдім. Көрдім де сүйсіндім. Сүйсіндім де сүйіндім. Иә, осы таза сезімдерің, ниеттерің лайланбағай!

*3 мамыр, 2012 жыл.*

Кейбір құрбыларымның іші өте тар әрі онысын жасыра алмайды да. Алла дарын, қабілет бермесе де, басында ештеңе болмаса да, есесіне олар өзін керемет бағалайды, яғни, өзіндік бағасы тым жоғары. Иә, қазіргі заманда өзімшіл, бетсіз, арсыз адамдар көбейіп келеді. Сірә, пысықтықты бетсіздікпен, көргенсіздікпен шатастырып алса керек?!

Клара ТӨЛЕПБЕРГЕНОВА,  
Абай атындағы  
мектеп-гимназияның  
мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы.

## «ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** жыр мазмұнын ашу, композициялық құрылысын, көркемдік ерекшелігін талдау; кейіпкерлер бейнесін ашу, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді тапқызу; алған білімдерін жинақтау, ой-өрісін кеңейтіп, пікіралмасуда өз ойын ашық айтуға тәрбиелеу.

**Түрі:** бекіту сабақ. **Әдісі:** зерттеу, талдау, ой қозғау, тестілеу, тыңдау, мәнерлеп оқу, салыстыру, сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланыс:** тарих, география. **Көрнекілігі:** интербелсенді тақта (слайд), тест.

### Сабақтың барысы.

**Ұйымдастыру.** «Не білем?» тренингі. Оқушылар «Шаттық шеңберіне» шақырылады. «Жібек», «Төлеген», «Бекежан», «Шеге» сөздері жазылған үлестірме қағазды суыра отырып 4 топқа топтасады. Оқушылар өз орындарына орналасқаннан кейін әр топ осы сөздердің тақырыпқа қандай қатысы барын қысқаша айтып шығады.

### Негізгі бөлім. 1. Зертте, талда.

I топ: «Қыз Жібек» жырының тарихи маңызы. II топ: «Қыз Жібек» жырының зерттелуі. III топ: Жырдың композициялық құрылысы. IV топ: Жырдағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып (Бата, көш, қыз қылығы, теріс бата, жеңгелік, қалыңдық ойнау, түс

көру, түс жору, қоштасу, әмеңгерлік, жүзін жасыру).

2. Жырдан үзінділермен дәлелдей отырып кейіпкер бейнесін ашу.

Кейіпкер	Қандай?	Жырдан дәлел келтіретін үзінді

3. Жырдың көркемдік ерекшелігі. «Семантикалық карта» кестесін толтыру.

Мәтіннен үзінді	Те- неу	Пор- трет	Ритори- калық сұрақ	Алли- тера- ция	Эпи- тет
Белі нәзік талып тұр, Тартқан сымнан жіңішке, Үзіліп кетпей не ғып тұр?					
Ақ бетінің қызылы Ақ тауықтың қанындай. Екі беттің ажары Жазғы түскен сағымдай.					
Қайдан келіп кез болдың, Қаңғырып өскен бір қу бас? Кесірім ұрып кетпесін, Қасыма келмей, аулақ қаш!					
Қызыл тіл, енді қақсама, Қарға, құзғын жемесін. Жасыра кеткін жүзімді, Замандас едің, жақсы аға.					

#### 4. Тест.

##### 1) Жағалбайлы кімнің елі?

- А) Сырлыбай ханның;                      Ә) Қаршығаның;  
Б) Базарбайдың;                            В) Қыз Жібектің.

##### 2) «Қыз Жібек» жыры кімнен жазылып алынды?

- А) Жүсіпбек Шайхыисламұлынан;  
Ә) Мұсабай ақыннан;  
Б) Сайлау Мұратовтан;  
В) Жиенбет жыраудан.

##### 3) Кімнің бейнесі?

- Ақ бетінің қызылы  
Ақ тауықтың қанындай.

Екі беттің ажары

Жазғы түскен сағымдай.

- А) Қыз Жібек;                      Ә) Қыз Жібектің анасы;  
Б) Көш бастаған қыздар;    В) Қыз Жібектің жеңгесі.

**4) Төлегеннің анасы кім?**

- А) Қамқа;    Ә) Қамар;    Б) Қарашаш;    В) Қаракөз.

**5) Төлегеннің кімге айтқан сөзі?**

Қызыл тіл, енді қақсама,

Қарға, құзғын жемесін.

Жасыра кеткін жүзімді,

Замандас едің, жақсы аға.

- А) Қаршыға;              Ә) Шеге;  
Б) Бекежан;              В) Қарақшыларға.

**6) «Қыз Жібек» фильмі басталғанда айтылатын ең алғашқы сөз қандай?**

- А) «Ағайын!»;              Ә) «Аруақ!»;  
Б) «Алдияр!»;              В) «Алты алаш!».

**7) Жібек Төлегенді алғаш көргенде оның алқалы топ алдында ашына айтқан сөздерін ауызын аша тыңдап қалып...**

А) ұйтқи соққан желмен басынан бөркінің ұшып түскенін байқамай қалады;

Ә) қолындағы кесе толы қымызды төгіп алғанын байқамай қалады;

Б) жеңінен тартқан жеңгесін елең қылмай, ортаға шыға келгенін сезбей қалады;

В) ештеңе деместен бұрылып жүре береді.

**8) Көш кезінде Жібек күймемен келе жатады, ал оның жеңгесі ше?**

- А) түйеде;  
Ә) сәйгүлікте;  
Б) күймеде Жібектің жанында;  
В) киіз үйде.

9) Жібектің Төлегенге мінгізген тұлпары қалай аталады?

А) Бозайғыр; Ә) Тарланбоз; Б) Ақбозат; В) Ақбөрте.

10) Жауға қарсы аттанған Төлегенге кім бата береді?

А) әкесі Базарбай; Ә) анасы Қамқа;

Б) досы Шеге; В) ауыл ақсақалдары.

Төлеген мен Қыз Жібектің қандай қасиеттерін өз бойларыңда болғанын қалайсыңдар? Неге? (Әр оқушы бір-бір қасиетін айта отырып, түсіндіріп береді)

**Үйге тапсырма.** «Бекежан болсам мен егер...» тақырыбында ойтолғау жазып келу.



**Айымжан МЕНДІХАНҚЫЗЫ,**

**К.Мендалиев атындағы  
жалпы орта білім беретін  
мектептің мұғалімі.**

**Батыс Қазақстан облысы,  
Қазталов ауданы,  
«Жалпақтал» ауылы.**

## **СӨЗЖАСАМНАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ**

**Мақсаты:** сөзжасам тарауын қайталата отырып, сөздердің жасалу жолдарын меңгерту, сауатты жазуға, сөйлемді дұрыс құрай білуге дағдыландыру; дара және күрделі сөздерді пайдалана фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау жүргізу.

**Түрі:** қайталау сабағы. **Әдісі:** СТО жобасы бойынша (сұрақ-жауап, топтастыру, талдау жұмысы, тест). **Көрнекілік:** кеспе қағаздар, тест, мәтіндер жазылған топшамалар

## **Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** Сәлемдесу, түгелдеу, оқушының зейінін сабаққа аудару. Сыныпты төрт топқа бөлу.

Оқушыларға өздерінің аты-жөні жазылған бағалау парағын таратып, толтырылу ережесімен түсіндіру.

Әр жауап сайын тапсырманың түріне қарай бөлінген бағанға бір ұпайдан қосып отырады.

### Қызығушылықты ояту.

**Сұрақтар арқылы сабақтың тақырыбын ашып, мақсатын анықтау.**

1. Сөзжасам дегеніміз не? (**К**)
2. Сөздер құрамына қарай нешеге бөлінеді? (**А**)
3. Дара сөздер дегеніміз не? Мысал келтір. (**З**)
4. Күрделі сөздер дегеніміз не? (**А**)
5. Күрделі сөздер жасалу жолына қарай нешеге бөлінеді? (**К**)
6. Біріккен сөздер дегеніміз не? Оның неше түрі бар? Мысал келтір. (**С**)
7. Қос сөздің қандай түрлері бар? Мысал келтір. (**Т**)
8. Қысқарған сөздер дегеніміз не? Мысал келтір. (**А**)
9. Тіркескен сөздер дегеніміз не? Мысал келтір. (**Н**).

**Топтастыру.** «Қазақстан» (Қандай ел?)

### Мағынаны тану. **Тапсырмалар орындау.**

**I. Оқушылық деңгей.** Төрт топқа тәуелсіз ел туралы төрт түрлі афоризмдер, даналық сөздер, мақал-мәтелдер таратып беру.

Мәтінді оқып танысады. Мазмұнын айту.

**1-топқа.** 1. Тәубеңнің басы тәуелсіздік болсын! 2. Ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі – тәуелсіздік. Тәуелді ұлт бұл байлықтың бәрінен айырылып, бейшара болады.

**2-топқа.** 1. Тәуелсіздік – азаттықтың алтын діңгегі, ұлттық өрлеудің ұлы күші. Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, қызыл – қайратты, халқы – қаһарман. 2. Тәуелсіздікті анандай ардақта, балаңдай мәпеле, құдайдай құрметте!

**3-топқа.** 1. Тәуелсіздік үшін тәніңді де, қаныңды да, жаныңды да аяма. Ең қасиетті күрес – тәуелсіздік үшін күрес екенін ұмытпа! 2. Ханның да, қараның да рухани өзегі – тәуелсіздік. Өзегінен айырылған ел өледі.

**4-топқа.** 1. Тәуелсіздің тынысы тарылмайды, тәуелдінің тұншықпасы айырылмайды. Тәуелсіздер тойын қуанышпен тойлайды, тәуелділер қалай азаттықты алуды ойлайды. Тәуелсіздік тойын тойла, тойлай жүріп оны өркендетуді ойла. Оған өзіңнің қосар үлесіңді пайымда!

**II. Алгоритмдік деңгей.** Әр топ өз мәтіндерінің ішінен бір сөйлемге синтаксистік талдау, екі сөзге морфологиялық талдау жасайды.

### **III. Ізденімдік деңгей (Тақтада орындау).**

а) 1-топ «Бейбітшілік», 2-топ «Тәуелсіздік», 3-топ «Егеменді», 4-топ «Келісім» сөздеріне фонетикалық талдау жасайды.

ә) Әр топтан бір оқушы тақтада орындайды, қалған оқушылар «Желтоқсан» сөзіне фонологиялық талдау жасайды.

### **Тест тапсырмасы:**

#### **1. Біріккен сөзді тап.**

а) ұзынды-қысқалы; ә) итмұрын; б) демеуші.

#### **2. Күрделі сөзді көрсет.**

а) білім; ә) жаздай; б) биыл.

#### **3. Қос сөздің жасалу жолын табыңыз.**

а) шылау арқылы; ә) сөздің тіркесуі арқылы;  
б) сөздің қайталануы арқылы.

#### **4. Қос сөз – қай сөз табы екенін тап.**

*Ақиқат – өзін-өзі ақтап алар.*

а) зат есім; ә) сын есім; б) есімдік.

#### **5. Сөз тудырушы жұрнақ бар сөзді табыңыз:**

а) биыл, оп-оңай; ә) орманға, күні кеше;  
б) жасау, жазушы.



## 6. Қысқарған сөзді табыңыз.

а) бүгін, ертең;      ә) ата-баба;      б) педколледж, атком.

## 7. Тіркескен сөзді тап.

а) оқушы;      ә) мұғалім;      б) алтын сағат.

Ойтолғаныс. **Қазақстан кеше, бүгін, ертең ...**

(Оқушылардың ойлары тыңдалады. Тыңдалып болғаннан соң мәтін таратылады.)

### **Кеше** (*Өткен тарихқа шолу*)

Құс ұясыз болмайды, адам Отансыз болмайды. Ал менің Отаным – сонау Каспийден Алтайға дейін созылып жатқан қасиетті өлке – Қазақстан! Қазақстан – тәуелсіз, азат ел! Сол тәуелсіздік жолында қазақ бабам не көрмеді десеніңші?! Еліміздің басынан азап та, аштық та, сұм соғыс та өтті. Әсіресе, XX ғасыр қазақ халқы үшін ауыр, қайғыға толы кезеңдерімен есте қалды. 1916 жылғы көтеріліс, 1928-1932 жылдардағы алапат аштық, 1986 жылғы әлемді дүр сілкіндірген Желтоқсан көтерілісі. Бұның барлығы да қазақ жеріне ауыр жара салды. Біз оны ешқашан ұмытпаймыз. Себебі, бұл – тарих.

### **Бүгін** (*Бүгінгі күннің тарихына шолу*)

Біздің туып өскен жеріміз, еліміз – Қазақстан. Еліміз пайдалы қазбаларға өте бай. Қазір ынтымағы жарасқан орыс, татар, өзбек, неміс, түрік, т.б. көптеген ұлттың өкілдері тұрады. Еліміз бүгінде дүниежүзінің көптеген елдерімен достық байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге айналды. Біздің еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бейбітшілікте нығайту жолында көп жұмыстар атқарып келеді. Еліміз ТМД, БҰҰ ұйымдарына мүше. Қазір еліміз алдыңғы қатарлы дамыған 50 елдер қатарына қосылуға талпынып жұмыстар атқаруда. Мемлекетіміз заман талабына сай дамып келеді.

## «АДАМ ҮШІН ЕҢБЕГІМ . . .»

*(Шәкәрім шығармашылығын қорытындылау, 10-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Шәкәрім шығармашылығынан алған білімдерін жүйелеу; **дамытушылық** – оқушыларды өз ойын тиянақты жеткізе білуге дағдыландыру, танымдық деңгейлерін көтеру, ой-өрісін, логикалық, есте сақтау және шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – Шәкәрімнің әдеби мұрасын қастерлей білуге, шығармаларының мағынасын терең түсіне білуге, оқушыларды еңбекқорлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу және білімді болуға ұмтылдыру.

**Түрі:** білімді бекіту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздендіру, топтастыру, талдау. **Көрнекілігі:** слайд шоу, кесте, парақшалар. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы, қазақ тілі.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.** Оқушылардың назары сабаққа аударылады.

- Балалар, бүгінгі сабағымызда Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығынан алған білімдеріңізді теледидардан таныс «Алтын қақпа» ойыны арқылы жүйелемекпін. Ол үшін сіздер екі топқа бөлінесіңдер.

**«Тас қақпа».** Жедел сұрақтар (Әр топқа 5 сұрақтан қойылады).

**I топқа:**

1. Шәкәрім қай жылдары өмір сүрді? /1858-1931\ 2. Абай

мен Шәкәрімнің туыстығы \Шәкәрім – Абайдың немере інісі\ 3. Алғашқы өлеңінде қай жәндік туралы айтты? \жұлдызқұрт\ 4. Поэмаларын ата. \«Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Ләйлі-Мәжнүн», «Нартайлақ-Айсұлу»\ 5. Шәкәрімнің қаншаға жуық әндері бар? \ 20-ға жуық\

## II топқа:

1. Шәкәрімнің лақап аты \Мұтылған\ 2. «Қалқаман-Мамыр» «поэмасы қай жылдары болған оқиғаға негізделген? \1823 \ 3. «Ажалсыз әскер» өлеңінің тақырыбы \Сөз өнері\ 4. Шәкәрім қандай тілдерді жетік білген? \араб, парсы, түрік, орыс\ 5. «Әділ-Мария» қай жылы жазылды? \1923\

- Балалар, «**Күміс қақпада**» бірнеше тапсырма орындаймыз

**Бірінші тапсырма.** Семантикалық кесте толтыру

Жылдар Оқиғалар	1917 жы- лы	1931 жы- лы	1858 жы- лы	1904- 1905 жыл- дар	1879 жыл- дан бас- тап	1909- 1910 жыл- дар	1866 жы- лы
Шәкәрім дүниеге келді.							
Әкесі Құдайберді қайтыс болды.							
Меккеге сапар шекті.							
Елден жырақ кетеді.							
Ел ішіне оралады.							
Өлең жазумен шұғылданады.							
Өмірден өтеді.							

**Екінші тапсырма** «Топтастыр» деп аталады. Ақын өлеңдерін тақырыбына қарай топтастыру. Қалаған өлеңдерін екі топ жатқа айтады.

### **Үшінші тапсырма – «Толықтыру тестісі».**

1. Шәкәрім Меккеге қажылыққа барғанда ... кітапхана-сында болды. (Стамбул) 2. ... шығыс аңызы желісімен шығарылған дастан. («Ләйлі-Мәжнүн) 3. Шәкәрімнің бойында ..., ..., ..., ... сияқты қасиеттер болған. (ән айту, гармонияда ойнау, саятшылық құру, қолөнермен айналысу) 4. Орыстың ұлы ақын-жазушылары ..., ... шығармаларын қазақ тіліне аударды. (А.С.Пушкин, Л.Н.Толстой) 5. ... Абай өнегесін үлгі ете отырып, адам болу, азамат болу білім арқылы келетінін айтады. («Жастарға» өлеңінде) 6.«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» әнін нотаға ... түсіріп алған. (Затаевич) 7. Абай үшін «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы болса, Шәкәрім өлеңді ... балап, оның таза болуына мән береді. (күміске) 8. «Қалқаман-Мамыр» поэмасында Мамырды Көкенай ... кезінде атады. (аңнан қайтқан) 9.Нысан абыздың айтуы бойынша «биік қабақ, сұрлау қыз»- ... . (Еңлік) 10.«Әділ-Мария» романында ... тағдыры суреттеледі. (махаббатта жолы болмаған жастардың)

### **«Алтын қақпа» тапсырмалары.**

**Бірінші тапсырма «Ойлан, тап»** деп аталады. Ақын өлеңдерінен үзінді оқылады. Оқушылар өлеңнің атын табуы керек.

**Екінші тапсырма – «Поэзия» стратегиясы** бойынша екі топқа «Қалқаман-Мамыр» поэмасынан үзінділер беріледі. Үзінділерді өлең құрылысына талдау.

**Үшінші тапсырма «Қара сөзге айналдыр»** деп аталады. Берілген үзіндіні қара сөзбен айту.

Екі топтың үш қақпадан жинаған ұпайлары есептеледі. Жеңіске жеткен топ «Алтын сандықты» ашады:

**«Сатылай кешенді ой қорыту»** стратегиясы бойынша ақын туралы бар білетіндерін қорытындылау.

Нұрзат БАЙЖҰМАНҚЫЗЫ,  
Найманбай орта мектебінің  
мұғалімі.

Шығыс Қазақстан облысы,  
Үржар ауданы,  
«Мақаншы» ауылы.

## «БАЛЫҚШЫ МЕН БАЛЫҚ» ЕРТЕГІСІ

*(Ахмет Байтұрсынұлы аудармасы, 5-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** а) ертегінің мазмұнын меңгерту;  
б) әркім өз ойларын еркін түрде жеткізу; в) тапқырлыққа,  
шешендікке, салмақтылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** ой қозғау, сұрақ-жауап, ой қорыту.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру.**

**Үй тапсырмасын тиянақтау.**

Робинзонның күнделік дәптерін оқи отырып, адам бойында қандай қасиеттің жоғары болғанын түсіндік?

«Ұстамдылық пен сабырлық нені болса да жеңеді» деген тақырыпта балаларды сөйлету.

**Жаңа сабақ.**

**Кіріспе.** Интерактивті тақтадан ақын А.С.Пушкиннің өмірі, шығармашылығы жайлы тыңдау (қысқаша).

**«Балықшы мен балық» ертегісі.**

- Балалар, бүгінгі ертегіміздің өзіндік ерекшелігі бар. Ертегіні қазақтың үлкен ақыны, ғұлама ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы аударған. Бұл ертегіден көп нәрсе үйренуге болады. Адамгершілік, астамшылық дегенді түсінеміз.


**Кітаппен жұмыс.** Балаларға екі шумақтан мәнерлеп оқыту, буын санын анықтау.

**Сөздікпен жұмыс.** Мәтін ішіндегі түсініксіз сөздермен жұмыс.

*Ырымға мал* – ешбір мал түрінің болмауы.

*Астау* – тамақ салатын ыдыс.


Мәтінге сүйене отырып кемпір мен шалға мінездеме жазу.



Проблемалық сұрақ (Ертегінің идеясын ашу).

Қанағатсыздық неге әкеліп тірейді? Адам қандай болу керек? Осы ертегіден сен өзіңе қандай үлгі-өнеге алдың?

- Балалар, адам баласы өмірде қандай болу керек сен үшін?



- Балалар, енді ойлана келе, тоқсан ауыз сөзден тобықтай түйін шығарайық. Мақал-мәтелдеріміздің тақырыбы адалдық, адамгершілік, достық жайында болсын. Осы айтқан мақалдарымыздан үлкен ғибрат алып жүрейік

Кім білімді және жылдам?

Жұмсақ ойыншықты бір-біріне лақтыру арқылы әдебиет пәнінен алған білімдерін тексеру. Лақтырған бала сұрақ қояды. Алған бала жауап береді.

**Қорытынды.** Қанағатсыздық, жөнсіз астамшылдық, қайырымдылықты сақтай алмаушылықтың неге әкеп соғатынын білген боларсындар.



**Елмира МЕРГЕНБАЙҚЫЗЫ,**  
**Шәкен Айманов атындағы**  
**жалпы білім беретін**  
**қазақ гимназия мектебінің мұғалімі.**  
Павлодар облысы,  
Баянауыл ауданы.

## **ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ**

*(11-сынып)*

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – ақиық ақын Жұбан Молдағалиев өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік беру; ақынның алғашқы туындыларынан көрінетін адамдық-азаматтық тұлғасын ашу; **дамытушылық** – өшпес ұлттық рухты, айтылған өмірді танып білуде оқушылардың белсенділігін арттыра отырып, жан-жақты ғылыми тұрғыда іздене білуге төселдіру; ақынның өмір сүрген қоғамдық ортасымен қарым-қатынасын айқындау; оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру; **тәрбиелік** – бүгінгі ұрпаққа да, келер ұрпаққа да берер тағылымы мол ерлік пен елдіктің үлгісін, өзіндік тұжырым, пікір айту дағдыларына үйрену; оқушыларды Отанын, ұлтын, ұлттық құндылықтарын құрметтеуге,

туған жерге деген патриоттық сезімге, поэзияны сүюге тәрбиелеу.

**Түрі:** ізденіс сипатындағы жобалау (жаңа сабақ).

**Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, пікір алмасу, зерттеу, ақпараттық, шығармашылық жоба. **Көрнекілігі:** Жұбан Молдағалиев портреті, ақынға арналған көрме бұрышы.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру:** оқушылармен амандасу; оқушыларды тексеру; оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

**Үй тапсырмасын тексеру.** Жұбан Молдағалиев туралы деректер жинау, сабаққа алып келу.

**Жаңа сабақ.**

Интербелсенді тақтадан өлең тыңдау.

- Балалар, кімнің әнін тыңдадық?

- Әні – Ерболат Қанатұлынікі, сөзі – Жұбан Молдағалиевтікі.

Сабаққа оқушылар мақсат қояды:

а\ өмірімен, шығармашылығымен танысу; ә\ Жұбан туралы алып келген деректермен ой бөлісу; б\ шығармаларын оқып талдау, дәріптеу;

в\ шығармашылық, ақпараттық жобалау.

- Ақын шығармаларына көз жүгіртейік. (Слайд бойынша түсіндіріп өту)

**Қызығушылықты ояту.**

Сабақтың бұл бөлімін психологиялық дайындықтан бастаған тиімді болмақ немесе ойашар сұрақтардан бастау.

1. Жұбанның отбасы жайлы не білесің? 2. Жұбанның алғашқы өлеңі мен соңғы өлеңі жайында не білесің?



3. 1986 жылы Колбиннің алдында жастарды қорғап сөйлегендердің бірі Жұбан ағамыз еді. Сол жайында не білеміз? 4. Жұбан Молдағалиевтің поэмалары туралы не білеміз? 5. Жұбан Молдағалиевтің атағын аспандатқан «Мен – қазақпын» поэмасы дүниеге қалай келді?

**Мағынасын ашу.** Жаңа ақпаратты меңгеру үдерісінде шешім қабылдайды, сараптайды, білімдерін жаңа біліммен салыстырады, нәтижелерін анықтайды, жаңа сабақ түсіндіріліп, бекітіледі.

Бағыт бойынша модульге түсіру. «Мен – қазақпын.» «Мен – қазақпын» поэмасына логикалық модуль. Идеясы: өз ұлтын сүю, ұлтшылдық, ұлтжандылық. Жұбан шығармаларының басқа ақындармен үндестігі.

Тақырыбы: еліне, жеріне, өз ұлтына деген сүйіспеншілік. Шығармаларының маңызы, ерекшелігі. Ақынның тілі. Қазақтың қуатын, күш-жігерін сөзбен жеткізу. Қазақ кім? Қазақтың сипаты.

### **Бекіту. Ойтолғаныс.**

Оқушылар «Мен кімін?» деген сұраққа жауап береді.

*Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген. Мен қазақпын, ажалсыз анамын мен. Мен жігітпін, айқасқа, сынға асықпын. Мен қаракөз сұлумын, «сайтан» қызбын. «Мен қазақпын» дегенді айта тұрдым. Мен қазақпын, бір биік белеспін мен. Мен Жамбылмын, жауынгер жыр ел тілеген. Мен елдің қорғаны – жиырма сегіз. Мен – Әлия, мен – Мәншүк, мен – Төлеген. Мен қазақпын, жаушы емес, елші халық. Мен – қазақпын жаныммен, жүрегіммен. Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін.*

**Қорытынды.** Оқушылар алған білімдерін өз сөздерімен түсіндіріп қорытындылайды.

**Рефлексия.** Бүгінгі сабақта мен....



Әсем ТӨЛЕҒҰЛОВА,  
Батыс Қазақстан облысының  
Сырым ауданындағы  
Көздіғара жалпы орта білім  
беретін мектебінің мұғалімі.

## МАҚСАТ ҮСТЕУІ

*(6-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** 1) оқушыларға үстеудің мағыналық түрлері, мақсат үстеуі туралы түсінік беру; 2) мақсат үстеуінің сұрақтарын, мағынасын ұғындыру; 3) сөз мәдениетін және ойлау қабілетін дамыту, оқушыларды елжандылыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** жаңа білімді меңгерту. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау стратегиясы. **Көрнекілігі:** кесте-сызбалар, семантикалық карта, топшамалар, тест парақшалары. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті.

**Сабақтың барысы.**

**Ұйымдастыру:** оқушылармен сәлемдесу; оқушыларды түгелдеу; оқушылар назарын сабаққа аудару.

## Қызығушылығын ояту:

1. Үстеу дегеніміз не?
2. Үстеудің сұрақтары.
3. Үстеудің мағыналық түрлері нешеу?
4. Біз үстеудің неше мағыналық түрімен таныстық?

## Үй тапсырмасын тексеру:

1. Жаттығу жұмысын тексеру.
2. Семантикалық карта.

Мысалдар	Мезгіл	Мекен	Мөлшер	Сын-қимыл	Күшейткіш
Тым					
Анағұрлым					
Ақырын					
Ілгері					
Бүгін					
Өте					
Балаша					
Ертең					
Төмен					
Ең					

## Мағынаны тану.

Мақсат үстеуі	Қимылдың, іс-әрекеттің болу мақсатын білдіреді.
Сұрақтары:	Қалай? Не мақсатпен?
Мысалдар:	Әдейі келдім, жорта айтты, әдейілеп шақырды, қасақана үндемеді

**Тақтамен жұмыс.** Берілген сөйлемдерге морфологиялық талдау.

1. Баубек өмірдің ең биігіне өрмеледі. 2. Жанғали мүлде аз өмір сүрді. 3. Нағашым бүгін жұмыстан кешігіп келді. 4. Абай осында келген шаруасын айтты.

**Толғаныс.** «Ол әдейі ойластырылған еді» тақырыбына мақсат үстеулерін қатыстыра отырып, сынып өміріне қатысты әңгіме құрау.

**Бекіту.** Тест жұмысы:

**1. Дұрыс жазылған үстеуді тап:**

- А) жолжөнекей; Ә) ала-жаздай;  
Б) ендігәрі; В) биыл.

**2. Туынды үстеуді көрсет:**

- А) әдейі бардық; Ә) ертең келеді;  
Б) жылдамырақ; В) әрең жүрді.

**3. Мезгіл үстеуін тап:**

- А) бүрсігүні; Ә) ілгері;  
Б) қыруар; В) өте.

**4. Мекен үстеуін көрсет:**

- А) ілгері; Ә) әрең;  
Б) амалсыз; В) тым.

**5. «Тым, ең, кілең» үстеулері мағына жағынан үстеудің қай түріне жатады?**

- А) мезгіл; Ә) күшейткіш; Б) мекен; В) мақсат.

**Бағалау.**

Өзінің бағасы	Сыныптың бағасы	Мұғалім бағасы	Қорытынды

**Үйге тапсырма:** 1) ереже оқу; 2) мақсат үстеулерді қатыстырып, халқымыздың салт-дәстүрлері және өмірімен байланыстыра сөйлем құрап жазу; 3) мақсат үстеуі қатысқан мақал-мәтелдер жазу.

## «АНАНЫҢ АНАСЫ» – АҢЫЗ

(7-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** Ғабит Мүсірепов әңгімесінің ерекшелігін таныта отырып, ананың балаға, адамзатқа деген ұлы махаббатын ұғындыру. Ана бейнесін жан-жақты аша келіп, ана жауапкершілігі бәрінен биік екенін таныту.

**Міндеттері: білімділік** – кейіпкерлердің тіл байлығы мен сөз саптау ерекшелігін түсіндіру, көркемдік тәсілдерін нақты дәлелдер арқылы жүрекке жеткізу, аңыз бен бүкіл өмір шындығымен байланысын ұғындыру; **тәрбиелік** – ана құдіретін таныту, ана мен бала қарым-қатынасы қандай болу керектігіне мән беру, ана жүрегінің баласы үшін қалай соғатынын, бүкіл өмірін соған арнайтынын нақты детальдармен таныту; **дамытушылық** – сөздік қорын молайтуға назар аударып, өзіндік ой-қиялын шарықтата білу қасиетін жетілдіруге баулу, шығармашылық шеберлігін шыңдауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:** 1) Шығармадағы негізгі образдар мен олардың іс-әрекетіне талдау жасай алу; 2) Аңыз әңгіме мен тарихи шындыққа құрылған әңгімелерді салыстыра білу; 3) «Ана – құдіретті күш» деген мәселеге баға беру.

Не арқылы бағаланады?

1. Топтастыру стратегиясы;
2. Кубизм стратегиясы;
3. Екі жақты түсіндірмелі күнделік стратегиясы.

**I. Қызығушылығын ояту: «Ойқозғау»**

«Ана» сөзін «Топтастыру» стратегиясы арқылы ашу. Әр топқа бағалау парақшалары таратылады.

## II. Мағынаны тану:

- Әңгімеші қарттың аты кім еді?
- Кімнен естіген оқиғаны баяндап отыр?

Әңгіменің композициялық құрылымына талдау жасау:

**1. Оқиғаның басталуы** – Жалпақ балуанның Ергенекті елін шабуға аттануы.

**2. Оқиғаның дамуы:** 1-байланыс – Барымташылардың қалың жылқыға кездесуі.

2-байланыс – Тезек теріп жүрген қызды алып кетуі.

**3. Оқиғаның шиеленісуі** – Жылқышының өлімі, Ананың оларды қуып жетіп, жылқыны қайыруы.

**4. Оқиғаның шарықтау шегі** – Ана сөзі, қырық жігіттің Ана сөзіне бас июі.

**5. Оқиғаның шешімі** – Ана мен қызының бостандық алуы.

## «Кубизм» стратегиясы:

**1. Түсінік бер.** Мәтіндегі ананың бейнесі туралы түсінік бер. **2. Салыстыр.** Ана мен Жалпақ балуанның іс-әрекетін салыстыр. **3. Пікір айт.** Ананың ісін көзсіздік деуге бола ма? **4. Зертте.** Қалай ойлайсындар, қырық жігіт пен Жалпақ балуанды тізе бүктірген қандай күш, нендей құдірет? **5. Талда.** Әңгімедегі Ана бейнесін ашатын кестелі, көркем сөздерді, тағы басқа мысалдарды сұрыптап алып, жазушы шеберлігін саралауға талаптан. **6. Баянда.** «Менің атым – әйел», - дейді Ана. Әңгімеде неліктен Ананың нақты есімі берілмейді. Себебін түсіндір.


## «Екі жақты түсіндірмелі күнделік» стратегиясы.

Не таң қалдырды?	Түсінік бер
1. Қалың жылқының Ананың соңынан еріп, шығысқа қарай тартуы.	Қиқулап жылқының оң жағына бір, сол жағына бір шықты да, айналып барып, оң жаққа қарай тарта кеп жөнелді.

2. Барымташылардың мүдіріп қалуы.	Жалпақ мойынын салбыратып, ойланып қалады, содан соң сары қасқа атын әйелге көлденең тарта береді.
3. Ананың баласы үшін басын бәйгеге тігуі.	-Күндіктің ұзын құрығы сарт етіп қызыма түсіп қалғасын,соңдарыңнан қуып келіп тұрмын,-дейді Ана.
4. Жалпақтың ер мінезділігі.	- Өз бойымнан бере алатын сыйым осы-ақ, жеңгей, олқысынбай ала гөр. Өз еркім өзімде тұрғанда,мен де бір адамға ерік берейін, қыз – сенікі. Желден де еркін өмір сүріндер,- дейді.

### III. «Ананың анасы» атты сөзжұмбағын шешу.

1. Адамның бауыр еті (бала)
2. Ас атасы (нан)
3. «Ананың анасы» әңгімесіндегі балуан есімі (Жанай)
4. Қос сөздің сыңары (таныс)
5. Дәрілік қасиеті күшті, қышқыл дәмді сусын (қымыз)
6. Мақалдағы сөз (Көрмегенге көсеу – таң)



**IV. Толғаныс.** «Ана – сарқылмайтын күш» тақырыбында ойтолғау жазу.

**V.** Сарша, тамыз, жабағы, күпі, іркіт, кез, қаптық, шанышқақтап, сауға, ну, жалбағай, оқыра, шекіп тастап, оқтаудай ойнап, қоңыр іңір, қақтаулы, тар құрсақ, тас емшек, меруерт жас, тұйғындай түйіліп, тайға теңдеп алып, қар қатын, құл бастатқан тоғыз, күң бастатқан тоғыз тәрізді бейтаныс сөздер мен сөз тіркестеріне жан-жақты түсінік беріп, мағынасына терең бойлату жұмысына көңіл бөлінеді.

**Қорытынды.**

**Бағалау.**

**Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**Қазақ тілі мен әдебиеті» –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.**

**Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы  
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 03.07.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4328.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау  
бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.**

**Басылатын жері** – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық  
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №7, 2012 ж., 144 бет, Алматы.